



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША АНАЛИТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА

«МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА»

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДОКЛАД ПО РЕЗУЛЬТАТАМ
СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Астана 2023



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
АНАЛИТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА

Астана, 2023

УДК 061 (574)
ББК 66.75 (5Қаз)
Қ18

«Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі, Астана, «Жастар» ҒЗО, 2023. – 132 бет.

Авторлар ұжымы: Ахантаева С.Ж., Кожобекова Д.А., Сулейменова М.Ж., Арғынбаева Ж.Ж.,
Альшанская А.А., Касимова Г.М.

ISBN 978-601-7857-63-9

Аналитикалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тапсырысы бойынша «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі нәтижелеріне негізделген.

Білім беру мен жұмыспен қамту саласы бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, үкіметтік емес ұйымдарға, кең қауымдастыққа, білім беру мен жастар саясаты саласы сарапшыларына, зерттеушілерге, осы тақырып бойынша жұмыс істеп жүрген мамандарға, барлық мүдделі тараптарға ұсынылады.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2023

УДК 061 (574)
ББК 66.75 (5Қаз)
ISBN 978-601-7857-63-9

МАЗМҰНЫ

I. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ.....	5
II. ЖАСТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖАППАЙ САУАЛНАМА	11
НӘТИЖЕЛЕРІ.....	
Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы	11
1. ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН БОС УАҚЫТЫ.....	11
Жастар денсаулығының жағдайы.....	11
Салауатты өмір салтына көзқарас	13
Дене тәрбиесі мен спортқа көзқарас	20
Жастардың бос уақыты	23
2. ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ОРНЫ	26
Білім беру жүйесіне қанағаттану	26
Мектептер.....	28
Колледждер.....	29
ЖОО-лар.....	30
Қосымша білім.....	31
Ғылыми әрекет.....	33
3. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	35
Жастардың әлеуметтік көңіл-күйі.....	35
Буллинг.....	42
Тұрғын үй жағдайы.....	48
Жастарды еңбекпен қамту мәселесі.....	50
Жұмыс іздеу тәсілдері.....	51
4. ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ КӨШ-ҚОН (МИГРАЦИЯЛЫҚ) ӘЛЕУЕТІ.....	53
Жастардың көш-қон көңіл-күйі	53
5. ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚ	
БАҒЫТТАРЫ	57
Жастардың құндылық	
бағдарлары.....	57
Тілдік орта	59
Діни наным-сенімдердің қалыптасуы	61
Қоғамдық пікір көшбасшылары	63
6. АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК	65
Жастардың қоғамдық-саяси көңіл-күйлері	65
Ақпарат көздері	67
Азаматтық және саяси ұйымдар жұмыстарына қатысу	70
Азаматтық белсенділік	71
Наразылық әлеуеті	72
Жастар құқығының сақталуы	77
Қауіпсіздік мәселелері	79
7. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ	
ТИІМДІЛІГІ	81
Мемлекеттік жастар саясатының тиімділігі мәселелері	81
Жастар бағдарламалары мен жобаларға тартылу	85

Қазақстандық жастар трендтері	90
Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға қанағаттану.....	94
III. САРАПШЫЛЫҚ САУАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ	97
1. Мемлекеттік жастар саясаты шараларының тиімділігін бағалау	97
2. Қазіргі жастардың құндылық бағыттары мен басымдықтары	103
3. Азаматтық және саяси белсенділік	106
4. Жастар мәдениеті: дарынның ашылуы үшін қолайлы жағдай жасау.....	108
5. Жастардың өз-өзін жүзеге асыруы: шектеулер мен мүмкіндіктер	109
6. Қазіргі жастардың еркіндікті түсінуі	112
7. Білім беру саласын жаңғырту	114
8. Жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі	117
9. Интернет кеңістігі: идеологиялық жұмыс	120
10. Жастар ортасын жетілдіру: сарапшылардың ұсынымдары	122
IV. ҚОРЫТЫНДЫЛАР.....	126
V. ҰСЫНЫМДАР.....	130

I. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бүгінгі күні Қазақстан өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. 2022 жылы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев негізгі тұғырлық құндылығы әлеуметтік әділдік болып белгіленген Жаңа Қазақстанды құру туралы бағытты жариялады. Бұл ретте мемлекеттік басқарудың жаңа моделін, мемлекет пен қоғам қатынасының жаңа формаларын қалыптастыруда жеке әлеуметтік топ ретінде жастардың алатын орны ерекше болмақ. «Жастар саясаты туралы» ҚР Заңына 2022 жылдың желтоқсан айында енгізілген өзгерістерге сәйкес жастардың жастық шегі 35 жасқа дейін ұлғайтылды, сондықтан жаңа дефиниция бойынша жастардың жалпы саны өткен жылдарға қарағанда едәуір өсті (2022 жылдың басында 14 пен 29 жасқа дейінгі адамдар саны елімізде 3 741 083 болды немесе жалпы тұрғындардың 30,8% -ын құрады). 2023 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша олардың саны 5,7 млн адамнан асты.

Жастарды жан-жақты қолдау Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекет тарапынан жастардың білім деңгейін, денсаулық деңгейін арттыруға, еңбекке орналастыру мен бос уақытын ұйымдастыруға және тұтастай алғанда жастардың өзін-өзі тануы мен өздерін көрсетуіне қатысты жүйелі шаралар жүргізіліп келеді. 2022 жылғы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі»¹ деген болатын. 2022 жылдың 26 қарашасында өткен ұлықтау рәсімінде (инаугурация) ол: «Шын мәнінде, бәріміз жастарымызды қолдауымыз керек. Өйткені өскелең ұрпақ қана елімізді жарқын болашаққа бастайды. Бірақ жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн»² деп атап өтті.

Жастарды дамыту бағытында мемлекет қолға алған шаралардың тиімділігін бағалау үшін осы санаттағы тұрғындардың әлеуметтік көңіл күйін жүйелі түрде бақылап, таразылап отыру қажет. Бұл зерттеудің өзектілігі мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру үшін жастардың негізгі мәселелері мен үрдістеріне, ерекшеліктеріне қатысты тұрақты сараптама жасап отырудың қажеттілігімен негізделеді. Жас қазақстандықтардың, сонымен бірге әлеуметтік институттар мен ұйымдар сарапшыларының жастар саясатына қатысты мемлекеттік бағдарламалар туралы ой-пікірлері мен бағалауларын жан-жақты зерттеу мемлекеттік жастар саясатын жүргізуде қолға алынған шаралардың тиімділігін сараптау үшін өте маңызды болып табылады.

Бағдарламаның әдіснамалық бөлімі

«Қазақстан жастары» әлеуметтік зерттеуі Қазақстан жастары дамуының ағымдағы жағдайын өмірдің түрлі аспектілері аясында зерттеу және мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру тиімділігін арттыруға қатысты ұсынымдар дайындау мақсатында жыл сайын жүргізіледі.

1 Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы народу «Әділетті Қазақстан. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>

2 Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kktokaeva-na-ceremonii-inauguracii-2610566>

Міндеттер:

- жастардың денсаулық жағдайы мен олардың бос уақытын өткізуді ұйымдастыру бойынша негізгі үрдістерді қарастыру;
- жастардың өмірге қанағаттану деңгейін анықтау және жастардың әлеуметтік көңіл күйін сипаттау;
- жас қазақстандықтардың қызығушылықтары мен құндылықтар бойынша бағыт-бағдарын зерттеу;
- жастардың еңбекпен қамтылуы бойынша өзекті мәселелерді сараптау;
- жастардың білім сапасына қанағаттану деңгейін анықтау
- жастардың қоғамдық-саяси көңіл күйлерін зерттеу;
- жастардың қоғамдық-саяси процестерге қатысу деңгейін анықтау;
- мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру тиімділігін арттыруға қатысты ұсынымдар дайындау.

Зерттеу пәні – Қазақстан жастарының денсаулық пен бос уақыт, білім мен ғылым, әлеуметтік-экономикалық жағдай, құндылық бағдарлар мен қызығушылықтар және қоғамдық-саяси процестерден тұратын өз өмірлерінің негізгі аспектілерін бағалауы.

Зерттеудің әдістемелік бөлігі

Зерттеуде ақпаратты жинау мен сараптаудың сандық және сапалық әдістері қолданылды: сауал әдісін қолдану арқылы жаппай сауалнама өткізу, респондентпен жеке сұхбаттасу әдісі, сонымен бірге сарапшылық сұхбат әдісі.

Ақпарат жинақтаудың негізгі әдісі ретінде 14 пен 35 жас аралығындағы жастармен «face-to-face» әдісін қоса жаппай сауалнама өткізу қолданылды, Бұл әдіс жастар ортасында қалыптасқан ахуал туралы барынша объективті ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Жаппай сауалнама іріктеу арқылы алынған және тұтастай алғанда әлеуметтік топ құрылымын білдіретін респонденттердің зерттеуге көптеп қатысуына мүмкіндік берді. Жүргізілген жаппай сауалнама нәтижесі бойынша дәлдіктің бір немесе екінші деңгейімен көпшіліктің тәртібі мен әрекеті туралы болжам құралды. Жаппай сауалнаманың басты міндет-мақсаты – адамдардың ой-пікірі, олардың әлеуметтік құбылыстарды бағалауы мен дәлелдері, феномендер мен қоғамдық, топтық және жеке сана хал-ахуалдары туралы ақпарат алу.

Сарапшылық сауал – сұрау жүргізудің бір түрі, оның барысында респонденттер ретінде белгілі бір саланың жоғары білікті мамандары алынды. Әдіс қаралған мәселені талдау мен шешу үрдісіне құзыретті мамандарды қатыстыруды көздейді.

Әлеуметтік зерттеулер практикасында сарапшылық сауал қарапайым респонденттермен жаппай сауалнама өткізу мүмкін болмаған және тиімді болмаған жағдайда, сонымен бірге қандай болмасын құбылыстың дамуын болжау үшін, жаппай сауалнаманың анықтық, дәлдік деңгейін бағалау үшін, зерттелетін мәселе туралы алдын ала ақпарат жинақтау үшін (зондаж) қолданылады.

Жоба бойынша іріктемелі жиынтықтың есебі, адам*

Облыс	Барлығы	Қала	Ауыл	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2 000	1243	757	1018	982
Абай	55	34	21	29	26
Ақмола	76	43	33	40	36
Ақтөбе	94	70	24	48	46
Алматы	149	23	126	77	72
Атырау	72	39	33	37	35
Батыс Қазақстан	67	38	29	35	32
Жамбыл	123	52	71	63	60
Жетісу	67	30	37	35	32
Қарағанды	111	90	21	57	54
Қостанай	80	49	31	42	38
Қызылорда	85	39	46	44	41
Маңғыстау	79	35	44	40	39
Павлодар	70	50	20	36	34
Солтүстік Қазақстан	49	24	25	25	24
Түркістан	222	53	169	116	106
Ұлытау	22	17	5	12	10
Шығыс Қазақстан	64	43	21	33	31
Астана қ.	151	151	0	73	78
Алматы қ.	233	233	0	112	121
Шымкент қ.	131	131	0	64	67

Іріктелгендердің саны тұтастай алғанда 2000 респондентті құрады. Әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу аумағы Қазақстан Республикасының бар аймақтарын, республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларын, 17 облыс орталығын, сонымен бірге ауылдық елді мекендерді қамтыды. Зерттеуде стратификацияланған квоталы көпсатылы іріктеу қолданылды. Алдымен облыстар мен қалалардағы тұрғындар санына қарай аймақтар бойынша іріктеу көлемі анықталды. Кейін әр аймақ бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемі, сондай-ақ гендерлік өлшем бойынша іріктеу көлемі есептелді.

Бұл зерттеуде бақылау бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

1. Облыстар бойынша іріктеу. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы 14 -тен 35 жасқа дейінгілерді қоса алғандағы тұрғындар санына қарай Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен елдің 17 облысы бойынша іріктеу көлемі анықталды.

2. Қала- ауыл қағидаты бойынша әр облыста қалалық және ауылдық іріктеу көлемі шығарылды. Барлық облыс орталықтары, қалалар мен ауылдық елді мекендер сауалмен қамтылды.

3. Қалалық, ауылдық елді мекендерде сауал өткізу орындарын іріктеу сол мекеннің картографиялық тізіміндегі шағынаудар мен көшелерді кездейсоқ қарапайым тәсілмен таңдау әдісімен жүргізілді.

4. Үй шаруашылықтарын іріктеу. Бастау нүктесінен маршрут бойынша «сол жақ қол» ережесімен қалада 5 еселенген қадаммен, ауылда 3 еселенген қадаммен үй шаруашылықтары іріктелді. Іріктеу бір үй шаруашылығында квота бойынша сәйкес келген 1 респонденттен ғана белсенді сұхбат алу қағидатымен жүргізілді. Бастау нүктесін таңдау еркін түрде.

5. Квотаға сәйкес респонденттерді іріктеу. Әрбір жеке үй шаруашылығында респонденттер екі белгісіне қарай, жасы мен жынысына қарай іріктелді. Бұл квотаға сәйкес сауалға қатысушының жасы сол кезде 14 жастан төмен, 35 жастан жоғары

болмауы керек, сонымен бірге жыныс бойынша репрезентативті өкілдік болуы керек (әр облыс, қала, ауыл бойынша сауалға қатысушы ерлер мен әйелдердің саны стратегиялық жоспарлау мен реформалар бойынша Агенттіктің Ұлттық статистика Бюросының деректеріне сай есептелді).

Іріктеме репрезентативті болды, яғни, бөлінген параметрлер бойынша респонденттер құрамы тұтас бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жуық. Сонымен бірге іріктеу жиынтығындағы орташа сипаттамалардың бас жиынтықтағы орташа сипаттамалардан ауытқуы $\pm 2,19\%$ -дан аспады.

Сарапшылық сұхбаттардың іріктелген жиынтығы берілген параметрлерге сәйкес 10 сарапшыны құрады: біліктілік, қызмет саласы (жастармен байланысты және зерттелуге тиісті салаларда – денсаулық сақтау, білім мен бос уақыт, жұмыспен қамту мен жұмысқа орналасу, мемлекеттік жастар саясаты т.б.).

Құралнама құрылымы

Бастапқы ақпаратты жинақтау үшін әлеуметтанулық зерттеу сауалнамасы қолданылды, ол - белгіленген қағидалар бойынша тұжырымдалған және өзара байланысты сұрақтардан құралған тираждалған құжат. Әлеуметтанулық сауалнаманың өзіндік ерекшелігі мен сипаты, көлемі, құрылымы, сұрақтарды құрастыру спецификасы тығыз байланысты және осы құрал пайдаланылатын сауал жүргізу типімен, сол сияқты зерттеу нысанының ерекшеліктерімен айқындалды. Респонденттермен сауал олардың таңдауына қарай екі тілде, қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Зерттеудің далалық кезеңі ақпараттарын жинақтауды аймақтық супервайзерлер жетекшілігімен арнайы дайындалған интервьюерлер жүзеге асырды.

Сарапшылық сұхбат зерттеу міндеттеріне сәйкес алдын ала дайындалған сценарий (гайд) бойынша жүргізілді.

Зерттеудің инструментарий құрылымы зерттеудің міндеттері мен бағдарламалық мақсаттарына сәйкес логикалық блоктарға бөлінген сұрақтар қатарынан құралды.

Сұхбат жүргізуде кейін декодтауды (расшифровка) жеңілдету мен деректерді талдау үшін аудиожазба жүргізілді. Қорытындылары бойынша аудиожазбаларды декодтау жүргізіліп, транскрипт құрастырылды.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңі қорытындылары бойынша интервьюерлер жұмысына бақылау жүргізілді (сауалнама толтырудың дұрыстығын 100% тексеру және 30% алаңды телефонмен бақылау), сол сияқты кодтау, деректерді енгізу мен жинақтау жүргізілді.

Бастапқы деректерді енгізу, сонымен бірге бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензияланған, орыс тіліне көшірілген SPSS компьютерлік бағдарламасы арқылы орындалды.

Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы әлеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) деректерді бір өлшемді талдау;
- 2) деректерді екі өлшемді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Әлеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері:

- 1 кезең. Әлеуметтанулық сауалнама жүргізуді дайындау.

Дайындалған бағдарлама құрылымын құрайтындар:

- Проблемалық ахуалды анықтау;
- таңдалған тақырып бойынша әдебиетке шолу;
- мақсат пен міндеттер қою;
- ұғым-түсініктің операциялизациялануы;
- божамдарды ұсыну;
- іріктеу жинақтауды жобалау.

Эмприкалық ақпарат жинақтау үшін инструментария (сауалнама) дайындау:

- сауалнаманы аудару;
- инструментарияны пилоттау.

2 кезең. Эмприкалық ақпарат жинақтау.

Сауалнама ұйымдастыру:

- интервьюерлерді таңдау, дайындау, инструктаж жасау;
- сауалнама өтетін учаскелерді бөлу;
- сауалнама бірліктерін іріктеу;
- сауалнама өткізу мен толтыру бойынша нұсқаулықтар тарату;
- сұхбаттар өткізу.

3 кезең. Әлеуметтанулық деректерді өңдеу, түсіндіру жұмыстары:

- статистикалық деректерді талдау мен өңдеу үшін бағдарламада макет әзірлеу (SPSS);
- сауалнамаларды кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау);
- сауалнамалық деректерді енгізу;
- алаңды бақылау;
- сызбалық есептер мен әлеуметтанулық-демографиялық параметрлер бойынша есептерді өңдеу және шығару;
- статистикалық талдаудың басқа да түрлерін қолдану.

4 кезең. Алынған деректерді талдау.

Бастапқы талдауды жүргізу:

- сауалнама нәтижесінде анықталған тәуелділіктерді тіркеу, бекіту;
- кестелерді шығару;
- диаграммаларды құру.

Деректерді қайта, екінші рет талдау:

- салыстырмалы талдау;
- қосымша ақпараттарды тарту;
- жаңа болжамдар мен ұсынымдар шығару;
- зерттеудің соңғы қорытынды есебін дайындау.

II. ЖАСТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖАППАЙ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Зерттеуге қатысқан жас азаматтар: 14-18 жастағылар (17,6%), 19-23 жас (34,9%) және 24-28 жас (31,7%), 29-34 жас (15,9%). Респонденттердің гендерлік құрамы 1010 ер азаматтарды (50,5%) және 990 әйелдерді (49,5%) құрады.

Жалпылай алғанда сауалға қатысушылардың 67,4%-ы қазақтар, 22,1%-ы орыстар және 10,6%-ы өзге этностар болды.

Жастардың басым бөлігі неке құрмаған (49,3%), 43,3%-ы тіркелген некеде, ал 4,4%-ы азаматтық некеде тұрып жатыр. Ширек бөлігіне жуық жастарда (18,9%) екі, үш баладан бар.

Жастардың 39,3%-ында жоғары білім бар, 20,9%-ы әлі ЖОО-да оқып жатыр, ал 13,1%-ында орта арнаулы кәсіптік-техникалық білім бар.

Жұмыс істемейтіндер саны 23,6%-ды құрады. Жұмыс істеп жүрген жастар арасында қызмет көрсету, сауда, мемлекеттік қызмет, ғылым, білім мен мәдениет саласы қызметкерлері көбірек болды.


1. ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН БОС УАҚЫТЫ

Жастар денсаулығының жағдайы

Өмір сүрудің барынша жоғары сапасы мен жеке аман-сау болуға қол жеткізуде өз денсаулығыңды сақтау мен қолдау, оның ішінде тұрақты медициналық қараулар, салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану, дене қозғалысы белсенділігі мен психологиялық жайлылық ерекше орын алады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес сұралғандардың 64,8%-ы өз денсаулығын жоғары деңгейде деп бағаласа, ширек бөлігі (26,5%) жақсы деп есептейді. 4,3% -ы қанағаттанарлық деп бағаласа, 3,1%-ы өз денсаулық жағдайларын нашар/өте нашар деп көрсетті.

№1 диаграмма. «Өз денсаулығыңыздың жай-күйін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1- өте нашар денсаулық, 5 – өте жақсы денсаулық» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас бойынша, пайызбен (%)



Респонденттер жауаптарында жасына қарай өзгеріс байқалады: кіші жас топтары (14-18 және 19-23 жас) өз денсаулық жағдайларын үлкен топтағы жастарға (14-28 және 29-34 жас) қарағанда оң бағалайды, оларда «өте жақсы» бағалары (70,7% және 69,6%) үлкен топтармен (58,8 % және 59,4%) салыстырғанда 10% -ға көп. (№1 диаграмма).

Респонденттер жауаптарында гендерлік табиғатына, аймақтық және әлеуметтік мәртебесіне қарай айтарлықтай өзгеріс, ерекшеліктер байқалған жоқ.

Денсаулық жайын барынша дәл анықтау үшін сауалнамаға «Сіздің жай-күйіңізге берілген қандай сипаттама сәйкес келеді?» анықтау сұрағы енгізілген болатын. Жауап ретінде жекелеген проблемалы аспектілер көрсетілді.

Сауалға сәйкес сұралғандардың 44,1%-ы көру қабілеті нашарлауына қатысты мәселе барын көрсетті. 29,2%-ы асқазан ішек жолында проблема бар десе, 9,2%-ы арқада (грыжа, протрузий, бел омыртқа қисаюы) мәселе барын айтып отыр. Созылмалы ауру белгілеріне байланысты дәрігерде есепте тұрған жастар үлесі 7.6% болды (№2 диаграмма).

№2 диаграмма. «Сіздің жай-күйіңізге берілген қандай сипаттама сәйкес келеді?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі, пайызбен (%)



Жасына қарай өзгеріс респондент жасы ұлғайған сайын денсаулығына қатысты проблемалық аспектілерді жиі байқайтынын көрсетті. Қала жастары денсаулыққа байланысты мәселе барлығын жиі атап отыр. Гендерлік жағынан артық салмақ пен көз нашарлауына қатысты мәселелерді қыздар жиі көрсетіп отыр.

Тұру аймағына қатысты корреляция (өзгеріс, түзетулер) респонденттер жауабының төмендегідей бөлінуін көрсетті: Осы мәселе бойынша жалпыреспубликалық көрсеткіштен жоғары болған аймақтар: Солтүстік Қазақстан (18,8%), Астана қ (11,3%), Маңғыстау (13,8%), Қостанай (17,7%) облыстары.

Көздің нашарлауына қатысты мәселе Ұлытау (72,7%), Қызылорда (58,8%) және Қостанай (53,2%) облыстарының жастары үшін барынша өзекті мәселе.

Арқа ауруына қатысты мәселе барын Абай (52,7%), Ақмола (14,7%), Ақтөбе (19,1%) және Маңғыстау (18,8%) облыстарында тұратын респонденттер көбірек көрсетті.

Асқазан-ішек жолдарында мәселе барын тиісінше Абай (38,2%), Ақмола (34,7%), Атырау (34,7%), Қостанай (35,4%) облыстары және Шымкент қ (34,1%) сауалға қатысушылары жиі атады.

Салауатты өмір салтына көзқарас

Сауалға қатысқан жастардың жартысынан астамы салауатты өмір салтын (әрі қарай – СӨС) ұстанады. Дегенмен ширек бөлігінен астамы (26,9%) салауатты өмір салтын ұстануға ниетті екенін, бірақ денсаулықты қолдау үшін әзірге нақты қадам жасамағандықтарын жеткізді. Ал 15,1% -ы бұны қажет деп есептемейді және салауатты өмір салтын ұстануға ниетті емес.

Салауатты өмір салтын ұстану көрсеткішінің респонденттер жасына қарай өзгеруін қарап көрейік (№3 диаграмма). Респонденттердің жас топтары кішірейген сайын салауатты өмір салтын ұстанатындар саны да артады (14-18 жас – 67,5% және 29-34 жас – 47,4%).

№3 диаграмма. «Сіз салауатты өмір салтын ұстанасыз ба?» сауалы бойынша жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, пайызбен (%)




Сауал нәтижелері негізінде жастардың салауатты өмір салтын ұстануына кедергі болып отырған үш негізгі мәселені бөліп көрсетуге болады:

1) Уақыттың жетіспеушілігі: сұралғандардың 38,7%-ы уақыт жетіспеушілігі мәселесі бар екендігін көрсетті.

2) Шаршау: сұралғандардың 20,8%-ы шаршауды салауатты өмір салтын ұстануына кедергі болып отырған фактор ретінде атады.

3) Спортпен тұрақты айналысуға мотивацияның болмауы: сұралғандардың 17,1% -ы мотивацияның жоқтығы басты мәселе деп көрсетті (№4 диаграмма).

№4 диаграмма. «Салауатты өмір салтын ұстануға Сізге не кедергі?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі, пайызбен (%)



Гендерлік жағынан алғанда жас ер азаматтар мотивацияның жоқтығы мен уақыт жетіспеушілігін, қыздар тиісінше еріншектік пен спорт нысандары жоқтығын көбірек сезінеді (№5 диаграмма).

№5 диаграмма. «Салауатты өмір салтын ұстануға Сізге не кедергі?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі, гендерлік жағынан, пайызбен (%)



«Егер Сіз №5 сұрақта жоғарыда айтылғандардың кез келгенін бастан өткерсеңіз (немесе бастан өткерсеңіз), жағдайыңызды жақсарту үшін не істер едіңіз?» сұрағына сауалнамаға қатысқандардың 41,9% - ы өздерінің жағдайын

жақсарту үшін интернеттен ақпарат іздеуді таңдайтынын айтты. 43,5% - ы жақын адамдармен сырласуды, әңгімелесуді салауатты өмір салты деп ұғатындықтарын жеткізді. Бұл әлеуметтік көмек пен орта ықпалының маңыздылығын білдіреді. Сауалнамаға қатысқандардың 17,3% - ы өз жағдайын жақсарту үшін салауатты өмір салтын ұстануды жөн көреді. Сонымен бірге сұралғандардың бір бөлігі мамандар көмегіне жүгінетіндіктерін атап кеткен жөн: 14% - ы психотерапевтке жүгінсе, 9,2% - ы психологиялық көмек қызметіне телефон шалады, ал 6,7% - ы көмектің басқа да түрлерін іздейді.


Денсаулығын жақсарту үшін жас тобы (14-18 жас) интернеттен ақпарат іздеуді жөн көреді (58,7%), ал басқа топ үшін (29-34 жас) бұл көрсеткіш тек 23,2%-ды құрайды. 14-18 жас және 29-34 жас аралығындағы топтар өздерінің жағдайын жақсарту үшін спортпен шұғылдануды және дұрыс тамақтануды қамтитын салауатты өмір салтын (тиісінше 19,7% және 23,2%) таңдайды. 29-34 жас аралығындағы жастар басқа жас топтарына қарағанда (19,1%) психотерапевтке баруды жөн көреді. Сондай-ақ, кіші жас тобы (14-18 жас) психотерапевтке жүгінуге бейім (15,6%). Егде жастағы топта (24-28 жас) және орта жастағы топта (19-23 жас) көрсеткіштер төмен (11% және 14%) (№6 диаграмма).

№6 диаграмма. «Егер Сіз №6 сұрақта жоғарыда айтылғандардың кез келгенін бастан өткерсеңіз (немесе бастан өткерсеңіз), жағдайыңызды жақсарту үшін не істер едіңіз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі, жас бойынша, пайызбен (%)



Сауал нәтижесі қатысушылар арасында көп уақытты компьютер ойындарына бөлу, ұйқыға кеш жату және әлеуметтік желілерді жиі пайдалану барынша кеңінен таралып отырғандығын көрсетті (№7 диаграмма).

№7 диаграмма. «Өзіңізге мейлінше тән ҮШ зиянды әдетіңізді көрсетіңіз?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі, пайызбен (%), 2023 жж.



* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

Жас тұрғысынан алғанда кіші жас тобы (14-18 жас) респонденттері өзге жас топтарымен салыстырғанда әлеуметтік желілер мен компьютер ойындарына көп уақыт бөлетінін және қозғалыссыз (отыру) өмір салтын ұстанатындықтарын атап кетуге болады. Сонымен бірге осы топ респонденттері алкогольді шектен тыс пайдалану мәселесін де көбірек атады. 19-23 жас аралығындағы жастар өзгелермен салыстырғанда таза емес тамақ өнімдерін көбірек пайдаланады және ұйқы мәселесімен қиналады. 24-28 жастағы респонденттер үшін электронды темекі, вейп пайдалану мәселесі өзекті. 29-34 жас тобы үшін қозғалыссыз (отыру) өмір салты, электронды темекі, вейп, сонымен бірге есірткі пайдалану мәселесі көкейкесті болып отыр.


№1 кесте. «Өзіңізге мейлінше тән ҮШ зиянды әдетіңізді көрсетіңіз?» сауалына жас топтары тұрғысынан жауаптардың бөлінуі, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Өте көп уақытымды компьютер ойындары алады	50,1%	41,8%	30,5%	40,6%
Қозғалыссыз (отыру) өмір салтын ұстанамын.	21,7%	14,9%	18,2%	20,1%
Аптасына екіден көп рет алкоголь тұтынамын.	19,1%	6,2%	6%	11%
Темекі шегемін, электронды темекі немесе вейп пайдаланамын.	10,3%	10,6%	19,6%	21,1%
Өте көп уақытымды әлеуметтік желілерде өткіземін	27,4%	27,2%	24,5%	21,4%
Таза емес тамақ өнімдерін (фастфуд, жартылай фабрикаттар т.б) жиі тұтынамын	18,8%	27,5%	23,4%	19,8%
24.00-ден кейін ғана ұйқыға жатамын немесе ұйқым тәулігіне 6 сағаттан кем.	38,5%	51,4%	21,8%	36,5%
Есірткі пайдаланамын, соның ішінде марихуана, кокаин, LSD	4%	3,2%	3,9%	7,9%
Насыбай тартамын (снюс, табак өнім түрлері)	6%	1%	3,5%	3,8%
Құмар ойындар ойнаймын (ставкалар т.б).	0%	3,7%	3%	4,7%
Синтетикалық есірткі пайдаланамын	2,3%	,6%	4,4%	1,3%
Жауап беруден бас тарту	,3%	,4%	,9%	3,1%

«Темекі шегемін, электронды темекі немесе вейп пайдаланамын» жауабын таңдау ауылдық жерлерде көбірек таңдалғанын атап өткен жөн (ауылдық жердегі респонденттер- 18%, қалалар бойынша 13,2%).

Қала жастары зиянды дағдылар ішінен «24.00-ден кейін ғана ұйқыға жатамын немесе ұйқым тәулігіне 6 сағаттан кем» жауабын көбірек көрсетті (39 %), ал ауылдық жастарда бұл көрсеткіш 34,7% (№8 диаграмма).

№8 диаграмма. «Өзіңізге мейлінше тән ҮШ зиянды әдетіңізді көрсетіңіз?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі, елді мекен типі тұрғысынан, пайызбен (%)



Жастардың салауатты өмір салтына көзқарасы өте маңызды мәселе, сонымен бірге денсаулықты тиісті деңгейде ұстауға ұмтылудың да маңыздылығы кем емес. Жастар өз денсаулығына қалай, қашан және қай уақытта көңіл бөледі?

Денсаулықты қолдаудың жастар арасындағы ең көп тараған амалы³: салауатты өмір салты бойынша Интернет ақпаратын пайдалану (35,1%), тамақтануға мұқият көңіл бөлу (31,8%), таза ауада серуендеу (21,3%), дәрігерлерде жүйелі тексерістен өтіп тұру (30,6%), дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу (29,2%), ұйқы тәртібін сақтау (23,1%), дер кезінде дәрігерге қаралу (27,2%) (№9 диаграмма).

Респонденттердің жасына қарай корреляция жасау кіші жас тобы (14-18 жас) жастары жүйелі түрде дәрігерге қаралатынын және дене шынықтыру жаттығуларымен айналысатынын көрсетті.

Өз кезегінде үлкен жас тобы (29-34 жас) жастары өз тамақтануына мұқият қарайды (42,5%), таза ауада серуендейді (28,6%). Бұл тұрғыдан орта жас тобы (24-28 жас) жастары осалдау көрінеді. Өз жас ерекшелігі және әлеуметтік мәртебесіне байланысты олар тек кейбір жағдайда ғана денсаулықты қолдау шараларын қолға алады.

³ «Әрдайым» жауап нұсқасы

№9 диаграмма. «Денсаулығыңызды қолдау үшін Сіз төмендегі әрекеттердің қайсысын қолданасыз?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі, (жауап нұсқасы «әрдайым»), пайызбен (%)



Денсаулық жағдайын қолдауға қатысты жастардың мінез-құлықтық тәжірибесі тұтастай алғанда адам өмірі сапасына ықпал етіп, оның көңіл-күйіне теріс әсерін тигізетін белгілі бір жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Респонденттер көңіл-күйіне ретроспективті талдау «Төменде көрсетілген ахуалдардың қайсысы өткен жылы Сіздің өміріңізде болды?» сауалына жауап алу арқылы жасалды.

Сұралғандардың 21,3% -ы қорқынышты бастан кешіргенін айтса, 20,6%-ы депрессия болғанын жеткізді. 13,7% -ы ұйқысыздық, ұйқы бұзылуы болғанын, 13,2% -ы үрей, мазасыздық болғанын жеткізді. 10,8% сұралғандар стресті, 10,6% -ы апатияны бөліп көрсетті. Ал сауалға қатысушылардың 19,3% - ы өткен жылы көрсетілген ахуалдардың ешқайсысы өз өмірлерінде болмағанын жеткізді. (№10 диаграмма).

№10 диаграмма. «Төменде көрсетілген ахуалдардың қайсысы өткен жылы Сіздің өміріңізде болды?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (жауаптардың кез-келген саны), пайызбен (%)



Гендерлік специфика №11 диаграммада берілген, мұнда белгілі бір жағдайлардың болғаны туралы қыздар көбірек жеткізгені көрініп тұр.

№11 диаграмма. «Төменде көрсетілген ахуалдардың қайсысы өткен жылы Сіздің өміріңізде болды?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (жауаптардың кез-келген саны), гендер бойынша, пайызбен (%)




Дене тәрбиесі мен спортқа көзқарас

Дене қозғалысының белсенді болуы салауатты өмір салты мен жоғары сапалы өмірдің маңызды бір бөлігі болып табылады. Бұл әсіресе жастар үшін маңызды, өйткені толық өсіп-жетілу үшін оларға жүйелі түрде дене тәрбиесімен, спортпен шұғылдану керек. Сауал көрсеткендей, сұралған жастардың 49,8%-ы дене тәрбиесімен, спортпен жүйелі түрде шұғылданады. 28,4% - ы дене тәрбиесімен, спортпен айналысуға кей-кейде ғана уақыт тапса, 11,6%-ының айналысуы өте сирек, ал сұралған жастардың 6%-ы спортпен, дене тәрбиесімен ешқашан айналыспаған (№12 диаграмма).

Жауаптарға жасалған талдау ауылға қарағанда қала жастарының спортпен жүйелі түрде айналысатынын көрсетті. Ал ауыл жастары болса, спортпен кей-кейде ғана айналысады.


№12 диаграмма. «Сіз дене шынықтырумен, спортпен шұғылданасыз ба, әлде жоқ па?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (бір жауап), елді мекен типіне қарай, пайызбен (%)



Респонденттер жауаптарының жас ерекшеліктеріне қарай бөлінуі түсінікті жәйт: 14-18 жас тобында жастардың 84,3%-дан астамы спортпен шұғылданады, 19-23 жас тобында 80,1%, 24-28 жас тобында 74,4%, 29-34 жас тобында 74,6% жастар спортпен шұғылданады. Бұл арада кіші жас тобындағы жоғары көрсеткішті бір жағынан, мектептегі дене тәрбиесі сабақтарымен, екінші жағынан, өскелең ұрпақтың денсаулыққа деген белгілі трендтерімен түсіндіруге болатын шығар.


Спорт – жеке тұлғаның дамуына белсенді ықпал ететін іс-әрекет түрлерінің бірі. Ер азаматтар үшін дәстүрлі әлеуметтену процесі олардың әйелдермен салыстырғанда спортпен айналысуына көбірек жол ашады. Зерттеу спортпен айналысудың гендерлік спецификасы бар екенін дәлелдеп тұр. Жас бозбалалар қыздарға қарағанда спортпен жүйелі түрде жиі айналысады (айырмашылық 10%-дан астам, 55,3% - ға қарсы 44,5%) (№13 диаграмма).

№13 диаграмма. «Сіз дене шынықтырумен, спортпен шұғылданасыз ба, әлде жоқ па?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (бір жауап), гендер бойынша, пайызбен (%)



Респонденттер жауабы көрсеткендей, жастардың үштен бірінен көбі (36,1%) спорт кешендеріне, 25,5%-ы фитнес-клубтарға барып жүр, ал 24%-ы спортпен үйде айналысады, сұралған жастардың 16,9%-ы спортпен айналыспайды (№14 диаграмма).

№14 диаграмма. «Сіз қай жерлерде спортпен шұғылданасыз немесе шұғылданғыңыз келеді?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (үш жауаптан көп емес) пайызбен (%)



* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

Респонденттердің таңдау басымдығы олардың жас ерекшеліктеріне байланысты: кіші жас тобы спортпен айналысудың материалдық жағынан шығыны аз формаларын таңдады: спорт кешені - 44,7% (салыстыру үшін, 24-28 жас тобы - 30,5%) және үй ауласында (13,4%).

«Фитнес-клуб» жауабы нұсқаларында тең жауаптар: қалада – 26,2%, ауылдық жерлерде – 24,3%. Бұл ауылдық жерде спортпен айналысу формасы негізінен дәстүрлі деген пікірдің біржақты екендігін көрсетеді.

Алдында атап өтілгендей, жастардың 17,6% - ы спортпен айналыспайды немесе өте сирек айналысады. Бұны немен түсіндіреміз? Жастардың дене тәрбиесімен, спортпен шұғылданғысы келмеуіне не ықпал етіп отыр?

Сауал нәтижелері көрсеткендей, респонденттер пікірі бойынша, ең басты кедергі келтіруші фактор – спорт кешендері мен фитнесклуб абонементтерінің жоғары бағасы (40,8%), жастардың ширек бөлігінен астамы (26,8%) жаттығулар, сабақтар өткізу мен ұйымдастыр сапасының төмендігін атаса, 20,9%-ы мотивацияның болмауын алға тартты.

№2 кесте. «Сіздің ойыңызша әлі спортпен, дене шынықтырумен шұғылдануды бастамаған жастар үшін, ең алдымен не кедергі болып отыр?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (үш жауаптан көп емес) пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	14-18	19-23	24-28	29-34
Спорт кешендеріне, фитнес-клубтарға абонементтердің жоғары құны	49,5	46,0	33,6	35,2
Спортпен айналысу беделді іс-әрекет емес	4,8	8,4	8,3	9,9
Жауап беруге қиналамын	3,8	6,9	8,5	5,9
Жалқаулық, апатия	6,1	6,4	5,9	5,6
Сүйікті спорт түрі, жаттығу жүйесі қолжетімді сабақтардың жоқтығы	7,5	2,4	5,4	4,6
Қолайсыз сабақ кестесі	1,7	8,0	5,9	6,9
Дене шынықтыру сабақтары мен жаттығуларды ұйымдастыру мен өткізу сапасының төмендігі	34,8	24,4	22,7	31,9
Спорт базасының болмауы немесе қолайсыз орында орналасуы	10,9	12,1	16,5	6,6
Мотивацияның, ынтаның болмауы	21,5	17,4	22,4	24,7
Бос уақыттың болмауы	8,5	7,2	7,5	18,4
Тиісті инфрақұрылымның болмауы	4,8	3,4	2,3	7,6
Денсаулығының нашарлығы	4,8	10,8	16,3	11,8
Жауап беруге қиналамын	3,8	6,9	8,5	5,9

* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

Жастардың спортпен шұғылданғысы келмеуінің негізгі себептері респонденттердің жасына қарай бөлінеді. 14-18 жас аралығындағы жастар үшін басты себеп ретінде дене тәрбиесі сабақтарының қолжетімсіздігі, фитнес-клуб абонементтердің жоғары құны, сол сияқты сабақтар мен жаттығуларды ұйымдастыру мен өткізу сапасының төмендігі жиі аталды. 24-28 жас тобы жастары басқалардан гөрі спорт базасының болмауы немесе қолайсыз орында орналасуы мен денсаулық жағдайының нашарлығын көбірек көрсетті. Ал үлкен жас тобы бос уақыттың және мотивацияның болмауын бөліп көрсетті (№2 кесте).

Аймақтар бойынша қалыптасқан ахуал

- баға құнының жоғары болу мәселесін Солтүстік Қазақстан (74,4%), Шығыс Қазақстан (66,7%), Павлодар (65,2%) облыстары респонденттері көрсетті;

- сабақтар мен жаттығуларды ұйымдастыру мен өткізу сапасының төмендігіне Абай (88,2%), Ақтөбе (36,7%) облыстарында көңіл бөлу қажет;

- спорт базасының болмауы немесе қолайсыз орында орналасуын Батыс Қазақстан (16,4%), Маңғыстау (16%) облыстарының және Астана қаласы (16,2%) респонденттері атады.

Жастардың бос уақыты


Бос уақыт бүгінгі күні адамның, әсіресе жастардың өмір сүру сапасы мен өмірлік стандарттарын айқындайтын елеулі сапалық өлшеуіш болып табылады. Бос уақыт пен демалыс адамның өз-өзін дамытуы мен өз-өзін жүзеге асыруына ықпал етеді. Олар жаңа дағдыларды меңгеруге, дүниетанымды кеңейтуге, шығармашылық әлеуетті дамытуға, өз бейімділігі мен қабілетін ашуға мүмкіндік береді.

Жастардың бос уақыттарын өткізуде қалыптасқан нақты жағдай қандай? Олардың бұл бағыттағы күнделікті тәжірибелері қаншалықты бөлінген (дифференцияланған)?

Жастардың бос уақыттарын еркін өткізуіне қатысты талдау олардың жобаланған іс-әрекеттерге қатысты уақыт өткізуін бағалауы бойынша жүргізілді.

Зерттеу жастардың 74,3%-ы белгілі бір көлемде әлеуметтік желілерді пайдаланатынын көрсетті, бұл әрекет түрлері бойынша ең жоғары көрсеткіш. Таралуы мен танымалдылығы бойынша келесі орында интернетте видео мен фильмдер қарау тұр, жастардың 63,6%-ы жүйелі түрде бұл әрекетпен шұғылданады. Үшінші орында кинотеатрға бару тұр, көрсеткіш - 58,2% (№15 диаграмма).

№15 диаграмма. «Сіз қаншалықты жиі...?» (әр жолға бір жауап) сауалына берілген жауаптардың бөлінуі, пайызбен (%)



Сол сияқты ақылы оқу курстарынан, онлайн-курстардан өту, интернетте білім алу жастар ортасында көп қызығушылық тудырып отырған жоқ, олардың 10,7% және 42,6% -ы ғана осы оқу шараларына қатысатынын атады.

№3 кестеде келтірілген жауаптар бізге бос уақытты өткізу үшін қандай бейне өнімдерді (фильмдер, сериалдар) ұнататынын көрсетеді. ТОП-3 қызығушылықтарға Netflix, HBO және басқалардың өндірісінен шыққан фильмдер мен сериалдар (37,8%), оңтүстіккореялық дорамалар (22,4%) және түрік сериалдары (22,1%) жатады.

№3 кесте. «Сіздің ойыңызша қазіргі мәдениеттің қай бағыттары жастардың қызығушылықтарын тудырады?» (бес жауаптан көп емес), жас топтары тұрғысынан, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Netflix, HBO және басқалардың өндірісінен шыққан фильмдер мен сериалдар	48,4	35	43,1	21,4
Оңтүстіккореялық дорамалар	25,9	25,6	18,3	19,5
Азиялық кино	15,4	15,5	14,2	29,9
Жапондық аниме, манга және т.б..	15,7	14,8	16,9	17,3
Түрік сериалдары	21,4	19,8	27,5	17,3
Marvell сериалдары мен комикстері	19,7	14,5	14,1	13,2
Ресейлік сериалдар, фильмдер мен бағдарламалар	5,7	11,7	11,5	12,9
Қазақстандық сериалдар, фильмдер мен бағдарламалар	6,8	11,5	13	18,9
Фильмдер мен сериалдар қарауды ұнатпаймын	18,5	9,7	8,4	10,4
Жауап беруге қиналамын	0,6	0,9	2,1	4,7

Респонденттердің жас ерекшелігіне қарай жауаптардың бөлінуі анық байқалып тұр.

Кіші жас тобы (14-18 жас) Netflix, HBO және басқалардың өндірісінен шыққан фильмдер мен сериалдарды (48,4%), Marvell сериалдары мен комикстерін (19,7%), оңтүстіккореялық драмаларды (25,9%) жиі қарайды.

Үлкен жас тобы (29-34 жас) болса, Қазақстандық сериалдар, фильмдер мен бағдарламаларға (18,9%), азиялық кино, сериалдарға (29,6%) басымдық берді.


2. ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ОРНЫ

Білім беру жүйесіне қанағаттану

Білім жүйесі - өте маңызды әлеуметтік институт, ол адамның, әсіресе оның жас кезінде әлеуметтену процесіне тікелей ықпал етеді. Осы тұрғыдан *жастардың білім беру жүйесіне қанағаттануының* мән-маңызы ерекше.

Зерттеу нәтижелері жастардың алып отырған білім жүйесіне қанағаттану деңгейі 73,0% болғанын көрсетті, бұл өткен жылғы көрсеткіштен сәл төмен (79,3% - 2022 жыл)⁴ (№16 диаграмма).

№16 диаграмма. «Алып жатырған немесе алған біліміңіздің сапасына Сіз қанағаттанасыз ба?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (бір жауап), пайызбен (%)



Сонымен бірге, жас топтары тұрғысынан білім жүйесіне қанағаттанудың ең төменгі деңгейін 29-34 жас аралығындағы жастар тобы көрсетті (65,1%). Салыстырсақ, 14-18 жас тобы жастарының 77,2%-ы білімге қанағаттанатындықтарын білдірді.

Оқу деңгейіне қарай респонденттер жауаптарының бөлінуі өзгелермен салыстырғанда кәсіби-техникалық білім алушыларда қанағаттанбау деңгейі жоғары (30,6%) екенін көрсетті (№17 диаграмма).

⁴ «Толық қанағаттанамын» және «қанағаттанамын деуге болады» жауаптарының қосындысы

№17 диаграмма. «Алып жатырған немесе алған біліміңіздің сапасына Сіз қанағаттанасыз ба?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (бір жауап), оқу деңгейіне қарай, пайызбен (%)



Жауаптарға аймақтық тұрғыдан талдау жасау төмендегі қарама-қарсы топтарды анықтауға мүмкіндік берді:

1) *Білім сапасына қанағаттанудың жоғары деңгейі байқалған аймақтар:* Абай (100%), Ұлытау (100%), Ақтөбе (80,8%), Алматы (82,4%), Маңғыстау (81,3%) облыстары;

2) *Білім сапасына қанағаттанудың төмен деңгейі байқалған аймақтар:* Батыс Қазақстан (68,7%), Қарағанды (66,4%), Қостанай (62,1%), Шығыс Қазақстан (61,9%) және Павлодар (60,0%) облыстары.


Қалған аймақтар бойынша тұрғындардың білім сапасына қанағаттануы республика бойынша орташа деңгей шамасында.

Зерттеу нәтижелері қазақ ұлты өкілдерінде білім сапасына қанағаттану деңгейі (77,4%) орыс ұлты өкілдері көрсеткішіне (54,0%) қарағанда жоғары екенін көрсетті.

Мектептер

Қазақстандық білім беру жүйесі аспектілерін бағалаған респонденттер ұлттық бірыңғай тест жүйесіне (ҰБТ) (76,2%), мектептердің санитарлық жағдайына (75,1%) және мектептегі интернет қолжетімділігіне (73,2%) оң бағаны көбірек берді («өте жақсы», «жақсы» жауаптары жиынтығы). Төмен бағаланған мектептегі білім аспектілері қатарында мектеп оқулықтарының сапасы (64,9%), қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары сапасы (66,1%), мектептегі оқу кабинеттерінің техникалық жабдықталуы (66,6%) болды (№18 диаграмма).

№18 диаграмма. «Қазақстандық білім беру жүйесінің түрлі аспектілерін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1- өте нашар, 5 – өте жақсы» сауалы жауаптарының бөлінуі, пайызбен (%)



Мектептегі білім берудің түрлі аспектілерін сапа шкаласы бойынша қарастырайық⁵.

Респонденттер бағалауы бойынша мектептегі білім аспектілерінің рейтингі №4 кестеде берілген.

№4 кесте. Мектептегі білім сапасы шкаласы (респонденттер бағасы бойынша)⁶

Жауап нұсқалары	%
Мектептегі интернетке қолжетімділігі	81,76
Ұлттық бірыңғай тест жүйесі (ҰБТ)	80,13
Қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары сапасы	78,7
Мектеп оқулықтарының сапасы	78,68
Мектептердің санитарлық жағдайы	78,36
Мектептердегі бағалаудың жаңа жүйесі (БЖБ, ТЖБ)	77,77
Мектептегі оқу кабинеттерінің техникалық жабдықталуы	77,76
Мұғалімдердің этикасы, мәдениеті	77,64
Мектеп мұғалімдерінің біліктілігі	76,91

Сандық деректерді есептеу мектептегі білім берудің барлық аспектілерін респонденттер жалпы алғанда 4-ке (жақсы) бағалап отырғанын көрсетті. Соның

⁵ Есеп орта мағына формуласымен жүргізілді: $(A1*1+A2*2+A3*3+A4*4+A5*5)/5$, бұл жерде А - жолдар бойынша (білім аспектілері) - респонденттер таңдауы, 1-ден 5-ке дейінгі - шкала, 1-өте нашар, 5- өте жақсы. Жауап беруге қиын жауабының мәні есептелмейді.

⁶ Сапа шкаласы: 81-100 - өте жақсы, 61-80-жақсы, 41-60-қанағаттанарлық, 21-40- қанағаттанарлықсыз, 0-20 - өте нашар.

ішінде ең жоғары бағалар (80%-дан жоғары көрсеткіш) екі позиция бойынша қойылған: мектептегі интернетке қолжетімділігі және ұлттық бірыңғай тест жүйесі (ҰБТ). Қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары сапасы, мектеп оқулықтарының сапасы, мектептердің санитарлық жағдайы, мектептердегі бағалаудың жаңа жүйесі (БЖБ, ТЖБ), мектептегі оқу кабинеттерінің техникалық жабдықталуы, мектеп мұғалімдерінің біліктілігі мен мұғалімдердің этикасы – бағалаудың екінші блогінде (65-70 пункт) тұр.

Колледждер

Кабинеттердің техникалық жабдықталуын респонденттер колледждерге қатысты да жоғары бағалады, сұралғандардың 95,1%-ы оған оң баға берді («өте жақсы», «жақсы» жауаптары жиынтығы). Сонымен бірге шәкіртақы көлемі (86,6%) мен интернет қолжетімділігі (86,7%) де жоғары бағаланды. Респонденттер пікірінше, колледждерде оқытуға қатысты ең түйткіл проблема оқытушылар біліктілігі (81,0%) болып тұр (№5 кесте).

№5 кесте. «Қазақстандық білім беру жүйесінің түрлі аспектілерін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1- өте нашар, 5 – өте жақсы» сауалы жауаптарының бөлінуі, колледж бойынша, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	Өте нашар	2	3	4	Өте жақсы	Жауап беруге қиналамын
Колледж мұғалімдерінің біліктілігі	6,7	2,4	5,4	71	10	4,6
Колледж білім алушыларының шәкіртақы мөлшері	1,1	2,8	7,8	75,9	10,8	1,8
Колледждердегі кабинеттердің техникалық жабдықталуы	1	0	2,2	94	1,1	1,8
Бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі	4,5	3,4	7	74,9	8,6	1,8
Колледжердегі интернет қолжетімділігі	1,7	1,7	6,2	79,2	9,5	1,8

Кәсіптік-техникалық білім берудің (колледж деңгейінде) түрлі аспектілерін сапа шкаласы бойынша қарастырсақ⁷.

Респонденттер бағалауы бойынша кәсіптік-техникалық білім аспектілерінің рейтингі №6 кестеде берілген.

⁷ Есеп орта мағына формуласымен жүргізілді: $(A1*1+A2*2+A3*3+A4*4+A5*5)/5$, бұл жерде А - жолдар бойынша (білім аспектілері) - респонденттер таңдауы, 1-ден 5-ке дейінгі - шкала, 1-өте нашар, 5- өте жақсы. Жауап беруге қиналамын жауабының мәні есептелмейді.

№6 кесте. Кәсіптік-техникалық білім беру сапасының шкаласы (респонденттер бағалауы бойынша)⁸

Жауап нұсқалары	%
Колледждердегі кабинеттердің техникалық жабдықталуы	77,79
Интернет қолжетімділігі	77,55
Колледж оқушылары шәкіртақыларының көлемі	77,42
Кабинеттердің техникалық жабдықталуы	76,62
Мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі	74,84

Алынған дерек есебі мектептегі біліммен салыстырғанда кәсіби-техникалық білім бойынша білім сапасы бағалары төмендігін көрсетті, сапа шкаласымен «қанағаттанарлық» деңгейінде. Соның ішінде мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі ең төмен деңгейде (74,84%).

ЖОО-лар

Респонденттер пікірінше ЖОО жүйесіндегі ең өткір мәселе - оқуға төленетін ақы деңгейі (78,9% - «өте жақсы», «жақсы» жауаптары жиынтығы). Жоғары білім аспектілерінің ішінде оң бағаланғандар ішінде шәкіртақы көлемі (87,9%) бар (№7 кесте).

№7 кесте. «Қазақстандық білім беру жүйесінің түрлі аспектілерін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1- өте нашар, 5 – өте жақсы» сауалы жауаптарының бөлінуі, ЖОО бойынша, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	Өте нашар	2	3	4	Өте жақсы	Жауап беруге қиналамын
Кабинеттердің техникалық жабдықталуы	2	1	2,1	93	0	1,8
Мемлекеттік білім беру гранттарының саны және бөлінуі	6,2	4,1	5,7	32,7	50,1	1,4
Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар	1,6	2,5	8,3	35,7	50,7	1,4
Бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі	6,2	4,2	5	34,5	48,9	1,4
ЖОО оқытушыларының біліктілігі	2,9	3,6	4,3	36,4	51,5	1,4
Студенттер шәкіртақысының көлемі	2,9	4,2	8,7	33,5	49,5	1,4
Оқу төлемақысының құны	3,3	4,3	12,3	34,4	44,5	1,4

Жоғары білім берудің түрлі аспектілерін сапа шкаласымен қарастырсақ⁹.

Респонденттер бағалауы бойынша кәсіптік-техникалық білім аспектілерінің рейтингі №8 кестеде берілген.

⁸ Сапа шкаласы: 81-100 - өте жақсы, 61-80-жақсы, 41-60-қанағаттанарлық, 21-40- қанағаттанарлықсыз, 0-20 - өте нашар

⁹ Есеп орта мағына формуласымен жүргізілді: $(A1*1+A2*2+A3*3+A4*4+A5*5)/5$, бұл жерде А - жолдар бойынша (білім аспектілері) - респонденттер таңдауы, 1-ден 5-ке дейінгі - шкала, 1-өте нашар, 5- өте жақсы. Жауап беруге қиналамын жауабының мәні есептелмейді.

№8 кесте. Жоғары білім сапа шкаласы (респонденттер бағасы)¹⁰

Жауап нұсқалары	%
Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар	85,5
ЖОО оқытушыларының біліктілігі	85,19
Студенттер шәкіртақысының көлемі	83,71
Мемлекеттік білім беру гранттарының саны және бөлінуі	82,46
Мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі	82,33
Оқу төлемақысының құны	81,71

Сандық деректер ЖОО білім беру аспектілеріне респонденттер негізінен 5 (өте жақсы) бағасын қойғанын көрсетті. Соның ішінде ең жоғары бағалар (80%-дан жоғары көрсеткіш) екі позиция бойынша қойылған: білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен ЖОО оқытушыларының біліктілігі. Бағалаудың екінші блогінде (83-82 пункт): студенттер шәкіртақысының көлемі, білім беру гранттарының саны және бөлінуі, мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі, оқу төлемақысының құны.


Қосымша білім

Қазіргі қоғам орасан зор әлеуметтік динамикасымен ерекшеленеді және жастардан соған сай білімді талап етеді. «Өмір бойына оқу» мен «формальды емес білім алуды» негізге ала отырып, білім жүйесіне көзқарасты жаңарту қажеттігін түсіну бүгінде әлемдік трендтердің біріне айналды. *Қазақстандық жастар осы әлемдік трендті және қосымша білім алуды қаншалықты қолдайды? Олар қосымша білім алумен (өзіндік білім алумен, онлайн-курстар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстары) шұғылдана ма?*

Зерттеу сауалға қатысқан жастардың 56,1%-ы қосымша оқумен айналысатынын көрсетті. Қосымша білім алу қажеттілігі жастардың үлкен жас топтарында жоғары (14-18 жас - 51,6%, 19-23 жас - 59,6%, 24-28 жас - 49,6%, 29-34 жас - 66,4% (№19 диаграмма).

¹⁰ Сапа шкаласы: 81-100 - өте жақсы, 61-80-жақсы, 41-60-қанағаттанарлық, 21-40- қанағаттанарлықсыз, 0-20 - өте нашар.

№19 диаграмма. «Сіз қосымша білім берумен (өздігінен білім алу, онлайн курстар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстары және т. б.) айналысасыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары тұрғысынан, пайызбен (%)



Білім деңгейі қосымша білім алу ниетіне тікелей ықпал етеді: білім деңгейі жоғары респонденттер «Сіз қосымша білім берумен (өздігінен білім алу, онлайн курстар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстары және т. б.) айналысасыз ба?» сұрағына оң жауапты жиі берді (№20 диаграмма).

№20 диаграмма. «Сіз қосымша білім берумен (өздігінен білім алу, онлайн курстар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстары және т. б.) айналысасыз ба? (Бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, білім деңгейі тұрғысынан, пайызбен (%)



Ғылыми әрекет

Ғылыми-зерттеу әрекеті жастардың алған білімдері мен дағдыларын шығармашылықпен жүзеге асыруға дайын болуын қалыптастырып, зерттеу жүргізу тәжірибесін алуға, ғылыми ізденіс әдістемесін меңгеруге көмектеседі.

Жастарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартудың маңызды мәселесі - ынталандыру жүйесі. Ғылыммен айналысу, ғылымға тарту әдістері жөнінде жастардың өздері не ойлайды?

Ең көп таралған жауап: ғылыми орталықтар мен кафедралардың жобалық қызметіне студенттерді белсендірек тарту (44,8%). Екінші блокқа келесі жауаптарды жатқыуға болады: оқушылардың/студенттердің инновациялық жұмыстары конкурсын өткізу, жүзеге асырылатын жобалар мен жаңалықтардағы жетістіктері үшін марапаттау, оқу жоспарында оқушылардың/студенттердің өздік жұмыстарына бөлінетін сағат санын арттыру (№21 диаграмма).

№21 диаграмма. «Орта мектеп оқушыларында/студенттерде зерттеулерге, ғылыми жобаларға қызығушылықты қалыптастыру, дамыту үшін білім мекемелерінде не істеу керек? Сіз қалай ойлайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (үш жауаптан көп емес), пайызбен (%)



* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына ынталандыру бойынша қажетті шаралар туралы респонденттердің екі санатының, аяқталмаған орта білімі бар (9 сыныптар) және аяқталмаған жоғары білімі бар (ЖОО студенттері) пікірлерін қараймыз (№22 диаграмма).

№22 диаграмма. «Орта мектеп оқушыларында/студенттерде зерттеулерге, ғылыми жобаларға қызығушылықты қалыптастыру, дамыту үшін білім мекемелерінде не істеу керек? Сіз қалай ойлайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (үш жауаптан көп емес), білім деңгейі тұрғысынан, пайызбен (%)



Диаграммада берілген деректер бойынша мектеп оқушылары мен ЖОО студенттері үшін ынталандыру шаралары жүйесін құруға болады. Бұл шараларды қолдану арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруға мүдделі жастар үлесін арттыру мүмкіндігі бар.


3. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Жастардың әлеуметтік көңіл-күйі

Тұрғындардың әлеуметтік көңіл-күйі түрлі объективті, субъективті жағдайлар ықпалымен қалыптасатын кешенді индикатор болып табылады. Ол белгілі бір әлеуметтік контексте адамдардың өмір сүру жайлылығы мен деңгейін, өмірге қанағаттану деңгейін көрсетеді.


Сауал нәтижелері бойынша жастардың өмір сүру деңгейіне берген жоғары бағаларын атап кетуге болады: 33,0% -ы «толықтай көңілім толады» жауабын, 44,3- ы «негізінен көңіл толады» жауаптарын таңдады. Жастардың 8,4%-ы жартылай көңілдері толмайтынын айтса, 7,6% - ы өз өмір сүру жағдайына мүлдем көңілдері толмайтынын жеткізді (№23 диаграмма).

№23 диаграмма. «Тұтастай алғандағы қазіргі өмір сүру жағдайыңызға Сіздің көңіліңіз тола ма?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (бір жауап), пайызбен (%),



Респонденттер жауаптарының аймақтық тұрғыдан бөлінуі №24 диаграммада берілген. Әлеуметтік көңіл-күйге оң баға берген тұрғындары басым аймақтар: Маңғыстау (85,1%), Солтүстік Қазақстан (85,4%) және Қостанай (84,8%) облыстары.


№24 диаграмма. «Тұтастай алғандағы қазіргі өмір сүру жағдайыңызға Сіздің көңіліңіз тола ма?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (бір жауап), аймақтар тұрғысынан, пайызбен (%)



Негативті, теріс бағалар көрсеткіші жоғары аймақтар: Абай (47,3%), Ақмола (17,3%), Ақтөбе (18,1%), Алматы (16,2%) облыстары.

Гендерлік тұрғыдан жауаптарда айтарлықтай айырмашылықтар анықталған жоқ. Дегенмен, елді мекен типі бойынша ауыл жастарында риза болушылық басым (80,3% - «толықтай көңілім толады», «негізінен көңілім толады» жауаптарының жиынтығы), ал қала жастарында көрсеткіш төмендеу (75,4%) (№25 диаграмма).

№25 диаграмма. «Тұтастай алғандағы қазіргі өмір сүру жағдайыңызға Сіздің көңіліңіз тола ма?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі (бір жауап), елді мекен типі тұрғысынан, пайызбен (%)



Өмір сүру жағдайына көңіл толуы, толмауы бағасы қаржылық жағдайға берілген бағадан туындайды (№26 диаграмма). Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың 39%-ында қаржы азық-түлікке де, киімге де жеткілікті, 38,4% - ында ұзақ мерзімді қолданылу заттарын алу мүмкіндіктері бар. 12% жастарда азық-түлікке қаржы жеткенімен, киім алуда қиыншылықтар бар, жастардың 7,2%-ында айтарлықтай қымбат заттарды алу мүмкіндігі болса, 2,6%- ында қаржы жетіспеушілігі бар, тіпті азық-түлікке де жетпей жатады.

№26 диаграмма. «Өз материалдық әл-ауқатыңызды Сіз қалай бағалар едіңіз?» сауалы жауаптарының бөлінуі (әр жолға бір жауап), пайызбен (%)



Елді мекен тұрғысынан алсақ, ауыл жастарының тек 34,1%-ы ғана ұзақ мерзімді қолданылу заттарын ала алады, ал қалалық жерлерде бұл көрсеткіш едәуір жоғары (41,0%) (№27 диаграмма).

Қаржы тек азық-түлік пен киімге ғана жететіндер үлесі Абай (63,6%), Ақтөбе (45,7%), Жетісу (49,3%) облыстарында жоғары. Алматы (18,9%), Жетісу (25,4%), Маңғыстау (22,5%) облыстарында азық-түлікке қаржысы жететін, ал киім алуға қатысты қиындықтар бар жастар үлесі жоғары.

№27 диаграмма. «Өз материалдық әл-ауқатыңызды Сіз қалай бағалар едіңіз?» сауалы жауаптарының бөлінуі (әр жолға бір жауап), пайызбен (%)



Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен әлеуметтік көңіл-күйіне күнделікті өмірде олар кездесетін проблемалар ықпалын тигізеді. Жастар үшін қандай мәселелер өзекті? Бұл мәселелер немен байланысты және жастардың әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларымен сәйкесе ме?

Жастар кездесетін мәселелер №28 диаграммада берілген.

№28 диаграмма. «Тізімнен өзіңізді бүгінгі күні қатты мазалап жүрген мәселені көрсетіңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі, (жауаптың кез келген саны) пайызбен (%)



* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды


Жастардың көпшілігі үшін жеке өзінің және отбасының қауіпсіздігіне алаңдау, сонымен бірге оқумен байланысты мәселелермен бірге әлеуметтік-экономикалық мәселелер (материалдық жағдай, еңбекке орналасу) де өзекті болып табылады. «Материалдық өмір сүру құралдарынсыз қалу» да барлық төрт жас топтары үшін өте маңызды.

№29 диаграмма. Жас бойынша жіктеу жас топтары үшін ТОП-3 мәселені анықтауға мүмкіндік берді, пайызбен (%)



Әлеуметтік көңіл-күйді бағалауда болашаққа бағытталу маңызды орын алады. Сауал қорытындысы бойынша сұралған жастардың 45,7% -ы болашаққа сеніммен және оптимизммен қарайды. 26,5% - ы қалыпты қарайтынын және бұл тұрғыдан үміт пен иллюзия жоқтығын жеткізді. Өз болашағы үшін мазасызданып, алаңдап отырған жастар үлесі 3,8%-ды құрады. Бейжай, немқұрайды қарайтындар - 10,2%. Респонденттердің 3,6% -ында үрей мен қорқыныш бар (№30 диаграмма).

№30 диаграмма. «Сіз болашаққа қандай көңілмен қарайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап) пайызбен (%), 2022-2023 жылдар




Деректерге жасалған талдау жастардың оптимистік көңіл-күйінің өсуін көрсетті, 2022 жылы 39,6% болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 45,7% болды. Сол сияқты негативті көңіл-күйдің «қорқыныш пен үрейдің» төмендеуі байқалды (14,3%-ға қарсы 3,8%).

Респонденттердің этникалық белгілеріне қарай жауаптардың жіктелуі орыс (61,0%) және басқа этнос өкілдерінің (58,5%) көңіл-күйі қалыпты екенін көрсетті. Немқұрайдылық пен бейжайлық қазақтар арасында көбірек байқалды (13,6%).

Жас топтарына қарай: ең үлкен жас тобындағылардың (29-34 жас) болашаққа сенімділікпен қарауы мен оптимистік көңілі жоғары. 24-28 жас аралығындағыларда

қалыптылық бар және олар өз болашақтарына қатысты иллюзия мен үміт құрмайды (№31 диаграмма).

№31 диаграмма. «Сіз болашаққа қандай көңілмен қарайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), жас топтары тұрғысынан, пайызбен (%)




Буллинг

Буллингті болдырмау және оның алдын алу қоғам үшін маңызды міндеттер болып саналады. Оның көрінісі әр түрлі болуы мүмкін, оның ішінде қорлау, қорқыту, қауіп төндіру, ақпаратты қасақана бұрмалау, бопсалау, топтан шығарып тастау немесе психологиялық және эмоционалдық күш көрсетудің басқа да түрлері бар.

«Сіз адамдарды қорлау, жәбірлеу жағдайларымен (буллинг) кездестіңіз бе, егер болса, қандай формада?» деген сұрақта ең көп таралған жауап формасы қорлау болып табылады, сұралғандардың 39,0%-ында бұл тәжірибе бар, 15,5%-ы намысқа тию, жәбірлеумен (вербалды агрессия) ұшырасса, 12,7%-ы соққы немесе тепкі сияқты дене жарақатына әкелетін агрессиямен кездескен. Сұралғандардың 4,9%-ы жәбірлеуді телефонға түсірумен ұшырасқан болса, 12,3%-ы кибербуллингпен кездескен. Ал 22,4%-ы кемсіту, жәбірлеу жағдайларымен кездескен жоқпыз деп жауап берді.

№32 диаграмма. «Сіз адамдарды қорлау, жәбірлеу жағдайларымен (буллинг) кездестіңіз бе, егер болса, қандай формада?» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары тұрғысынан, пайызбен (%)



Жас ерекшелігі тұрғысынан 14-18 жас тобы респонденттері кибербуллингпен аз кездескен (43,3%), 19-23 жас тобында қорлау көрсеткіші жоғары (42,1%). Бұл жерде 29-34 жас тобы жәбір көрудің түрлі формаларымен (қорлау, жәбірлеу, дене агрессиясы, кибербуллинг) жиі кездескен (№32 диаграмма).

№33 диаграмма. «Сіздің ойыңызша қудалау, қысым көрсету қайда көбірек кездеседі?» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары тұрғысынан, (бір жауап), пайызбен (%)




Сауал қысым мен қудалау білім беру мекемелерінде (53,1%) жиі кездесетінін көрсетті, аула мен көшеде (33,1%), әлеуметтік желілерде (21,1%) (№33 диаграмма).

Тұрғын үй жағдайы


Жастардың тұрғын үймен қамтылуы – өте маңызды көрсеткіш, өйткені бұл категория әдетте тұрғын үй алуға мүмкіндік беретін жоғары табыс иелері емес, тиісінше табыстың белгілі бір бөлігі тұрғын үй алуға немесе жалдауға деп жинақталады, ал бұл өз кезегінде жастардың жалпы материалдық жағдайына әсер етеді.

№34 диаграмма. «Сіз қазіргі кезде қандай баспанада тұрып жатырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап), пайызбен (%)



Сауалға қатысушылардың көпшілігі жалға алынған баспанада тұрып жатыр, дегенмен едәуір бөлігінде өз пәтері немесе тұрғын үйі бар, болмаса ата-аналарымен, туыстарымен тұрып жатыр. 5,3% -ы хостелде немесе жатақханада тұрып жатыр, тек 0,6% -ында тұрақты баспана жоқ (№34 диаграмма).


№35 диаграмма. «Сіз немесе Сіздің отбасыңыз жуықтағы 2 жылда өзіңіздің баспана жағдайыңызды жақсарту, пәтер, үй сатып алу туралы ойланып отырсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап), пайызбен (%)



Тұрғын үй жағдайын жуықтағы 2 жыл ішінде жақсартуға қатысты сауалға жастардың 59,7% -ы оң жауап берді, 23%-ы бұл шаруаны жоспалауда, ал 13,8%-ында тұрғын үй жағдайын жақсарту жоспары жоқ (№35 диаграмма).

Тұрғын үй жағдайын жақсартуды жоспарлап отырғандар ішінде 29-34 жас аралығындағы респонденттердің басым болуы түсінікті (21,4%), жағдайды жақсартуға кіріскендер арасында 19-23 жас тобы респонденттері жиірек болды (66,9%) (№36 диаграмма).

№36 диаграмма. «Сіз немесе Сіздің отбасыңыз жуықтағы 2 жылда өзіңіздің баспана жағдайыңызды жақсарту, үй, пәтер сатып алу туралы ойланып отырсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап), жас топтары тұрғысынан, пайызбен (%)



Тұрғын үй жағдайын жақсартуды жоспарлап отырғандар немесе ол шаруаға кіріскен жастар бұл үшін әдетте өздерінің жеке қаражаттарын пайдаланады (52,4%), 18,2%-ы ипотекалық қарыз алу мүмкіндігін қарастыруда, 9,6%-ы жақындар көмегіне сүйенбек. 10,2%-ы несие қаражаттарын пайдалануға дайын, ал 9,3%-ы тұрғын үй алу амалы ретінде мемлекеттік бағдарламаларды көрсетті (№37 диаграмма). Бұл жастардың осы бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттану деңгейінің төмендігін, болмаса жастардың мемлекетке сенімінің жоқтығын немесе бұл бағдарламалардың тиімсіздігін көрсетеді. Соның ішінде 6,7% жастар мемлекеттен көмек күтетінін жеткізді.

№37 диаграмма. «Өз тұрмыс жағдайыңызды жақсартуды немесе тұрғын үй мәселесін Сіз қандай жолмен шешпексіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%)



Аймақтық тұрғыдан алғанда Батыс Қазақстан, Атырау, Павлодар, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары, сонымен бірге Шымкент қ. жастардың мемлекеттік бағдарламаларға бағдарсыздығы, одан хабарсыздығы анық байқалады (№9 кесте).

№9 кесте. «Өз тұрмыс жағдайыңызды жақсартуды немесе тұрғын үй мәселесін Сіз қандай жолмен шешпексіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), аймақтар тұрғысынан, пайызбен (%)

Облыс	Өзіндік қаражат	Қарыз қаражаты	Ипотекалық кредит	Мемлекеттік бағдарламалар	Отбасы мүшелерінің т.б. көмегі	Мемлекеттен қандай болса да көмек күтемін	Жауап беруден бас тарту
Абай	10,2	10,2	16,3	42,9	0	14,3	10,2
Ақмола	46,2	12,3	20	10,8	10,8	10,8	1,5
Ақтөбе	26,1	15,9	25	26,1	9,1	8	0
Алматы	36,8	16,2	16,2	20,6	8,1	9,6	2,9
Атырау	60,9	13	14,5	2,9	4,3	7,2	1,4
Батыс Қазақстан	50,8	7,7	26,2	15,4	3,1	3,1	1,5
Жамбыл	60,3	5	17,4	4,1	11,6	7,4	3,3
Жетісу	32,3	21	19,4	16,1	12,9	8,1	6,5
Қарағанды	64,5	10,9	15,5	3,6	14,5	3,6	0,9

Қостанай	67,1	13,9	11,4	3,8	1,3	2,5	0
Қызылорда	10,2	10,2	16,3	42,9	0	14,3	10,2
Маңғыстау	46,2	12,3	20	10,8	10,8	10,8	1,5
Павлодар	26,1	15,9	25	26,1	9,1	8	0
Солтүстік Қазақстан	36,8	16,2	16,2	20,6	8,1	9,6	2,9
Түркістан	60,9	13	14,5	2,9	4,3	7,2	1,4
Ұлытау	50,8	7,7	26,2	15,4	3,1	3,1	1,5
Шығыс Қазақстан	60,3	5	17,4	4,1	11,6	7,4	3,3
Астана	32,3	21	19,4	16,1	12,9	8,1	6,5
Алматы қ.	64,5	10,9	15,5	3,6	14,5	3,6	0,9
Шымкент	67,1	13,9	11,4	3,8	1,3	2,5	0

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері тұрғын үй бағыты бойынша мемлекеттік қолдау шараларын жетілдірудің орындылығын көрсетеді. Жергілікті атқарушы органдар, атап айтқанда Абай, Ақтөбе және Алматы облыстары, сауалнамаға қатысқан жастардың 42,9%, 26,1% және 20,6% тиісінше мемлекеттің жәрдемімен тұрғын үй мәселесін шешуді күтетініне назар аударуы керек.

№38 диаграмма. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым мен экология саласына қатысты көрсетілген мәселелердің қайсылары Сіздің елді мекенде бар?» сауалына жауаптардың бөлінуі, пайызбен (%)



«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым мен экология саласына қатысты көрсетілген мәселелердің қайсылары Сіздің елді мекенде бар?»

сауалы бойынша жастардың пікірінше ТОП-3 мәселелер анықталды. Олар: ауыз су сапасының төмендігі, отынның жоғары бағасы (көмір, газ) және орталықтандырылған сумен қамту және су бұрудың (канализация) болмауы (№38 диаграмма).

Жастарды еңбекпен қамту мәселелері

Әр жас қазақстандық өмірінің маңызды бөлігі – еңбекпен қамтылу, жұмысқа орналасу. Жастарда өз жас ерекшеліктеріне байланысты кәсіби салада тәжірибе жеткіліксіз, бірақ оларда орасан зор шығармашылық және инновациялық әлеует, жемісті еңбек ету мүмкіндігі мен ынта бар.

Сауал деректері бойынша респонденттердің 51,4%-ы толық жұмыс күнімен, 14,3%-ы жартылай жұмыс күнімен қамтылған.

Таңдаған мамандық бойынша жұмысқа орналасуға қатысты жастардың өз мүмкіндіктерін бағалауы: 50,4%-ы өздеріне жұмысты оңай табамыз десе, 19,2%-ы бұны мүмкін деп есептейді, ал 17,3%-ы жұмыс табу қиын, өйткені өз мамандықтарына еңбек нарығында сұраныс жоқ екенін жеткізді.

Өз мамандықтарына сұраныс жоғын жеткізгендер ішінде 24-28 жас тобындағылар басым (26,7%).

Қазақстандық жастар үшін жұмыс орнын таңдаудағы басты фактор – кәсіби өсу мүмкіндігінің болуы, сауалға қатысушылардың 59%-ы осы жауапты таңдады. Ширек бөлігінен астамы жалақы деңгейін, жұмыс берушілер ұсынатын жеңілдіктерді, сол сияқты әлеуметтік-психологиялық ахуалды атады. Компания беделі (9,5%) мен байланыс пен қатынас орнату мүмкіндігі (8,0%) маңыздылығы жағынан төртінші фактор болып тұр (№39 диаграмма).

№39 диаграмма. «Жұмыс орнын таңдауда Сіз үшін барынша маңызды факторларды көрсетіңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі, (үш жауаптан көп емес), пайызбен (%)



Жас тұрғысынан келесі үдерістер байқалды: *кіші жас* тобы екі шешуші факторға, әлеуметтік-психологиялық климат (25,3%) пен кәсіби өсу мүмкіндігінің болуына (62,7%) көңіл аударып отыр. Осындай фактор 24-28 жас тобына да маңызды.

19-23 және 29-34 жас тас топтары үшін де материалдық жағы (32,5% бен 27,8% екі топта да) мен кәсіби өсу мүмкіндігінің болуы (58,3% және 63,1%) маңызды.

Еңбекпен қамту, жұмысқа орналасу мәселесі кәсіби оқудағы жалғасатын білім алу жолымен тығыз байланысты. Зерттеу респонденттердің 23,4%-ында бұл мәселе қаралмайтындығын анықтады. Сұралғандардың 62,2%-ы оқуды сол мамандық бойынша, тек жоғары деңгейде жалғастыруды жоспарлап отыр. 14,4%-ы жуық 5 жылда, тек басқа мамандық бойынша оқуды жоспарлағанын жеткізді.

Оқуды одан әрі жалғастырудың негізгі мотивациясы болашақта мансаптық, кәсіби өсумен байланысты, респонденттердің 59,0%-ы осылай деп ойлайды. Сауалға қатысушылардың ширек бөлігі (21,9%) үшін негізі себеп – материалдық игілік, нақты айтқанда қаржылық өсім. 9,3%-ы себеп ретінде кәсіби құзыретті арттыру мақсатын айтса, 9,3% -ы бұны басқа жұмыс орнына ауысумен байланыстырды.

Жұмыс іздеу тәсілдері

Зерттеу жұмыс іздеу үшін жастардың әдетте келесі топ-5 тәсілді қолданатынын көрсетті:

- 1) Бос орындар туралы хабарламаларды қарау
- 2) Интернет арқылы
- 3) Білім беру мекемесінің көмегі
- 4) Еңбекпен қамту Орталығына хабарласу
- 5) Хабарлама беру
- 6) Enbek.kz сайтына хабарласу

Респонденттер жауаптарының тұрғылықты жеріне қарай ерекшеленуі бар. Қала жастары интернет мүмкіндігі мен бос орындар хабарламаларын жиі пайдаланса, ауыл жастары көбіне еңбекпен қамту орталықтарына жүгінеді.

Сонымен бірге респонденттердің еңбекке орналасуда өздері пайдаланған тәсілдері туралы жауаптары қызығушылық тудырады (№40 диаграмма).

№40 диаграмма. «Жұмыс іздеу барысында Сіз пайдаланған және Сізге жұмыс орнын табуға көмектескен амал-тәсілдерді көрсетіңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі, (үш жауаптан көп емес), пайызбен (%)



Жұмыс іздеудің барынша тиімді амалы - еңбекпен қамту Орталығына және Еңбекке орналастыру Агенттігіне хабарласу. Сонымен бірге жиі қолданылған амал - бос орындар туралы хабарламаларды қарау (11,9%). Дос, таныс, жақындарға хабарласу арқылы жұмыс тапқан респонденттер үлесі - 11,9%.

Зерттеу оқу орындарының өз түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету ісіне араласуы төмен деңгейде екенін көрсетті, ол амалмен жұмысқа орналасқан респонденттер – 9,7%.

Кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі


Қазіргі әлемде, оның тез өзгеріп отырған экономикасы мен мүмкіндіктері жағдайында кәсіпкерлік орта мен бизнес-қауымдастық қалыптастыруда жастардың орны ерекше. Жас кәсіпкерлер инновацияларды жиі енгізіп, жаңа индустрия мен технология дамуына ықпал етеді. Сонымен бірге кәсіпкерлікті жастардың еңбек нарығына бейімделуі мен кірігуінің тиімді амалы ретінде қарастыруға болады.

Жүргізілген зерттеулерге сай сауалға қатысқан жастардың жартысынан астамы (61,5%) кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті екендіктерін білдірді. 2022 жыл деректерімен салыстырғанда кәсіпкерлікпен айналысуға ынталы жастар саны екі есеге өсті (30% - 2022 ж). Жастар арасында кәсіпкерлікке қызығушылықтың артуын «Бизнестің жол картасы – 2025», жеңілдікпен несиелеу және басқа да жастар кәсіпкерлігін ынталандыру мен дамытуға бағытталған мемлекеттік бастамалардың іске асырылуы нәтижелері деп түсіндіруге болады.

Әсіресе 29-34 үлкен жас тобындағы жастардың кәсіпкерлікке қызығушылығы ерекше (14-18 жас тобындағы 40,5%-ға қарсы 73,2%). Ынталы жастарға сонымен бірге қала жастарын (ауыл тұрғындарының 57,3%-ына қарсы 64,1%), орыс этносы

өкілдерін - 86,4% және өзге этнос өкілдерін - 70,2% (қазақтарда - 50,9%) жатқызуға болады. Сонымен бірге білім деңгейі мен кәсіпкерлікке қызығушылық арасында жіктелім бар: білім деңгейі жоғары болған сайын респонденттердің қызығушылығы да арта түседі (№41 диаграмма).

№41 диаграмма. «Сіз кәсіпкерлік қызметпен айналысқыңыз келе ме?» сауалына жауаптардың бөлінуі, білім деңгейі тұрғысынан, пайызбен (%)



Қызығушылық деңгейінің жоғары болуына қарамастан сауалға қатысушылардың жартысында (52,3%) кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі жоқ. Өздерін кәсіпкерлікпен айналысып жүрміз деген жастар – 18,7 %. Ал қандай болса да кәсіпкерлік тәжірибесі болғандары- әрбір төртінші респондент, олардың ішінде 11,8 - ында тәжірибе сәтті болған, сәтсіз тәжірибесі болғандар - 6,6 %, сәтті де сәтсіз де тәжірибесі бар жастар – 5,5%.

Жас кәсіпкердің әлеуметтік бейнесін құрап тұрғандар: әйелдер (ер адамдардағы 12,7%-ға қарсы 25,2%), техникалық қызмет көрсету саласындағылар (47,2%), уақытша жұмыс істемейтіндер немесе декреттік демалыстағылар (31%) мен 2 баласы барлар (26,7%). Сол сияқты 24-28 орта жас тобының респонденттері (20,9%) мен өзге этнос өкілдері де бар (қазақтардағы -15,2% бен орыстардағы – 13,6%-ға қарсы – 49,3%). Жас кәсіпкерлердің білім деңгейі көбіне орта (орта білім беру мектебінің 11 сыныбы) - 26,8%.

Аймақтар тұрғысынан алғанда кәсіпкерлікке ынталы және онымен айналысушы жастардың жоғары көрсеткіші Қызылорда (ынталылар – 80,5%, айналысушы кәсіпкерлер - 29,9%) және Ұлытау (ынталылар - 90%, айналысушы кәсіпкерлер - 70%) облыстарында байқалды. Ал бизнеске ынта, қызығушылық пен кәсіпкерлік тәжірибе болуының ең төмен көрсеткіші Абай облысында тіркелді (71,4%-ы «жоқ айналысқым келмейді» деп, 69,4%-ы «жоқ, кәсіпкерлік тәжірибем жоқ» деп жауап берді).

Ең кең таралған бизнес саласы - сауда, соның ішінде – online-сауда (31%). Бұл салада негізінен жоғары білімді және ғылыми дәрежесі бар (62%) 24-28 орта жас тобының жастары (33,8%) еңбек етуде. Сол сияқты бұл салада қала жастары (ауыл жастарының 28,6%-ына қарсы 32,5%) мен өзге этнос өкілдері (53,3%) басым.

Екінші позицияда IT саласы тұр, бұл салада кәсіпкерлердің барлығы 19,6%-ы қамтылған. Салада еңбек етушілер арасында 19-23 жас аралығындағы жастар

(20,7%), ЖОО-да оқып жүрген студенттер (25%), сонымен бірге қала жастары (16,1%) және орыс ұлтына жататын респонденттер (42,3%) басым.

Жетекші үш сала ішіне өндіріс (азық-түлік, киім өндірісі) те кіреді, бұл салада жас бизнесмендердің 19,6%-ы қызмет атқарады. Аталған салада еңбек етушілер арасында кәсіби-техникалық және орта арнаулы білімі бар (21,6%) 24-28 орта жас тобындағы жастар (14,3%), сол сияқты ауыл жастары (қала жастарының 9,9%-ына қарсы 14,8%), қазақ респонденттер (13,3%), орыс респонденттер (өзге этнос өкілдерінің 3,9%-ына қарсы 13%) көбірек.

Өзге бизнес салаларымен айналысқан, айналысып жүрген жастар сауалға қатысушылардың 10%-ынан аз болды.

4.

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ КӨШ-ҚОН (МИГРАЦИЯЛЫҚ) ӘЛЕУЕТІ

Жастардың көш-қон көңіл-күйі

Бүгінгі күні жастардың көш-қоны мәселесі мемлекет тарапынан дер кезінде шешуді қажет ететін өзекті де өткір мәселелердің бірі.

Жастар арасындағы көш-қондық көңіл-күйді анықтау мақсатында сауалнама барысында оларға көшу, қоныс аудару ниетіне қатысты сауал қойылды (№42 диаграмма).

№42 диаграмма. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы Сіздің ахуалды сипаттауға көп деңгейде жақын келеді? сауалына жауаптардың бөлінуі, пайызбен (%)



Жастардың басым бөлігінде (38,9%) қайда болса да көшу туралы ой жоқ. Әрбір бесінші респондент те (20,1%) көшуді ойлап отырған жоқ. Сол сияқты әрбір оныншы респондент те жуық арада көшпейтінін жеткізді. Бұл көшуге мотивацияның жоқтығын немесе жас тұрғындарда тұрғылықты мекенде қалу ниеті басымдығын көрсетеді.

Жауаптарды әлеуметтік-демографиялық сипатына қарай жіктеу әйелдерде көш-қондық көңіл әлдеқайда төмен екендігін көрсетті. Мысалы, жас қыздардың 44,9%- көшу туралы сұраққа жоқ деп жауап берсе, жас жігіттердегі осы жауап көрсеткіші - 33%, яғни 11%-ға аз. Сонымен бірге еңбекпен қамтылу деңгейі мен көш-қондық көңіл-күй арасында корреляция байқалды. Көшу туралы ойлап отырған жоқпыз деген респонденттердің көпшілігі толық еңбекпен қамтылған (42,3%) немесе оқып жүр (мектеп оқушылары - 41,2%, студенттер - 37,7%). Тиісінше жас бойынша алғанда көш-қондық көңіл-күйі жоқ респонденттердің басым бөлігі үлкен жас тобына (40,3%) немесе кіші және орта жас топтарына жатады: 14-18 жас - 37,9%, 19-23 жас - 43,4%.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық жастардың үштен бірінде көш-қондық көңіл бар. Олардың ішіндегі 14,4%-ы көшуге дайындалуда және жуық арада көшуді жоспарлап отыр. Тағы 16,7%-ы көшу туралы ойлануда, бірақ әзірге ондай мүмкіндіктері болмай тұр. Қоныс аударушының (мигрант) әлеуметтік бейнесін еңбекпен толық қамтылмаған (26,3%) 19-23 орта жас тобындағы жастар (18,5%) немесе жұмыс іздемей отырған жұмыссыздар (50%) құрайды. Сол сияқты қала жастарына (15,3%) қарағанда ауыл жастары (15,3%) бейім. Этникалық тегіне қарай

жіктеу қазақтар арасында көш-қон басқа этностарға қарағанда көбірек екенін көрсетті (орыстардағы - 12,7% және өзге этностардағы 12,3%-ға қарсы 15,2%).

Аймақтар бойынша сауалға қатысқан жастар арасындағы көш-қондық көңіл-күй Солтүстік Қазақстан (29,2%), Қостанай (29,1%), Алматы (22,3%) облыстарында жоғары. Тиісінше Павлодар (80%), Батыс Қазақстан (67,2%), Шығыс Қазақстан (50,8%) облыстары бойынша респонденттердің көпшілігі көш-қон көңіл күйін жоққа шығарып отыр.

Көш-қон ағынының негізгі бағыты ішкі көш-қон болып қалуда. Жастардың көпшілігі елдегі экономикалық және әлеуметтік белсенділік орталығына айналған Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі мегаполистерге қоныс аударады. Зерттеу нәтижелері бойынша сауалға қатысқан жастардың 31,4%-ы республикалық маңызы бар қалаларға қоныс аударуды жоспарлап отыр. Респонденттердің 14%-ға жуығы облыс орталықтарына көшу ниеттері туралы айтты. Әрбір бесінші жас адам сол тұрғылықты аудан шеңберінде тұру орнын ауыстыруда (20%).

Елді мекен тұрғысынан алсақ, ауыл жастары сол тұрғылықты аудан немесе облыс шеңберінде көшуге ұмтылса, қала жастары негізінен өзге аймаққа немесе Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалаларға көшуді қарастыруда. Аймақтар тұрғысынан жиынтығында ішкі көш-қонға Ұлытау, Солтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстары жастары бейім.

Сыртқы көш-қон жиынтығында сұралған жастардың 15,4%-ына тән, ооның ішінде басым бөлігі (6,6%) Ресейге көшуді ойлап отыр. Жас бойынша жауаптарды бөлу сыртқы көш-қон туралы көбіне 24-28 жас тобындағы жастар, жұмыс іздеудегі немесе жұмыс іздемейтін жұмыссыздар ойлайтынын көрсетті. Аймақтық тұрғыдан көшетін ел ретінде Ресейді Қарағанды (13,5%), Қостанай (14%) облысының респонденттері жиі көрсетті.

Сонымен бірге мигранттардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы көш-қонның негізгі себептерімен байланысады (№43 диаграмма)

№43 диаграмма. «Егер Сіз көшуді жоспарласаңыз, ол шешімнің қандай себептері бар?» сауалына жауаптардың бөлінуі, пайызбен (%)



Көш-қон себептерінің арасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер алдыңғы орында. Сауалға қатысқан жастардың үштен бірі көш-қон себебі ретінде табыстың төмен деңгейін көрсетті, көрсеткіш – 33,1%. Респонденттердің 15,8%-ы үшін жұмысқа орналасу мүмкіндігінің жоқтығы көш-қонға себеп. Әрбір оныншы сауалға қатысушы көшу себебі ретінде білім алу, оқуды көрсетті (11,1%). Бұл әсіресе, кіші жас тобы (14-18 жас) үшін өзекті (15,3 %). Тұру орнының, елді мекеннің оқшау, алыстығы да әр оныншы респондент үшін көшуге қозғаушы фактор болып отыр (10,5 %).

Бұл арада сұралған жастардың 18,6%-ы жақындардың шешімі бойынша көшуге мәжбүр.

Деректерге жасалған талдау жас тобына қарай көш-қон себеп-салдарының өзектілігі де өзгеріп отыратынын көрсетті. 14-18 жас тобындағылар үшін оқу мен көшуге мәжбүрлік басты себеп болса, 29-34 жас тобындағы жастар үшін көбіне жұмысқа орналасу себеп болады.

Гендерлік тұрғыдан айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Дегенмен келесі ерекшелік аталады: егер жас әйелдерге туыс/жақындардың шешімі/тілегінен кейін көшу тән болса (ерлердегі 15,1%-ға қарсы 23,1%), жас жігіттерге көбіне табыс деңгейіне қанағаттанбаушылық тән (әйелдердегі 30,8%-ға қарсы 35%).

5. ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Жастардың құндылық бағдарлары

Қазіргі кезде жастардың құндылыққа қатысты бағыт-бағдарларын қарастыру ең маңызды тақырыптардың бірі. Құндылықтар дегеніміз - ниетті түпкі мақсаттар, мінез-құлық пен тәртіптің басымдық берілетін формалары туралы қалыптасқан нық ұғым-түсініктер. Ол мінез-құлықты таңдау не бағалауға ықпал етеді, сонымен бірге жалпы мақсаттар мен оған жету амалдарын қалыптастырушы іргелі нормалар болып табылады. Қоғамдағы трансформация үрдістері мен жаһандану көбіне әлеуметтік-мәдени қашықтық пен әлеуметтік теңсіздіктегі алшақтықтың ұлғаюына ықпал етеді. Қазіргі әлемдегі дау-жанжалдар мәдени қарама-қайшылықтан және әлеуметтік топтардағы негізгі ұстанымдар айырмашылығынан да туындауы мүмкін. Осыған байланысты жалпы базалық құндылықтарды қалыптастыру мен беру мақсатында қазақстандық жастардың ұстанымдары мен құндылық бағыттарын зерттеу маңызды болып табылады.

Зерттеу бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда бүгінгі жастарда ой-пікір алуандығы жоғары екенін көрсетті. Дегенмен, қазақстандық жастар үшін *басым құндылықтар* болып отбасы (72,6%), достық (32,3%) және денсаулық (26,9%) (№10 кесте). Сонымен бірге сенім, дін (18,7%) мен жан тыныштығы (17,5%) сияқты құндылықтар өз маңыздылығын сақтап қалды. Бұларды жеке және ұжымдық нанымдар мен қажеттіліктер контексіндегі құндылықтар деп қарауға болады.

Қазақстандық жастардың құндылық бағыт-бағдарларын Р.Инглхарттың мәдени құндылықтаар картасымен (2023 ж) қатар алу ұқсас нәтижелер көрсетті¹¹. Өлшемдер қорытындысы¹² бойынша Қазақстан позициясы зиялылық құндылықтардан гөрі дәстүрлі құндылықтарға сәл басымдылығы бар, өз-өзін көрсету құндылықтарынан гөрі сақталу құндылықтарына сәл басымдылығы бар, тұтастай алғанда бейтараптылыққа жақын деп сипатталды.

Анықтама: Карта - координаттар жүйесі. Көлбеу белдіктерде сақталу құндылықтары (сол жақта) және өз-өзін көрсету құндылықтары (оң жақта) белгіленген. Сақталу құндылықтарына материалдық игіліктер, қауіпсіздік, бағыныштылық, адам құқының төмен бағалануы, ксенофобия жатады. Өз-өзін көрсету құндылықтары – адам құқының жоғары бағалануы, табыс пен материалдық игілікке ұмтылу, экономия және ерлер мен әйелдер теңдігіне көңіл бөлу.

Тік белдіктерде дәстүрлі құндылықтар (картаның төмен жағында) мен vs секулярлы-рационалды құндылықтар (жоғары жағында) белгіленген. Дәстүрлі құндылықтарға жататындар: отбасы, дін, әлеуметтік конформизм, билікті қабылдау, жекеден қоғамдық маңыздырақ. Секулярлы-саяси құндылықтар- діннің төмен рөлі, зайырлы мемлекетке басымдық, қоғамдықтан жеке мүдде маңыздырақ.

¹¹ <https://www.worldvaluessurvey.org/WVSCContents.jsp>

¹² World Values Survey жобасы зерттеулерінің жетінші толқыны World Values Survey жобасы шеңберіндегі сауалдар мен сұхбаттар бесжылдық мерзімділікпен өтеді. Зерттеуге түрлі саяси режимдегі елдерден тұрғындардың барлық топтарына жататын адамдар қатысады.

№10 кесте. «Сіз үшін бұл өмірде ең құнды болып есептелетін не?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бес жауаптан көп емес), пайызбен (%), 2021-2022 жылдар

Жауап нұсқалары	2021 жыл*	2022 жыл*	2023*
Отбасы	82,3	83,3	72,6
Достық	23,1	40,7	32,3
Денсаулық	45,6	64,2	26,9
Наным, дін	16,2	18,1	18,7
Жан тыныштығы	8,8	15,3	17,5
Махаббат	12	22,8	9,9
Адамдарға көмек	3,3	10,3	7,5
Материалды қамтамасыз етілген өмір	20,7	39,3	7,2
Мансап, қоғамдағы жоғары жағдай	5,2	11	7,2
Білім, оқу	11,1	19,5	5,7
Шығармашылық	1,5	3,3	5,1
Өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бағалау	7,8	17,7	4,8
Көңіл көтеру, рақат алу мүмкіндігі	5,1	11,5	4,5
Биліктің болуы	2,8	5,1	4
Қоғамдық танылу, белгілі болу, репутация	1,4	3,1	3,4
Қызық жұмыс, кәсіп	9,1	19,6	2,9

* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

Сонымен бірге өз-өзін көрсету құндылықтары өз позицияларын 3-6 есе төмендетті: материалды қамтамасыз етілген өмір (7,2%, 2022 жыл көрсеткішінен 32,1%-ға төмен), білім мен оқу (5,7%, 2022 жыл көрсеткішінен 13,8% -ға төмен), өзін- өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бағалау (4,8%, 2022 жыл көрсеткішінен 12,6%-а төмен), қызық жұмыс, кәсіп (2,9%,2022 жыл көрсеткішінен 16,7%-ға төмен) (№10 кесте).

Жастар санасында барынша танымал емес құндылықтар: қызық жұмыс, кәсіп (2,9%), қоғамдық танылу (3,4%) және биліктің болуы (4%).

Жас бойынша жүргізілген талдау (№11 кесте) «Отбасы» нұсқасының басымдығы барлық жас топтары үшін бірдей екенін көрсетті (60%-дан астам). Орта жас топтарында көрсеткіш өсті (19-23 және 24-28 жас топтары 75,7-76,9%-ға дейін). Достық құндылығы үлкен жас тобы (29-34 жас) үшін барынша өзекті – 54,4%. Жастардың кіші топтарында «денсаулық» құндылығының орны ерекше - 33,9%. Дін мен сенім маңызды құндылық ретінде респонденттердің жасы үлкеюімен төмендеу үрдісін көрсетеді. 14-18 жастағылардың үштен бірі дін мен нанымды маңызды деп санаса, 29-34 жас аралығындағылардың әр оныншысы ған солай деп санайды. Жан тыныштығы барлық жас топтары үшін бірдей деңгейде маңызды, бұл қатардан 24-28 жас тобы ерекшеленіп тұр, оларда көрсеткіш - 12,1% ғана.

Түрлі жас топтарында мейлінше төмен бағаланған құндылықтар өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі бағалау, қызық жұмыс пен кәсіп болды.

№11 кесте. «Сіз үшін бұл өмірде ең құнды болып есептелетін не?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бес жауаптан көп емес), жас тұрғысынан, пайызбен (%)

Жауап нұсқасы	Жас топтары			
	14-18	19-23	24-28	29-34
Отбасы	62,7	76,9	75,7	67,9
Достық	34,8	26,2	26,5	54,4
Денсаулық	33,9	29,8	20,7	25,2
Наным, дін	29,1	18,9	16,1	11,9
Жан тыныштығы	19,4	19,9	12,2	20,8
Махаббат	5,7	14	8,1	8,8
Адамдарға көмек	15,4	3	9,6	4,1

Материалды қамтамасыз етілген өмір	5,7	3,7	10,7	9,1
Мансап, қоғамдағы жоғары жағдай	11,1	4,9	7	8,2
Білім, оқу	0,6	6,2	8,2	5,3
Өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бағалау	10,8	2,3	5,7	1,9
Шығармашылық	7,7	4,4	5,2	3,5
Көңіл көтеру, рақат алу мүмкіндігі	1,4	3	7,9	4,4
Биліктің болуы	4,8	4,4	1,3	7,2
Қоғамдық танылу, белгілі болу, репутация	6,6	3	2,1	3,5
Қызық жұмыс, кәсіп	3,1	1,7	4,1	2,5
Жауап беруге қиналамын	2	1,6	1,9	0,9

Қала және ауыл жастарында құндылық бойынша азғантай ғана айырмашылықтар бар (№12 кесте). Егер бұрын қала жастары үшін көбіне өз-өзін көрсету құндылықтары, ал ауыл жастарында сақталу құндылықтары маңыздырақ болса, осы сауал нәтижелері қала мен ауыл жастарының құндылықтар бағыт-бағдарларында жақындық барын көрсетті. Екі топ үшін де ең маңызды отбасы құндылығы - 70%-дан астам. Қала мен ауыл жастарының үштен бірі достық пен денсаулықты маңызды деп санайды.

Қызық жұмыс пен кәсіп қазақстандық жастар үшін мейлінше маңыздылығы төмен құндылықтар болды. Қала/ауыл тұрғысынан сондай-ақ жастар тиісінше биліктің болуы мен қоғамдық танылуды да маңыздылығы төмендер қатарына қосты.

№12 кесте. «Сіз үшін бұл өмірде ең құнды болып есептелетін не?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бес жауаптан көп емес), елді мекен типі тұрғысынан, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Отбасы	73,8	70,7
Достық	31,7	33,3
Денсаулық	27,8	25,4
Наным, дін	17,9	20
Жан тыныштығы	18,5	15,8
Махаббат	10,2	9,3
Адамдарға көмек	7,7	7,1
Материалды қамтамасыз етілген өмір	7,3	7
Мансап, қоғамдағы жоғары жағдай	6	8,9
Өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бағалау	5,2	4,1
Білім, оқу	5,1	6,7
Көңіл көтеру, рақат алу мүмкіндігі	4,7	4,2
Биліктің болуы	4,7	2,8
Шығармашылық	3,6	7,5
Қызық жұмыс, кәсіп	2,7	3,2
Қоғамдық танылу, белгілі болу, репутация	2,5	4,9
Жауап беруге қиналамын	1,2	2,4

Тілдік орта

Жастар сауалнамасы шеңберінде оларға қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейіне байланысты сұрақ қойылған болатын (№13 кесте). Зерттеу нәтижелері қазақ тілін еркін меңгерген жастар үлесі өсуінің оң динамикасын көрсетті, жиынтығында – 83%. («еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жаза алмаймын»,

«еркін сөйлеймін, оқимын, жаза аламын», «еркін меңгердім, оның ішінде кәсіби лексиканы» жауаптарының жиынтығы). Әсіресе, кәсіби лексиканы меңгергендер саны өскен, көрсеткіш - 45,4% (2022 жыл көрсеткішінен 30,3% жоғары).

Орыс тілін меңгергендер саны бұрынғыдай жоғары, жиынтығында – 84,4% («еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жаза алмаймын», «еркін сөйлеймін, оқимын, жаза аламын», «еркін меңгердім, оның ішінде кәсіби лексиканы» жауаптарының жиынтығы). Олардың ішінде жас респонденттердің 42%-ы кәсіби лексиканы меңгергендіктерін көрсетті.

Ағылшын тілін меңгерудің жоғары деңгейі сұралған жастардың әрбір бесіншісіне (22,7%) тән («еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жаза алмаймын», «еркін сөйлеймін, оқимын, жаза аламын», «еркін меңгердім, оның ішінде кәсіби лексиканы» жауаптарының жиынтығы). 2022 жылмен салыстырғанда еркін меңгергендер саны 10,1%-ға артқан, ал ағылшын тілін меңгермегендер үлесі төмендеген, көрсеткіш - 43% (2022 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға төмен), олардың ішінде көпшілігі меңгермегенін, бірақ жекелеген фразаларды түсінемін десе (21,7%), 21,3%-ы мүлдем білмейді.

№13 кесте. «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін Сіз қаншалықты жетік меңгердіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%), 2022-2023 жж.

Меңгеру деңгейі	Мүлдем меңгермегенін		Меңгермегенін, бірақ кей фразаларды түсінемін		Сөз түсінемін, бірақ сөйлесе алмаймын		Сөз түсінемін және сөйлесе аламын		Еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жаза алмаймын		Еркін сөйлеймін, оқимын, жаза аламын		Еркін меңгердім, оның ішінде кәсіби лексиканы		Жауап беруге қиналамын	
	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023
Тілдер																
Қазақ тілі	4	4,7	9,5	1,6	7,8	7,5	9,5	2,6	9,5	7,9	44,5	29,7	15,1	45,4	0,3	0,9
Орыс тілі	0,3	1,8	2	2,8	4,9	2,1	7,4	8,5	11,4	11,5	59,5	30,9	14,4	42	0,4	0,5
Ағылшын тілі	15,6	21,3	31,3	21,7	21	16,1	18,1	15,8	5,6	9,8	5,9	10,4	1,1	2,5	1,5	2,5

Жас топтары мен тілдерді еркін меңгеру деректерін жіктеу төмендегіні көрсетті. 14-18 кіші жас тобы жастары қазақ тілін басқа жас топтарына қарағанда жақсы меңгерген. Орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі көрсеткіші үлкен жас тобын (29-34 жас) жастарында жоғарылау.

Сонымен бірге, жиынтығында қалаға қарағанда ауыл жастарында қазақ тілін меңгеру деңгейі жоғары (81,9%-ға қарсы 84,5% тиісінше). Ал қала жастарында орыс тілін (82,2%-ға қарсы 85,7%) және ағылшын тілін (ауыл жастарының 20,7%-ына қарсы 23,9%) еркін меңгеру деңгейі жоғары.

Бұл мәселені этникалық тұрғыдан жіктеу қазақ тілін түрлі деңгейде барлық ұлт өкілдері жақсы білетіндіктерін көрсетті (№14 кесте). Кәсіби лексика деңгейінде қазақ тілін еркін меңгергендер бойынша орыс ұлты өкілдерінде жоғары көрсеткіш - 70,5%, қазақтарда - 41,5%, өзге ұлт өкілдерінде - 17,5%. «Еркін сөйлеймін, оқимын,

жаза аламын» деңгейі өзге ұлт өкілдері арасында жоғары - 41%, қазақтарда – 33,4%, орыстарда – 12,7%.

Қазақ тілін меңгермеген респонденттер үлесі 10%-дан аз: 4,9%- қазақтар, 5,7%-орыстар, 09% - өзге ұлт өкілдері. Қазақ тілін білудің жоғары деңгейі жастар арасында тіл саясатын жүргізудің нәтижесі деп болжам жасауға болады.

Орыс тілін меңгеру барлық үш этникалық топта (қазақтар, орыстар, өзге ұлт өкілдері) да жоғары деңгейде. Қазақтар тең деңгейде еркін сөйлейді, оқиды, жаза алады (34,1%) және кәсіби лексиканы меңгерген (34,2%). кәсіби лексиканы жоғары деңгейде меңгергендер көрсеткіші орыс ұлты жастары арасында да жоғары – 67,8%. Еркін сөйлейтін, оқитын, жаза алатын өзге ұлт өкілдері - 41,5%.

Ағылшын тілін меңгеру деңгейі ортадан төмен күйде қалып отыр. Этностар тұрғысынан ағылшын тілін меңгермеген («мүлдем меңгермегенмін», «меңгермегенмін, бірақ жекелеген фразаларды түсінемін» жауаптарының жиынтығы) респонденттер өзге ұлт өкілдері арасында көбірек- 63,7%, қазақтарда - 43,2%, орыстарда - 32,2%. Тиісінше, көпшілігі түрлі деңгейде ағылшын тілін біледі («еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жаза алмаймын», «еркін сөйлеймін, оқимын, жаза аламын», «еркін меңгердім, оның ішінде кәсіби лексиканы» жауаптарының жиынтығы). Көрсеткіштер: орыстар - 31,7%, қазақтар - 21,3%, ал өзге ұлт өкілдері арасында тек – 12,2%.

№14 кесте. «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін Сіз қаншалықты жетік меңгердіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), этникалық тұрғыдан, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлт
Мүлдем меңгермегенмін	4,9	5,7	0,9
Меңгермегенмін, бірақ кей фразаларды түсінемін	1,7	0	3,8
Сөз түсінемін, бірақ сөйлесе алмаймын	7,9	2,5	14,6
Сөз түсінемін және сөйлесе аламын	1,9	3,4	5,2
Еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жаза алмаймын	7,9	5,2	13,2
Еркін сөйлеймін, оқимын, жаза аламын	33,4	12,7	41
Еркін меңгердім, оның ішінде кәсіби лексиканы	41,5	70,5	17,5
Жауап беруге қиналамын	0,7	0	3,8

Діни наным-сенімдердің қалыптасуы

Қазіргі кездегі Қазақстандағы діни ахуал діни кеңістіктің қоғамда, әсіресе жастар арасында әр текті болуымен сипатталады. Діни бірегейлік, жастар өміріндегі дін қатысуы мен діни құндылықтар мәселесі, сол сияқты оның білім саласы мен әлеуметтік қатынастарға ықпалы өзекті болып қалуда. Діни экстремизммен байланысты оқиғаларды ескере отырып, діни ахуалдағы жастарды радикализациялау мәселесі туындайды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, жас қазақстандықтардың 83,1%-ы өздерін дінге сенушілерге жатқызады, олардың ішінде діни нормаларды ұстанушылар – 8,9% (№15 кесте). Негізгі бөлігі өздерін тұрақты емес ұстанушыларға жатқызады: «дінге сенемін, бірақ тек мейрамдарда ғана мешітке/шіркеуге және басқа орындарға барамын» - 38,1%. Ал дінге сенетін, бірақ діни қауымдастық өміріне қатыспайтындар үлесі – 36,1%.

Діни нормаларды ұстанушылар жас әйелдер арасында жиі кездеседі (ерлердегі 6%-ға қарсы 11,8%). Тұрақты емес ұстанушылар ерлерде көбірек (әйелдердегі 36,6%-ға қарсы 39,6%). Тек мектеп білімі бар кіші жас тобы (14-18 жас) бойынша діни нормаларды ұстанушы жастардың көптігіне (15,4%) назар

аударған жөн. Ал «Мен дінге сенемін, бірақ тек мерекелерде мешітке, шіркеуге және т.б. барамын; діни нормаларды өте сирек сақтаймын» тобының арасында орта жастағы санаттағы респонденттер жиі кездеседі: 19-23 жас – 41,4%.

Этностар тұрғысынан жасалған жіктеулер басқа этникалық топтарға қарағанда жас қазақтар үшін діни нормаларды ұстану маңызды екенін көрсетті, көрсеткіш – 10,5%. Орыс жастарында бұл көрсеткіш төмен, респонденттердің 5,2%-ы ған өздерін дінге сенушілерміз деп көрсетті. Сонымен бірге орыстар өздерін тұрақты емес дінге сенушілер қатарына көбірек жатқызады – 45,8% (бұл көрсеткіш қазақтарда – 36,5%, өзге ұлт өкілдерінде – 32,1%).

Дінге сенушілердің негізгі тобы оңтүстік аймақтарда, сол сияқты Шығыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында шоғырланған.

№12 кесте. «Айтыңызшы, Сіз өзіңізді дінге сенуші адам деп есептейсіз бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	%
Мен дінге сенемін, бірақ тек мейрамдарда ғана мешітке/шіркеуге және басқа орындарға барамын,	38,1
Мен дінге сенемін, бірақ діни қауымдастық өміріне қатыспаймын	36,1
Мен дінге сенемін, діни қауымдастық өміріне қатысамын, діни нормаларды толық сақтаймын	8,9
Мен дінге сенуші емеспін, бірақ кейде діни нормаларды сақтаймын	4,4
Мен дінге сенуші емеспін, бірақ кейде мешітке/шіркеуге және басқа орындарға барамын, діни нормаларды сақтаймын	2,4
Мен атеистпін	2,1
Мен дінге сенбеймін, бірақ сенушілерді сыйлаймын	2
Мен дінге бейжай қараймын	1,4
Мен дінге қарсымын	0,8
Жауап беру қиын	4

Әрбір оныншы (13,3%) жас қазақстандық дінге сенуші емес, олардың арасында сенбеушілер, атеистер, агностиктер бар. Бұл категорияға жататындарды өзге ұлт өкілдері арасында жиі кездестіруге болады, жиынтығында – 18,4% (қазақтар – 13,6%, орыстар – 8,2%). Дінге сенбеуші жастардың негізі бөлігі Қарағанды мен Қостанай облыстарында тұрады. Сонымен бірге Ұлытау облысында жас респонденттердің 22,7%-ы өздерін дінге сенуші емес, бірақ діни нормаларды сақтаушылар қатарына жатқызғаны қызық жайт.

Жастардың негізгі бөлігі дәстүрлі исламды ұстанады – 83,4%. Басқа діни ағымды ұстанушылар тек 4,7% болды. Олардың ішінде православие – 2,2%, католицизм – 1,3%, протестантизм – 1,2%, жаңа діни ағымдар – 0,3%. Елдің жастарының конфессиялық құрылымында жаңа ағымдар да бар, конфессиялардан тыс сенушілер пайда болды. 8,2 % жастар еш конфессияға жатпайтын нанымды ұстанады. Гендерлік тұрғыдан дәстүрлі исламды ұстанушылар ерлерге (79,6%) қарағанда жас әйелдер қатарында көбірек (87,2%). Ал православтар, протестанттар қатарында әйелдерге қарағанда ерлер көбірек.

Дінге сенушілер қатарындағы жастар үлесі артып келеді. Жастардың дінге жүгінуіне қандай факторлар ықпал етуде? Негізгі ықпал етуші отбасы, респонденттердің 41,8%-ы өздерінің діни таңдауы мен нанымына ықпал еткен ата-аналар мен туыстар екенін жеткізді. Сауалға қатысушы жастардың үштен бірі (27,3%) өздерінің діни сенімі туғаннан қалыптасты деп жауап берді (№16 кесте). Дегенмен, туғаннан қалыптасатын діни сенімге отбасындағы тәрбие, мәдени және

дәстүрлі ерекшеліктер, сол сияқты жастардың әлеуметтік ортасы да ықпалын тигізеді деп ой түюге болады.

Сол сияқты уақыт өте келе діни сенімдер өзгеруі мүмкін екенін де атап кеткен жөн. Сонымен бірге қазіргі әлемде жастарға ғылыми даму, білім, ақпараттың қолжетімділігі мен мәдени көзқарастардың сан түрлілігі де әсер етуі мүмкін. Осының бәрі діни ұстанымдардың өзгеруіне ықпалын тигізуі мүмкін.

№16 кесте. «Айтыңызшы, Сіздің діни сенімдеріңізге, Сіздің дінге сенуші немесе сенбеуші болып қалыптасуыңызға көп деңгейде ықпал еткен не немесе кім?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%)

Жауап нұсқасы	%
Ата-ана, туысқандар	41,8
Туғаннан солай қалыптасты	27,3
Ештеңе ықпал еткен жоқ	8,6
Арнайы әдебиеттерді оқу, интернет ресурстарды қарау	4,1
Менің барлық достарым, таныстарым осы дінді ұстанады	1,9
Имаммен, священникпен, миссионермен болған әңгіме	3,8
Өмірдегі маңызды оқиға	6,4
Мен әлі шешім қабылдаған жоқпын	4,7
Жауап беруге қиналамын	1,7

Діни ұстанымдардың қалыптасуының аймақтық спецификасы келесі ерекшеліктермен сипатталады. Солтүстік аймақтарда (Қостанай -58,2%, Павлодар – 52,9%, Солтүстік Қазақстан - 28,3% облыстары) діни сенім, ұстанымдарды қалыптастыратын негізгі агенттер - ата-аналар мен тума-туыстар. Ақтөбе (7,4%), Жетісу (6%), Маңғыстау (8,8%) облыстарында тұрып жатқан жастарда діни сенім Интернет-ресурстар мен арнайы әдебиеттерді оқу арқылы қалыптасады. Маңғыстау облысында белгілі бір діни сенімдер діни қызметшілер (7,5%) мен достардың (5%) ықпалы арқылы қалыптасатыны назар аударады. Бұл аймақ тұрғындарының басым бөлігі ислам дінін ұстанушы қазақтар екенін ескерсек, жергілікті атқарушы органдар ахуалды өз бақылауында ұстағандары жөн.

Осылайша, қазақстандық жастардың дін ұстану деңгейлері айтарлықтай әр текті және едәуір деңгейде дінге қатысты, діни нормаларды ұстануға қатысты жаһандық трендтерді білдіреді. Сонымен бірге жастардың құндылықтар құрылымында дін мен сенім өз позицияларын нығайтты. Аймақтық ерекшеліктер байқалады, оңтүстік және батыс аймақтарда діни нормаларды ұстанушылар саны артқаны тіркелді. Олардың діни ұстанымдарына түрлі агенттер ықпалын тигізуде.

Қоғамдық пікір көшбасшылары

Сенім білдіру әлеуметтік капитал ретінде жастардың әлеуметтік өмірінің барлық аспектілеріне, сондай-ақ жастардың қоғамға бейімделуі мен әлеуметтенуінің табысты болуына ықпалын тигізеді, Тұлғааралық сенім (отбасымен, достармен өзара әрекетті білдіретін жиі диалогтық қатынастар) мен институционалдық сенімді (сенімді әлеуметтік, құқықтық, саяси жүйелер). Жастардың табысты әлеуметтенуі мен бейімделуі үшін тұлғааралық сенім де, институционалдық сенім де маңызды. Тұлғааралық сенім сапалы қатынастар құруға көмектеседі, әлеуметтік байланыстарды нығайтады, психологиялық жайлылыққа қолдау көрсетеді. Институционалдық сенім жастардың қоғамдық және

саяси өмірге қатысуына, азаматтық бірегейліктің қалыптасуына және әлеуметтік институттарға сенім деңгейінің артуына ықпал етеді. Осыған байланысты жастарға ықпал ете алатын қоғамдық пікір көшбасшыларын таразылау өзекті болып табылады.

Сауал нәтижелеріне сәйкес, қазақстандық жастар арасындағы қоғамдық пікір көшбасшылары – билік өкілдері, көрсеткіш – 30,4%. 2022 жылғы өлшем нәтижелерімен салыстырғанда билік өкілдері пікірлерінің маңыздылығы екі есе өсті. Ал қандай болса да пікір көшбасшысын теріске шығарушылар керісінше екі есеге қысқарды, 42,4%-дан (2022 ж) 19,4%-ға дейін. Осыған байланысты оң динамиканы бекіту үшін мемлекеттік органдар жастармен жүргізілетін жұмысты жалғастырғаны дұрыс. Сонымен бірге әрбір оныншы респондент үшін пікір көшбасшылары - саяси партиялар басшылары (10,3% - 2023 ж., 7,4% - 2022 ж) мен ғалымдар (10% - 2023 ж., 18,2% - 2022 ж). Бұл арада да жастар арасында пікір көшбасшылары позицияларының нығаюының оң үрдісі байқалады.

Бұл сауалда дін қайраткерлерінің (4,6%), спортшылардың (4,5%), блогер, вайнер, тиктокерлердің (4,1%), музыканттардың (3,5%) көрсеткіштері төмен болды (№17 кесте).

№17 кесте. «Кімнің пікіріне Сіз сенім білдіресіз?»¹³ сауалына жауаптардың бөлінуі, (жауаптардың кез келген саны), пайызбен (%), 2022-2023 жж.

Жауап нұсқалары	2022 жыл	2023 жыл
Билік өкілдері	14,7	30,4
Ондай адамдар жоқ	42,4	19,4
Саяси партиялар басшылары	7,4	10,3
Ғалымдар	18,2	10
Бизнесмендер	4,2	9
Дәрігерлер	16,4	9
Белгілі қоғам қайраткерлері	11,3	8
Дін қайраткерлері	7,3	4,6
Спортшылар	5,5	4,5
Блогер, вайнер, тиктокерлер	8,3	4,1
Музыканттар	2,9	3,5
Жауап беруге қиналамын	4,2	10,9

* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды.


¹³ 2021 жылы сұрақ «Қазақстанда және сіздің аймақта қоғамға пікірге ықпал ететін беделді адамдар немесе адамдар тобы бар ма? Егер болса, Сіздің сенімізге ие болған бұл адамдар қандай санатқа жатады?»

6. АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Жастардың қоғамдық-саяси көңіл-күйлері

Жастардың елдің саяси өміріндегі оқиғаларға қызығушылықтарының көрсеткіштері әлеуметтік белсенділіктің жанама өлшемдерінің бірі болып табылады. Зерттеу деректері бойынша қазақстандық жастар арасындағы саяси жаңалықтар мен оқиғаларға қызығушылық орта деңгейден жоғары деп сипатталады (№44 диаграмма). Жиынтығында жастардың 50%- түрлі деңгейде саяси жаңалықтар мен оқиғаларға қызығушылық білдірді. «Сізді саяси оқиғалар, жаңалықтар қызықтыра ма?» деген сауалға қатысушылардың 28,4%-ы кейде көңіл аударамын деп, 24,1%-ы үнемі қарап отырамын, жаңалықтар қараймын, ақпараттық ресурстарды оқимын деп жауап берді. Тағы 21,3% -ы тек резонанстық оқиғалар болғанда ғана көңіл аударса, әр төртінші сұралған респондент мүлдем көңіл аудармайды (26,3%).

№44 диаграмма. «Сізді саяси оқиғалар, жаңалықтар қызықтыра ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%), 2022-2023 жж.



2022 жылмен салыстырғанда жастардың саяси оқиға, жаңалықтарға жастар қызығушылығының артқаны, уақыт-уақытында көңіл аудару позициясының нығайғаны байқалады. Елдегі саяси реформалар мен жаңарудардың қарқындылығын ескерсек, бұл көрсеткішті оқ үрдіс деп бағалауға болады.

Жауаптарды респонденттердің жасы тұрғысынан жіктеу жастардың кіші жас тобы (14-18 жас) кезең кезеңмен саяси жаңалықтарды қарап отыратынын көрсетті. Орта жас тобында (19-23 жас) күн сайын қарайтындар мен мүлдем қарамайтындардың тең құрамы байқалды (27,1% және тиісінше 28,4%). Оқиғаның резонанстық деңгейіне негізделген және кей-кейде ғана керек болатын фондық ақпараттану көбіне үлкен жас тобына (29-34 жас) тән болып келеді (№18 кесте).

№18 кесте. «Сізді саяси оқиғалар, жаңалықтар қызықтыра ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), жас тұрғысынан, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	14-18	19-23	24-28	29-34
Үнемі қарап отырамын, тіпті күн сайын	20,2	27,1	24,2	21,7
Кейде көңіл аударамын	39	21,5	30,6	27
Тек резонанстық оқиғалар болғанда ғана көңіл аударамын	16,5	23,1	20,2	24,5
Мүлдем қызықтырмайды	24,2	28,4	25	26,7

Саяси оқиғаларға қызығушылық жоқтығы жас қыздарға тән болып келеді (32%), ерлерде – 20,7%, ал жас жігіттерде кезең кезеңмен қызығушылық таныту үлесі басым (33,7%), қыздарда – 22,9%. Білім деңгейі бойынша жоғары білімді (29,5%) немесе аяқталмаған жоғары білімі бар (29,4%) респонденттерде белсенді қызығушылық байқалса, ғылыми дәрежесі бар респонденттерде қызығушылық мүлдем жоқ (42,8%) немесе тек резонанстық оқиғалармен негізделген (27,7%). Кезең кезеңмен көңіл аударатындар қатарында аяқталмаған орта білімді жастар (49,2%) жиі кездеседі.

Елді мекен типі тұрғысынан қалалықтарға қарағанда ауыл жастарында қызығушылық басымдығы байқалады. Үнемі қарап отыратындар қала бойынша 22,7% болса, ауылда - 26,3%, мүлдем қызықпайтын қалалықтар - 27,3%, ауыл жастары - 24,7%.

Елдегі болып жатырған саяси оқиғаларды үнемі назарда ұстайтын жастардың көбі Қызылорда (36,5%), Солтүстік Қазақстан (37,5%) және Ұлытау (31,8%) облыстарында тұрады. Осындай оқиғаларға мүлдем көңіл аудармайтын жастар саны Батыс Қазақстан (41,8%) және Павлодар (47,1%) облыстарында көбірек болды.

Басымдық беру деректеріне жасалған талдау қазақстандық жастардың саяси мүдделерінің жан-жақты сипатын білдіреді (№45 диаграмма). Дегенмен, 2022 жыл өлшемдерімен салыстырғанда қазақстандық жастар әлемдік оқиғалардан гөрі жергілікті жаңалық, оқиғаларға қызығушылық таныта бастады. Жастар өз аймағында болып жатырған саяси оқиғаларға жиі көңіл бөліп отыр – 27,7%. Елдегі жаңалықтарға (26,6%) және әлемдік оқиғаларға (26,6%) көңіл бөлетіндер үлесі сәл төмен. Саулға қатысушы әрбір бесінші респондент барлық саяси оқиғаларға тең қызығушылық барын көрсетті (21,7%). Бұл арада көрші Ресей мен Украинада болып жатырған оқиғаларға жастардың көңіл бөлу көрсеткіші ең төмен (9,7%) болғанын атап кеткен жөн.

Жас топтары тұрғысынан 29-34 үлкен жас тобындағылар ең алдымен өз аймағындағы (33%), елдегі (36,1%) және Орталық Азиядағы (16,3%) оқиғаларға көңіл аударуға бейім. Ал 19-23 жас тобындағылар әлемдік оқиға, жаңалықтарға жиі назар аударса (33,8%), Ресей мен Украинадағы оқиғаларға 24-28 жас тобындағылардың көңіл бөлуі байқалды.

№45 диаграмма. «Саяси жаңалықтарда Сізді барынша не қызықтырады?»¹⁴ сауалына жауаптардың бөлінуі, (екі жауаптан көп емес), пайызбен (%), 2022-2023 жж.



Ақпарат көздері

Жаппай, әсіресе, жастар ортасындағы цифрландыруға қарамастан, ақпараттың дәстүрлі көздері хабар алдың басты арнасы болып қалды (№46 диаграмма). Жастардың басым көпшілігі (37,1%) жаңалықтар мен оқиғаларды білу мақсатында телевидение, газет пен радио сияқты дәстүрлі ақпарат көздерін пайдаланады. Екінші орында ақпараттың жаңа көздері (әлеуметтік желілер, блок, мессенджерлер) - 32,5%. Одан кейін қазақстандық интернет-ресурстар – 24,9%. Шетелдік БАҚ бойынша – 22,7%. Қазақстандық жастардың ақпарат көзі ретінде ресейлік және басқа интернет-ресурстарға сенім білдіруі төмен, әр пункт бойынша 10%-дан төмен.

¹⁴ 2021 жылы жауап нұсқасы «Ресейдегі саяси оқиғалар туралы ақпарат», 2022 жылы «Ресей мен Украинадағы саяси оқиғалар туралы ақпарат» нұсқасында берілді.

№46 диаграмма. «Қазақстандағы оқиғалар мен жаңалықтар туралы білу үшін Сіз қандай ақпарат көздерін жиі пайдаланасыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (үш жауаптан көп емес), пайызбен (%)



* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

14-18 жас тобы жастарының ақпарат көзі ретінде ресейлік БАҚ және интернет-ресурстарын (39,3%) («Ресейлік телеарна, газеттер, радио», «Ресейлік интернет-ресурстар» жауаптары жиынтығы) пайдаланатынына назар аудару қажет.

Гендерлік тұрғыдан алғанда жас қыздардың қазақстандық ақпарат көздеріне басымдық беретіні байқалса, жас жігіттер шетелдік ақпаратты пайдалануға бейім.


Сонымен бірге этнос тұрғысынан алғанда төмендегідей бөлінулер байқалды: өзге этностарға қарағанда қазақтар ақпарат көзі ретінде түрлі интернет-ресурстарды жиі пайдаланады, орыстар - қазақстандық телеарналар, газеттер, радио және шетелдік БАҚ-ты, ал өзге этностар ақпарат көзі ретінде әлеуметтік желілер, блогтар, мессенджерлерді, сонымен бірге жақын ортаны жиі пайдаланады. Қазақстандық республикалық телеарналарды көбіне қазақ жастары тамашалайды (33,5%). Ресейлік интернет-ресурстарды пайдаланатын орыс жастарының үлесі 5%-ды құрайды.

Аймақтар тұрғысынан қарасақ, Павлодар (74,3%), Батыс Қазақстан (58,5%) және Шығыс Қазақстан (50%) облыстарында жастар жиі қазақстандық БАҚ-тарға басымдық береді. Ресейлік БАҚ-қа басымдық берушілердің жоғары көрсеткіштері Абай облысында байқалды (31,5%). Әлеуметтік желілер, блогтар, мессенджерлерді Ұлытау (100%), Ақтөбе (46,5%) облыстарында жиі пайдаланады.

Әлеуметтік желі мен мессенджерлертізімін, танымалдылығы бойынша градациясын анықтау үшін зерттеу құрылымына «Көрсетілген әлеуметтік

желілер мен мессенджерлердің қайсысын Сіз пайдаланасыз?» сауалы енгізілген болатын (№47 диаграмма).

№47 диаграмма. «Көрсетілген әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қайсысын Сіз пайдаланасыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (жауаптың кез келген саны), пайызбен (%)



Жастардың абсолют көпшілігі WhatsApp менеджерін (98,2%) және Instagram әлеуметтік желісін (97,9%) пайдаланады. Топ 3 танымал желі қатарында TikTok – 66,7%. ВКонтакте желісінде ең төмен көрсеткіш – 46,9. Зерттеу нәтижелері WhatsApp пен Instagram желілері барлық жас топтарында тең дәрежеде қолданылатынын көрсетті. Танымалдылығы төмен мессенджер мен Telegram, ВКонтакте әлеуметтік желілеріне 19-23 жас тобы жастары жиі басымдық беретіні – қызықты жай.

Әлеуметтік желілерді белсенді пайдалануды ескере отырып, қазақстандық жастар алынған ақпаратқа сыни көзқараспен қарауға бейім. Басым көпшілігі (42,6%) әлеуметтік желіде, форум мен блоктарда орналасқан ақпаратқа кей жағдайда сенеді. Үштен бірі (33%) сенеді, бірақ ақпаратты басқа ресурстардан тексеріп алады. Толық сенетіндер мен сенбейтіндер деңгейі тең: 10,2% және тиісінше 11,6%.

Жас санаттары тұрғысынан орта жас топтарында, 19-23 және 24-28 жас, деректер тексерілген жағдайда ақпаратқа сену тәжірибесі басым. Сол сияқты 29-34 жас тобы үшін жартылай сену тән болса, 14-18 жас тобында сенбеушілер басым. Гендерлік тұрғыдан сенім деңгейін жіктеу жас әйелдердің ерлерге қарағанда сенуге бейім екендіктерін көрсетті (толық сенетін әйелдер – 15,7, ерлер – 4,8%, сенбейтін ерлер – 14,9% болса, әйелдер – 8,3%). Калалық жастар ақпаратты қайта тексеруді жиі пайдаланса (35,2%, тиісінше ауыл жастарында – 29,5%), ауыл жастары кейде ғана сенеді (47,8% және қала жастарында – 39,4%).


Азаматтық және саяси ұйымдар жұмыстарына қатысу

Қоғамдық-саяси көңіл-күйге жасалатын талдау жастардың азаматтық және саяси ұйымдар жұмысына қатысуына өлшем жасауды да көздейді. Жалпы алғанда қазақстандық жастардың 46,3%-ында түрлі жобалар мен ұйымдар жұмысына қатысу тәжірибесі бар (№48 диаграмма). Тиісінше, жастардың 40%-ында бұндай қатысу тәжірибесі жоқ.

Ең көп таралғаны – жастар ұйымдары жұмыстары мен жобаларына қатысу – 25,4%. Әрбір бесінші жас қазақстандықта саяси партиялар жұмысына қатысу

тәжірибесі бар – 20,9%. Әр оныншы жаста Қоғамдық кеңестер жұмысына қатысу тәжірибесі бар – 12,6%. Басқа қатысу формалары (құқық қорғау, діни, волонтерлік ұйымдар, қайырымдылық т.б.) кең таралмаған және жиынтығында 27%-ды құрады.

№48 диаграмма. «Сізде соңғы 1-2 жылда төмендегі ұйымдардың немесе жобалардың жұмысына қатысу тәжірибесі бар ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі (үш жауаптан көп емес), пайызбен (%)



Жастардың қатысуы мейлінше аз байқалған формалар кәсіпкерлікті дамыту жобалары (3,4%) мен діни ұйымдар жұмысы (2,4%). Мемлекет тарапынан жастар кәсіпкерлігіне қолдау көрсетіліп отырғанын ескеріп, жастар арасында ақпараттық жұмысты жүргізудің сапасы мен іске асыру тиімділігіне көңіл бөлу керек.

Сонымен бірге, есейген сайын қатысу тәжірибесі жоқ жастар саны да азаяды. Осылайша, 14-18 жас тобында қатысу тәжірибесі жоқтар көрсеткіші 42,5% болса, 29-34 жас тобында - 33%. Тиісінше, волонтерлік, экологиялық қозғалыстарға қатысушылар басқа топтарға қарағанда 14-18 жастағылар арасында жиі байқалды, ал 29-34 жас тобында қатысу тәжірибесі жан-жақты.


Тұру аймағына қарай қатысу тәжірибесіне қарасақ, жастар ұйымдары жұмыстары мен жобаларына жастардың барынша белсене қатысуы байқалған аймақтар – Жамбыл (35%), Қызылорда (37,6%) және Павлодар (37,1%) облыстары. Қызылорда (38,8%) мен Ұлытау (59,1%) облыстары респонденттері саяси партиялар жұмыстарына қатысқанын атады. Ал қандай болса да ұйымдар жұмысына қатысу тәжірибесі жоқтығын жиі көрсеткендер - Ақтөбе (45,7%), Шығыс Қазақстан (46%) облыстары мен Шымкент қаласы (47%) респонденттері.

Азаматтық белсенділік

2022 жыл деректерімен салыстырғанда жастар арасында волонтерлік және еріктілер қозғалыстарына қатысушылар саны тіркелді. «Сіз волонтерлікпен, ерікті қызметпен (ақшалай сыйақысыз, ерікті түрде адамдарға көмек көрсету) айналысасыз ба?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі №49 диаграммада көрсетілген. Белсенді волонтер-қатысушылар саны 3,9%-дан (2022 ж) 15,2% -ға дейін (2023 ж) төрт есе өсті. Волонтерлікпен кезең-кезеңмен, анда-санда

айналысатындар саны да өсті - 35,1%. Сонымен бірге ешқашан қатыспағандар мен қатысу туралы жоспарламаған респонденттер саны 52,2% - дан (2022 ж) 42,7% - ға дейін (2023 ж) 9,5%-ға қысқарды,

№49 диаграмма. «Сіз волонтерлікпен, ерікті қызметпен (ақшалай сыйақысыз, ерікті түрде адамдарға көмек көрсету) айналысасыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%), 2022-2023 жж



Сауал нәтижелері респонденттердің құндылық бағыт-бағдары туралы жауаптарымен үндесіп жатыр. Еске түсірсек, құндылықтар құрылымындағы адамдарға көмектесу ынтасы волонтерлікпен, ерікті қызметпен айналысу әлеуеті барлығын көрсетеді. Бұл арада келесі үрдістерді ескерген дұрыс:

1) жас тұрғысынан алғанда мейлінше белсенділер студенттер (ЖОО-да оқып жүрмін) қатарынан болғандығына қарамастан, мектеп оқушыларына (9-11 сыныптар) назар аудару қажет, өйткені бұл топ жастарында осындай қызметпен айналысуға дайындық пен сұраныс қалыптасқан (№19 кесте). Ең алдымен, оқушылар ниеті одан әрі оқу траекториясын жоспарлаумен және портфолие қалыптасуымен байланысты.

2) орта арнаулы, кәсіби- техникалық білімі бар респонденттер волонтерлікпен, ерікті қызметпен айналысуға көбіне мүдделі емес (№19 кесте).

№19 кесте. «Сіз волонтерлікпен, ерікті қызметпен (ақшалай сыйақысыз, ерікті түрде адамдарға көмек көрсету) айналысасыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), білім деңгейі тұрғысынан, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	Аяқталмаған орта, мектептің 9 сыныбы	Орта, мектептің 11 сыныбы	Кәсіптік-техникалық, орта арнаулы, колледж, училище	Аяқталмаған жоғары ЖОО-да оқып жүрмін	Жоғары, ЖОО бітірдім	Дипломнан кейінгі білім (магистр/кандидат, ғылым докторы, PhD доктор)
Иә, мен белсенді волонтер-қатысушымын	6,9	14,6	8,4	19,4	16,4	18,5
Иә, анда-санда волонтерлік, ерікті қызметпен айналысамын	42,9	45,1	29,8	25,6	38,9	24,3
Жоқ, бірақ болашақта волонтерлік, ерікті қызметке қатысуды жоспарлап отырмын	0,5	0	1,5	3,8	8,7	3,5

Ешқашан қатысқан жоқпын және қатысу ойымда жоқ	48,1	40,2	60,3	49,3	33,2	48,6
Жауап беруге қиналамын	1,6	0	0	1,9	2,8	5,2

Ауыл жастарымен салыстырғанда (31,3%) қала жастары волонтерлік қозғалысқа эпизодтық (сәттік) қатысуды жиі көрсетті (37,3%), сол сияқты ауыл жастары арасында волонтерлікпен айналысқысыкелмейтіндер көбірек байқалады.

Аймақтық тұрғыдан қарағанда мейлінше белсенді жас волонтерлер Павлодар (25,7%), Батыс Қазақстан (25,4%) және Шығыс Қазақстан (22,2%) облыстарында тұрып жатыр. Волонтерлік қозғалысқа жастар қатысу көрсеткіші төмен аймақтар: Абай (69,1%) мен Атырау (50%) облыстары. Бұл аймақтарда жастардың едәуір бөлігі тұратынын ескеріп, осы қызметке жастарды тарту және ақпараттандыру бойынша жұмысты қарқындырақ жүргізген дұрыс деп ойлаймыз.

Осылайша, жастар ортасында волонтерлікпен айналысуға сұраныс қана емес, тәжірибеден өткен практик да бар. Бұл дағдылар жиынтығында волонтерлік қана емес басқа салаларда да тиімді нәтиже бере алады. Сондықтан да волонтерлік жобаларды қолдау, бастамашы болу, әлеует бар және мүдделер тоғысатын салаларда (формалды емес білім беру, ғылыми қызмет, спорт т.б.) дамыту қажет.

Наразылық әлеуеті

Әлеуметтік-экономикалық саладағы мәселелер жастар арасында наразылық белсенділіктің артуына мейлінше әсер ететін себептер болып табылады (№20 кесте). Респонденттердің субъективті пікірі бойынша жастар арасында наразылық белсенділіктің артуына ықпалын тигізетін себептердің бірі – азақ-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының көтерілуі. 37,1% - ы бұл себепті наразылық «болу мүмкіндігінің жоғары деңгейі» деп, 25,3% -ы «болу мүмкіндігінің орташа деңгейі» деп бағалады. Сыбайлас жемқорлық (28,3%) пен коммуналдық қызмет құнының көтерілуі (34,8%) бойынша наразылық акцияларының болу мүмкіндігі орташа деңгейге ие.

Тұтастай алғанда, 2022 жыл деректерімен салыстырғанда респонденттер бағалауынша жоғарыда көрсетілген себептерден басқа себептер бойынша наразылық акцияларының болу мүмкіндігі деңгейлерінің төмендеуі байқалады. 2022 жылмен салыстырғанда сыбайлас жемқорлық салдары бойынша наразылық мүмкіндігінің жоғары деңгейі 1,9% -ға. орташа деңгейі 4,6% -ға өсті. Коммуналдық қызмет құнының көтерілуі бойынша наразылық мүмкіндігінің жоғары деңгейі 3,9% -ға. орташа деңгейі 5,6% -ға өсті. Баға қымбаттауына байланысты осындай көрсеткіштер жоғары деңгей 11,8 %-ға өссе, орташа деңгейі керісінше 4,6% -ға түсті.

№20 кесте. «Қалай ойлайсыз, төменде келтірілген себептер бойынша сіздің аймақта жаппай көпшілік қозғалыс, наразылық акциялары болуы мүмкін бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%), 2022-2023 жж.

Жауап нұсқалары	Болу мүмкіндігінің жоғары деңгейі		Болу мүмкіндігінің орташа деңгейі		Болу мүмкіндігі аз		Мүмкін емес		Жауап беруге қиналамын	
	2023ж.	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.	2022ж.
Этникалық белгі бойынша құқық шектелуі	11,4	10	19,4	24,2	29,2	31,1	32	25,4	8,1	9,5
Елдегі жағдайға, билік саясатына, кеңілі толмау, наразы болу	13,1	13,4	24,7	24,5	27,5	29,4	25,6	22	9,2	10,9
Еңбек дау-жанжалдары	9,5	13,1	27,3	24,1	29,3	32,7	25,8	21	8,3	9,2
Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының шектен шығар әрекеттері	14,5	13,4	17	24,5	29,4	29,4	28,2	22	11,1	10,9
Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл мәселелерін шешуге ұмтылыс танытпауы	15,3	14,5	20,8	26,4	28,9	29,9	27,4	20,3	7,8	9
Сыбайлас жемқорлық	16,8	14,9	28,3	23,7	19,4	29,1	27	22,6	8,6	9,8
Әлеуметтік төлемақының төмендеуі (жәрдемақы, зейнетақы, стипендий)	11	16	20,4	26,6	28,9	28	29,7	20,4	10,2	9,2
Коммуналдық қызмет тарифінің көтерілуі	23,8	19,9	34,8	29,2	22,9	25,7	10,6	17,5	8,1	7,8
Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының көтерілуі	37,1	25,3	25,3	29,9	15,7	21,2	13,1	16,1	8,9	7,6

Аймақтардағы наразылық болу әлеуетінің өзіндік ерекшеліктері бар¹⁵ (№21 кесте). Мейлінше жоғары наразылық болу әлеуеті Абай облысында байқалды. Респонденттер пікірі бойынша көрсетілген себептері болу мүмкіндігі жоғары деңгеймен аймақ жастарының наразылық білдіру әлеуетіне теріс әсер етіп отыр. Дау-жанжалды ашық қақтығыстарға жеткізетін триггер ахуалының алдын алу үшін жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары жағдайды бақылауда ұстауы қажет. Ұқсас ахуал Қостанай облысында, тек әлеуметтік төлемақының төмендеуінен басқа себептер бойынша көрсеткіштер шамалас.

Респонденттер пікірі бойынша Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында наразылық акцияларының болуына ықпалын тигізетін себептер сәл аздау.

¹⁵ Төменде «Болу мүмкіндігінің жоғары деңгейі» мен «Болу мүмкіндігінің орташа деңгейі» жауаптары жиынтығы бойынша бағалар көрсетілген

Ал елдің басқа аймақтары бойынша наразылық акцияларының болу мүмкіндігі біркелкі, орташа.

№21 кесте. «Қалай ойлайсыз, төменде келтірілген себептер бойынша сіздің аймақта жаппай көпшілік қозғалыс, наразылық акциялары болуы мүмкін бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі («Болу мүмкіндігінің жоғары деңгейі» мен «Болу мүмкіндігінің орташа деңгейі» жауаптары біріктірілген) (бір жауап) пайызбен (%)

Аймақ	Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының көтерілуі	Әлеуметтік төлемақының төмендеуі (жәрдемақы, зейнетақы, стипендия)	Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл мәселелерін шешуге ұмтылыс танытпауы	Коммуналдық қызмет тарифінің көтерілуі	Еңбек дау-жанжалдары	Этникалық белгі бойынша құқық шектелуі	Сыбайлас жемқорлық	Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының шектен шығар әрекеттері	Елдегі жағдайға, билік саясатына, көңілі толмау, наразы болу
Абай	74,6	76,4	69,1	74,5	60	60	61,8	60	65,5
Ақмола	52	28	32	46,6	24	21,4	26,7	29,3	33,3
Ақтөбе	55,3	34	40,4	54,3	33	34	37,2	31,9	42,6
Алматы	61,5	35,8	39,2	57,4	35,8	30,4	33,1	33,1	39,1
Атырау	62,5	23,6	30,5	54,2	33,4	27,8	43	20,9	27,8
Батыс Қазақстан	61,2	28,4	34,3	56,7	41,8	38,8	53,7	23,8	29,8
Жамбыл	64,2	34,1	31,7	61,8	39,8	28,5	50,4	32,5	38,2
Жетісу	67,1	35,8	34,3	64,2	34,3	28,4	29,8	32,8	37,3
Қарағанды	63,7	21,8	30,9	55,5	30	30	43,6	23,7	24,6
Қостанай	79,8	35,4	59,5	72,2	51,9	46,8	65,8	46,9	49,4
Қызылорда	65,9	32,9	29,4	58,8	27	21,2	41,1	28,2	35,3
Маңғыстау	48,8	23,8	36,3	47,5	35	32,6	35,1	35,1	40,1
Павлодар	65,7	21,5	27,1	68,5	50	22,8	65,8	17,2	32,8
Солтүстік Қазақстан	72,9	25	41,7	64,6	35,4	29,1	68,7	27,1	43,8
Түркістан	61,9	32,7	32,3	60,2	34,1	27	43,8	31,4	41,2
Ұлытау	36,4	0	0	36,4	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан	65,1	41,2	39,6	63,5	47,6	33,4	60,3	42,8	46
Астана қ.	60	25,4	37,4	54	35,3	34	42,7	30,6	36
Алматы қ.	61,1	28,7	36,4	56,4	36,3	31,6	45,3	32,1	36,7
Шымкент қ.	62,9	34,1	32,5	60,6	40,2	29,6	49,2	32,6	38,6

Наразылық туындауы әлеуеті мен нақты жанжалдық ахуал бағалары сәйкес болмауы, тіпті айтарлықтай бөлек болуы да мүмкін. Зерттеу көрсеткендей, жастардың жаппай наразылық дайын болуының ең жоғары көрсеткіштері екі пункт бойынша тіркелді: «азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының көтерілуі» - 24,1% («иә» және «неізінен, дайынмын» жауаптары жиынтығы) және «сыбайлас жемқорлық» - 16,7% . Қалған пункттер бойынша наразылық білдіруге дайын респонденттер үлесі 15% -дан асқан жоқ (№22 кесте).

2022 жыл динамикасымен қарағанда азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының көтерілуі мәселесі өзектілігін сақтап тұр. Бұл үрдіс данама түрде жастардың өз өмір сапасы мен деңгейіне қанағаттанбаушылығымен байланысты, бұл жағдайда бағаның өсуі олардың қандай болса да азық пен дәрі түрлерін алу қабілетіне ықпал ететіні сөзсіз.

Сонымен бірге, осы тұрғыдағы сауалдарға респонденттер әдетте әлеуметтік құпталатын жауап беруге тырысады, өйткені теріс жауап берген жағдайда өздерін «наразылық білдірушілер» тобына жатқызады деп қауіптенеді.

№22 кесте. «Егер сіздің аймақта орын алған жағдайда төмендегі келтірілген себептер бойынша Сіз жеке өзіңіз жаппай қарсылық қозғалысына қатысуға дайынсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап) пайызбен (%), 2022-2023 жж.

Жауап нұсқалары	Иә		Негізінен, дайынмын		Негізінен, жоқ		Жоқ		Жауап беруге қиналамын	
	2023 ж.	2022ж.	2023 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2022 ж.	2023ж.	2022 ж.
Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының көтерілуі	7	10,6	17,1	15,3	12,1	17,2	42,8	53,6	21,1	3,3
Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл мәселелерін шешуге ұмтылыс танытпауы	5,4	5	8	11,5	20,8	22,5	45	56,5	21	4,6
Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының шектен шығар әрекеттері	3,8	5,2	8,6	11	21,7	19,8	44,1	58,5	21,9	5,5
Сыбайлас жемқорлық	3,6	6	13,1	10,3	18,3	21,2	44,1	57,8	21	4,8
Этникалық белгі бойынша құқық шектелуі	2,8	4,6	9,1	11,8	22,9	20,5	43,5	58	21,8	5,1
Еңбек жанжалдары	2,7	5,6	8,7	10,4	23,7	21,4	43,6	58,6	21,5	4,1
Әлеуметтік төлемақының төмендеуі (жәрдемақы, зейнетақы, стипендий)	2,1	5,5	10,1	11,6	23,9	20	41,6	58,5	22,4	4,6
Коммуналдық қызмет тарифінің көтерілуі	1,6	8,1	11,2	13,1	18,4	19,4	46,8	55,8	22,1	3,7
Елдегі жағдайға, билік саясатына, көңілі толмау, наразы болу	5	5	8,5	10,6	22,9	20,3	41,3	58,4	22,4	5,8

Аймақтық тұрғыдан респонденттер жауабы №23 кестеде берілді. Көрсетілген себеп тер бойынша Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында жастардың жаппай наразылық акцияларына қосылуға дайындығына және наразылықтың жоғары әлеуетіне назар аударған дұрыс.

Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының көтерілуі Қостанай (59,9%) Солтүстік Қазақстан (37,5%), және Қарағанды (40%) облыстарында жастар наразылығына себеп болуы ықтимал.

Қостанай (29,2%), Павлодар (35,7%), және Батыс Қазақстан (28,4%) облыстарында сыбайлас жемқорлық жастар толқуына әкелуі мүмкін.

Қостанай (25,4%), Жетісу(19,4%), Солтүстік Қазақстан (16,7%), Абай (16,4%), Шығыс Қазақстан (15,8%) және Қарағанды (15,4%) облыстарының жастары этникалық белгілері бойынша құқықтарға нұқсан келген жағдайда наразылыққа дайын екендіктерін білдірді.

№23 кесте. «Егер сіздің аймақта орын алған жағдайда төмендегі келтірілген себептер бойынша Сіз жеке өзіңіз жаппай қарсылық қозғалысына қатысуға дайынсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, («иә» және «неізінен, дайынмын» жауаптары жиынтығы) (бір жауап) пайызбен (%)

Аймақ	Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының көтерілуі	Әлеуметтік төлемдердің төмендеуі (жәрдемақы, зейнетақы, стипендия)	Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл мәселелерін шешуге ұмтылыс	Коммуналдық қызмет тарифінің көтерілуі	Еңбек дау-жанжалдары	Этникалық белгі бойынша құқық шектелуі	Сыбайлас жемқорлық	Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының шектен шығар әрекеттері	Елдегі жағдайға, билік саясатына, көңілі толмау, наразы болу
Абай	0	3,6	0	1,8	0	16,4	0	3,6	5,4
Ақмола	14,7	8	5,4	8	2,7	9,3	6,6	10,7	13,4
Ақтөбе	17	7,5	6,4	9,6	6,4	7,5	9,6	12,8	17
Алматы	21,6	8,1	4,1	9,5	6,1	13,6	8,8	8,8	13,5
Атырау	26,4	8,4	8,3	12,5	8,3	4,2	25	11,1	9,8
Батыс Қазақстан	29,9	1,5	6	14,9	10,4	9	28,4	4,5	6
Жамбыл	18,7	13,8	17,1	15,5	11,4	13	14,7	12,2	15,4
Жетісу	25,4	9	4,5	10,4	9	19,4	11,9	12	17,9
Қарағанды	40	17,2	20	13,6	19,1	15,4	24,6	16,3	15,4
Қостанай	59,5	27,8	35,5	19	26,6	25,4	29,2	22,8	17,8
Қызылорда	9,4	10,6	10,6	9,5	7,1	5,9	8,3	8,2	8,3
Маңғыстау	16,3	11,3	10,1	8,8	10	5,1	10	17,5	16,3
Павлодар	34,3	4,3	11,4	21,4	11,4	5,7	35,7	2,9	1,4
Солтүстік Қазақстан	37,5	23	22,9	12,5	8,4	16,7	25	14,6	8,4
Түркістан	13,7	11,9	14,2	11,5	9,3	8,9	11,5	10,6	11,9
Ұлытау	0	4,5	4,5	0	0	0	4,5	4,5	4,5
Шығыс Қазақстан	25,4	17,5	20,6	23,8	15,8	15,8	19	17,4	19
Астана қ.	33,4	14,7	15,4	12	17,4	12,7	22,6	16	16
Алматы қ.	29,9	15,4	17,1	15,5	16,2	13,7	21,4	16,3	16,7
Шымкент қ.	17,4	12,9	15,9	14,4	10,6	12,8	13,6	11,4	14,4

Жастардың жаппай наразылық шараларына қатысуға дайындығын, наразылық топтарының мүмкін триггерлерін анықтаумен бірге наразылықты білдіру амалдарын қарау да зерттеудің маңызды міндеті болды. Бұл арада жастарға рұқсат етілуі мен тиімділігі тұрғысынан түрлі амалдарды қарап көру ұсынылды.

Ең тиімсіз және болмайтын амалдармен наразылық білдіру бойынша респонденттердің жауабы сәйкес болды. Олар: «рұқсат етілмеген наразылық акцияларына, шерулерге, пикет пен митингілерге қатысу» және «тіркелмеген немесе тыйым салынған партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу».

Жастар пікірі бойынша мейлінше тиімді амалдар - ресми тіркелген партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу (36,1%), үндеу мен петиция жазу (35%). Бұл амалдар сонымен бірге рұқсат етілген наразылық білдіру шаралары (№24 кесте).

№24 кесте. «Елдегі, қала/ауылдағы жағдайға қатысты наразылығын адамдар «р түрлі жолмен білдіріп жатады. Сіз қалай ойлайсыз, төмендегі амалдардың қайсысы тиімді, ал қайсысы тиімсіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%)»

Жауап нұсқасы	Тиімділігі			Мүмкіндігі		
	Тиімді	Тиімсіз	ЖІҚ	Мүмкін	Мүмкін емес	ЖІҚ
Ресми тіркелген партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу	36,1	45,9	18,1	53,1	30,4	16,6
Үндеу мен петиция жазу	35	47,3	17,7	54,5	11,6	33,9
Наразылықты әлеуметтік желілер арқылы білдіру	33,2	48,6	18,3	49,8	16,5	33,7
Ресми билік органдарына хабарласу	33,2	48,5	18,3	49,9	17,4	32,7
Рұқсат етілген наразылық акцияларына, шерулерге, пикет пен митингілерге қатысу	15,9	64,8	19,4	11,6	26,9	32,2
Рұқсат етілмеген наразылық акцияларына, шерулерге, пикет пен митингілерге қатысу	12,4	70	17,7	33,9	58,2	32,2
Тіркелмеген немесе тыйым салынған партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу	8,9	69,1	22,1	15,6	50,9	33,6

Наразылық білдірудің қандай болса да амалының мүмкіндігін (рұқсат етілуін) бағалау жекелеген аймақтарда рұқсат етілмеген амал-тәсілдердің мүмкін екендігін көрсеткен жастардың үлесі айтарықтай жоғары. Тіркелмеген немесе тыйым салынған партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу мүмкін екенін Ақтөбе облысында жастардың 26,6%-ы, Маңғыстау облысында 27,3% -ы, Абай облысында 27,3% - ы көрсетті.

Ал рұқсат етілмеген наразылық акцияларына, шерулерге, пикет пен митингілерге қатысу мүмкіндігі барын Ақмола (17,3%), Маңғыстау (15%), Ақтөбе (13,8%) облысы жастары білдірді.

Жастар құқығының сақталуы

Дискриминация мәселелері, құқықтың сақталмауы өте елеулі, әсіресе жастар ортасында. Елдің мәдени әралуандығы да өз әсерін тигізіп жатады. Осындай жағдайда инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың маңызы ерекше. Ол теңдік,

толеранттылық, ашықтыққа, жеке тұлғаның қандай болса да этникалық, діни, әлеуметтік, тілдік топқа жатуына қарамастан қоғам мүшелерінің бір-біріне төзімді болуына негізделген және азаматтардың бейбіт өмір сүруі мен мемлекет тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Бұл бағыттағы маңызды мәселенің бірі - кемсітушіліктің (дискриминация), жастар құқы бұзылуының көрінісі. Зерттеу нәтижелеріне сай жастардың басым көпшілігі қандай белгідегі болса да кемсітушілікті сезінбейді (71,8%).

№50 диаграмма. «Сізде өзіңіздің құқыңыз бұзылған жағдайлар болды ма? Сіз кемсітушілікпен кездестіңіз бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі (үш жауаптан көп емес), пайызбен (%)



* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

Дискриминацияға ұшырағандардың 6,3% - ы себеп ретінде білім деңгейін көрсетті. Сауалға қатысқан жастардың 5,2% - ы қазақ тілін білмеуіне байланысты кемсітушілік көрсе, респонденттердің 5% - ы гендерлік сипатына қарай кемсітушілікті сезінген (№50 диаграмма).

Дискриминация мәселесі орыс этносы жастары үшін өзекті болып тұр. Олардың 9,8% - ы қазақ тілін білмеуіне байланысты, 6,8% - ы гендерлік сипатына байланысты кемсітушілік болғанын көрсетті (№25 кесте). Өзге этностарға қарағанда кемсітушілік пен құқық бұзушылықты жоққа шығарғандар үлесі де дәл осы орыс жастарында кем- 61,7%, қазақтарда бұл көрсеткіш 73,9% болса, өзге этнос өкілдерінде 79,7%. Білім деңгейіне байланысты кемсітушілікті орта білімді (11 сынып) жастар – 15,9%, сол сияқты орта арнаулы білімі барлар (15,9%) және кәсіптік-техникалық білімі бар жастар (13,7%) жиірек көрсетті.

№25 кесте. «Сізде өзіңіздің құқыңыз бұзылған жағдайлар болды ма? Сіз кемсітушілікпен кездестіңіз бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі (үш жауаптан көп емес), этникалық белгісі тұрғысынан, пайызбен (%)

Жауап нұқсалары	Қазақтар	Орыстар	Өзгелер
Менің этникалық тегіме байланысты	0,8	0	0
Қазақ тілін білмеуіме байланысты	4,1	9,8	2,4
Орыс тілін білмеуіме байланысты	3,3	4,3	0
Гендерлік сипатыма қатысты	4,6	6,8	3,3
Ауылдан келгеніме байланысты	2,8	1,4	4,7
Жасыма байланысты	5,7	2,3	0
Сексуалдық бағдарға қатысты (ЛГБТ+)	0	0	2,4
Ментальдық және дене қабілетінің шектеулігіне байланысты	0,4	0,7	0
Білім деңгейіне байланысты	7,6	3,2	4,7
Кемсітушілік пен құқық бұзушылық болған жоқ	73,9	61,7	79,7
Жауап беруге қиналамын	4,1	18,8	7,5

Қауіпсіздік мәселелері

Қауіпсіздік – тұлғаның қалыпты дамуын қамтамасыз ететін құбылыс. Қауіпсіздіктің қажеттілігі адам сұраныстары ішінде базалық болып табылады, оны жартылай қанағаттырмайынша, тұлғаның үйлесімді дамуы, өз-өзін іске асыруға жетуі мүмкін емес.

Зерттеу нәтижелері сауалға қатысқан жастардың басым бөлігі (87,6%) өздерінің жеке қауіпсіздіктеріне сенімді деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Әрбір оныншы жас қазақстандық (12,5%) өз қауіпсіздіктеріне алаңдаушылық білдірді. Өз қауіпсіздігіне сенімсіз қала мен ауыл жастары саны бірдей (тиісінше 12,3% және 12,9%). Өз қауіпсіздігіне сенімсіз жастар арасында кіші жас тобы (14-18 жас) бөлінеді (21,4%), ерлер жиірек кездеседі (11,3% әйелдер көрсеткішіне қарсы 13,7%), қазақтар - 14,8%. Аймақтық тұрғыдан өз қауіпсіздік деңгейлерін Ақмола (17,3%), Түркістан (18,6%) және Шығыс Қазақстан облыстарының (17,5%) жас тұрғындары оң бағалап отырған жоқ.

Зерттеу нәтижелері бойынша «Сіз өзіңізді төмендегі жағдаяттардан қаншалықты қорғалғанмын деп сезінесіз?» деген сұраққа жауап берген жас азаматтардың көпшілігі өздерін түрлі жағдаяттардан қорғалғанмын деп сезінетіндіктерін көрсетті. Сұралған жастардың 82,9% - ы өздерін қылмыстан қорғалғанмын деп сезінеді, жұмыстан айырылу қаупінен қорғалғанмын деп санайтындар саны сәл төмен – 77,1%. Тиісінше, респонденттер арасында қылмыстан түрлі деңгейде қорғалмағанмын деп сезінетіндер - 13,5%, жұмыстан айырылудан қорғалмағандар - 18,6% (№51 диаграмма). Абай (32%), Қостанай (33%) Солтүстік Қазақстан (27,1%) облыстарының жас тұрғындары жұмыстан айырылу қаупі туралы жиірек айтты.

№51 диаграмма. «Сіз өзіңізді төмендегі жағдаяттардан қаншалықты қорғалғанмын деп сезінесіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бір жауап), пайызбен (%)



Жастардың 17,9% - ы *сот әділетсіздігінен* қауіптенеді. Кейбір аймақтарда осы пункт бойынша алаңдау жалпыреспубликалық көрсеткіштен жоғары: Қостанай облысында (27,8%), Маңғыстау облысында (27,5%).

Қаңтар оқиғалары жастар санасы мен көңіл-күйлеріне әлі де әсер етуде. Қауіптену, алаңдаушылық бойынша үшінші орында *террорлық акт қатері* тұр. Бұл әсіресе, Қостанай (32,9%), Маңғыстау (25%) облыстары жастарын алаңдатуда.

Құқық қорғау органдарының озбырлығынан қорғалмағандық сезімі Абай (25,4%), Қостанай (26,6%) облысы жастары арасында жиі.

Шенеуніктердің озбырлығы Маңғыстау (25%) және Жетісу (25,3%) облысының жас тұрғындарын көбірек алаңдатады..

Цифрлық қоғам мен технология, оның ішінде әлеуметтік желілерде жеке деректердің, шығып кетуі қатерін өзекті етеді қауіпсіздікке ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері бұл фактор жастарда онша алаңдаушылық туғызбайды деп қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр. Көрсеткіш – 81,3,% («Қорғалғанмын», «Негізінен қорғалғанмын» жауаптарының жиынтығы).

7. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мемлекеттік жастар саясатының тиімділігі мәселелері


Қазақстандағы жастар саясатының мақсаты жастардың рухани, мәдени, кәсіби және физикалық дамуы, білім алуы үшін, қолайлы жағдай жасау, олардың табысты әлеуметтенуі мен шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету, жастар әлеуетін ел дамуына бағыттау¹⁶.

Мемлекеттік жастар саясатының тиімділігінің негізгі индикаторы - оның іске асырылуының тиімділік деңгейін жастардың бағалауы.

Зерттеу нәтижелері бойынша жастардың басым бөлігі мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу тиімділігін жоғары бағалайды, жиынтығында 68,7% - ы тиімділік жоғары деп көрсетті. Ал жиынтығында 15,7% жас респонденттер түрлі деңгейде іске асырылуға тиімсіз деп баға берсе, тағы 10,9% - ы бұл бағыттағы шаралардан хабарсыз екенін жеткізді.

Мемлекеттік жастар саясатының іске асыру тиімділігін бағалау соңғы 3 жыл 2021-2023 жылдар динамикасында оң динамикаға ие (№52 диаграмма). Нақтысында, МЖС-ға оң баға берген респонденттер саны 2021 жылдағы 17,4% -дан 2023 жылғы 30,1% - ға дейін, яғни екі есеге өсті. Ал қанағаттанбаушылықтың төменгі деңгейін көрсеткендер тек 2023 жылғы сәл 2,6% - ға өсіммен өз көрсеткіштерін сақтап қалды. Жастар саясаты туралы білмейтін, естімеген жастар үлесі 7,8% - ға қысқарды: 2021 жылғы 18,8% - дан 2023 жылы 10,9% - ға дейін.

№52 диаграмма. «Сіздің пікіріңізше, елімізде мемлекеттік жастар саясатын (жастарды қолдау мен дамыту) іске асыру тиімді жүргізілуде ме?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап) пайызбен (%)



Респонденттер жауаптарын жастарына қарай жіктеу жастар саясатының тиімділігін 19-23 жас тобы (73,7%) мен 29-34 жас тобы (78,9%) жиі атағанын көрсетті. Ал тиімсіз деген бағаны 14-18 жас тобы (23,6%) мен 24-28 жас тобы (24,5%) көбірек

¹⁶ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000285>

берді. Хабардар болу деңгейі жа есеюімен бірге төмендеу үрдісін көрсетті. Тек 29-34 жас тобында бөлек жағдай, олардың 14,8%- ы ақпарат жоқтығын білдірді. Бұл мүмкін жастардың жасын 34 –ке дейін ұлғайту туралы Заңның қабылдану мерзіміне (2022 ж, желтоқсан) байланысты болар.

Ауыл жастарының МЖС-ны іске асыруды қалалықтармен (14,2%) салыстырғанда тиімсіз деп жиі көрсеткені назар аударады (18,2%). Сол сияқты ауыл жастарында хабарлану деңгейі де төмендеу (қала жастарының 10,6% - ына қарсы 11,4%).

Аймақтар тұрғысынан Ақмола, Маңғыстау облыстарында тиімділікке берілген теріс бағамен бірге хабарлану деңгейінің төмендігі де назар аударатын белгі (№26 кесте), Сол сияқты жиынтығында МЖС тиімділігінің төмен деңгейі Солтүстік Қазақстан облысында да байқалды.

Батыс Қазақстан, Қызылорда және Ұлытау облысының жастары МЖС-ға жоғары және ортадан жоғары баға қойды.

№26 кесте. «Сіздің пікіріңізше, елімізде мемлекеттік жастар саясатын (жастарды қолдау мен дамыту) іске асыру тиімді жүргізілуде ме?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап), аймақтар тұрғысынан, пайызбен (%)

Аймақ	тиімді	Негізінен тиімсіз	Негізінен тиімсіз	Тиімсіз	МЖС туралы білмеймін естіген жоқпын
Абай	30,9	45,5	3,6	16,4	3,6
Ақмола	16	38,7	5,3	20	20
Ақтөбе	24,5	38,3	8,5	12,8	14,9
Алматы	27	34,5	8,1	12,8	16,9
Атырау	33,3	36,1	2,8	12,5	11,1
Батыс Қазақстан	35,8	44,8	3	4,5	6
Жамбыл	33,3	43,1	1,6	7,3	7,3
Жетісу	25,4	38,8	9	11,9	14,9
Қарағанды	34,5	39,1	5,5	7,3	10,9
Қостанай	39,2	20,3	12,7	10,1	15,2
Қызылорда	29,4	50,6	3,5	10,6	4,7
Маңғыстау	18,8	33,8	7,5	16,3	17,5
Павлодар	35,7	41,4	5,7	0	4,3
Солтүстік Қазақстан	43,8	22,9	14,6	8,3	4,2
Түркістан	27,9	41,2	3,1	12,8	9,3
Ұлытау	13,6	77,3	4,5	0	4,5
Шығыс Қазақстан	31,7	39,7	1,6	6,3	7,9
Астана қ.	32	32,7	7,3	10	13,3
Алматы қ.	29,9	38	5,6	9	11,1
Шымкент қ.	33,3	40,9	2,3	6,8	8,3

Сонымен бірге МЖС тиімділігін бағалау мен жұмыспен қамтылу типі арасында жіктелім байқалады. Жастар саясатын негізінен оң бағалап отырғандар – жұмыспен толық қамтылғандар (жиынтығында 83,7%). Бұл жұмыспен толық қамтылу жастарға тұрақты табыс пен өмір сүрудің жақсы жағдайын, даму перспективасын бере алатындығымен түсіндіріледі. Ал жұмыспен жартылай қамтылғандар (жиынтығында 48,8%), денсаулық жағдайына байланысты жұмыс

істемейтіндер (жиынтығында 43,8%), жұмыссыздар (жиынтығында 39%), әсіресе НЕЕТ санатындағы жастар (жиынтығында 26,9%) тиімділікке оң баға беруге бейім емес. Осы санаттағы жастар оқуда, жұмысқа орналасуда немесе қолдау алуда кедергілерге ұшырасатын болар, тиісінше бұл кедергілер олардың жастарға бағытталған мемлекеттік саясатты қабылдауына әсер ететіні сөзсіз. Түрлі жастар тобын, әсіресе ерекше қажеттілігі бар жастарды еңбек нарығына тартуды жалғастыру керек. Бұл өз кезегінде олардың өмір сапасын арттырады және мемлекеттік бюджетке түсетін салмақты жеңілдетер еді.

МЖС тиімділігін нақты бағалау үшін респонденттерге «Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда ең алдымен неге назар аудару қажет?» сауалы қойылған болатын. Алынған деректер 2021-2023 жылдары басымдықтары өзгермегенін көрсетті. Бұл, ең алдымен, жұмысқа орналасу (26,6%) мен жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету (28,1%) (№53 диаграмма). Сонымен бірге жастардың 15,1% ы ешқандай қолдауды күтіп отырған жоқ. Сол сияқты 2021-2023 жылдар аралығында жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасының артуына жастар сұранысының төмендегені байқалады.

№53 диаграмма. «Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда ең алдымен неге назар аудару қажет?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап), пайызбен (%), 2021-2023 жж.



Респондент жауаптарын жас топтарына қарай жіктеу барлық төрт жас тобында да баспана мен жұмысқа орналасу ең өткір мәселе екенін көрсетті. Сонымен бірге 29-34 жастабында бұл мәселелердің өзектілік деңгейі жоғарылау және жастар саясатын іске асыру шеңберінде қолдау күтіп отырғандар да осы жас тобында көптеу. Ал 14-18 жас тобындағыларда осындай күту барынша төмен, 24,8% - ы қандай болса да мемлекеттік қолдауды күтіп отырған жоқ.

Алынған деректер қала мен ауыл жастары арасында сұраныс пен қабылдауға қатысты кейбір айырмашылықтар барлығын көрсетті. Қала жастары үшін жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету (29,1%, ауыл жастарында - 26,4%) % мен жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасының артуы (12,7%, ауыл жастарында - 10,0%). Бұл қала аудандарындағы қолжетімді сапалы баспана алу қиындығына байланысты болар, әдетте қалада тұрғын үй бағасы жоғары. Ал ауыл жастары үшін жұмысқа орналасу (28,4%, қала жастарында - 25,4%), жалақы,

стипендия, жеңілдіктердің артуы (13,7%, қала жастарында – 10,6%), маңыздырақ. Бұл ауылдық жерлердегі жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің шектеулігімен байланысты болар, ауылдық жерде жұмыс негізінен ауыл шаруашылығына қатысты болып келеді, басқа салаларға сұраныс төмен. Сонымен бірге ауылдық жерлердегі экономикалық даму шектеулігі мен табыстың төмен деңгейі де әсер етеді.

Аймақтар бойынша жауаптарды жіктеудегі ерекшеліктер №27 кестеде көрсетілген. Тұрғы үй мәселесі мейлінше өткір аймақтар - Костанай (41,8%), Павлодар (44,3%), Солтүстік Қазақстан (45,8%) облыстары. Абай (58,2%), Жетісу (32,8%) и Павлодар (32,9%) облысы жастарын жұмысқа орналасу көбірек алаңдатады. Мемлекеттік саясатты іске асырудан қандай болса да қолдау күтпейтін жастар Ақмола (29,3%), Атырау (25%) және Маңғыстау (23,8%) облыстарында басымдау. % барынша өзекті.

№27 кесте.. «Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда ең алдымен неге назар аудару қажет?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап), облыстар бойынша, пайызбен (%)

Аймақ	Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету	Жұмысқа орналастыру	Қол жетімді медициналық қызметтер	Жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру	Шәкіртақыларды, жалақыларды, жеңілдіктерді арттыру	Мен ешқандай қолдау күтпеймін
Абай	5,5	58,2	10,9	0	5,5	20
Ақмола	14,7	20	8	12	16	29,3
Ақтөбе	17	30,9	7,4	9,6	17	17
Алматы	20,9	27,7	10,8	6,1	20,9	13,5
Атырау	22,2	27,8	9,7	9,7	5,6	25
Батыс Қазақстан	32,8	28,4	14,9	4,5	6	13,4
Жамбыл	34,1	25,2	3,3	15,4	9,8	12,2
Жетісу	14,9	32,8	13,4	9	23,9	6
Қарағанды	34,5	23,6	6,4	18,2	6,4	10,9
Қостанай	41,8	25,3	13,9	3,8	7,6	7,6
Қызылорда	27,1	20	1,2	30,6	5,9	15,3
Маңғыстау	17,5	25	5	8,8	18,8	23,8
Павлодар	44,3	32,9	8,6	0	0	14,3
Солтүстік Қазақстан	45,8	20,8	6,3	4,2	6,3	16,7
Түркістан	27,4	23	3,1	17,3	10,2	19
Ұлытау	0	9,1	0	77,3	4,5	9,1
Шығыс Қазақстан	36,5	31,7	1,6	3,2	15,9	11,1
Астана қ	30	26	6,7	7,3	14	15,3
Алматы қ	31,2	26,1	5,1	11,1	13,7	12,4
Шымкент қ	35,6	24,2	3,8	14,4	10,6	11,4

Сонымен бірге жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету қажеттілігін жұмыспен толық қамтылған респонденттер жиі айтты (34,4%). Бұл осы жастар тобы үшін отбасын құру, тұрақтылық пен еркіндікке ұмтылу тұрғысынан тұрғын үй мәселесінің маңыздылығына дәлел. Жұмыспен толық қамтылмаған жастар үшін жұмысқа орналасу мәселесі (23,2%) маңызды. Бұл осы топтағы жастардың

жұмыспен толық қамтылудағы қиындықтармен байланысты болар. Олар үшін өздерін тұрақты, лайықты жұмыспен қамтамасыз ету қажет. Жұмысқа орналасу сол сияқты жұмыссыздар (жұмыс іздемейтін) (42,3%) мен студенттер (32,6%) үшін өзекті. Бұл жұмысты белсенді түрде іздемейтін жұмыссыздар жұмысқа орналасу қажеттілігін сезіне бастағанын, ал студенттердің өз болашақтарын, еңбек мансаптарын ойлай бастағанын білдіруі мүмкін. Ерекше қажеттілігі бар жастар үшін жалақы, стипендия, жеңілдіктердің артуы, сол сияқты жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасының артуы (әр нұсқада 28,1%-дан) маңызды саналады. Яғни, осы топ жастарын тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету, оқу мен еңбек нарығында кездесетін кедергілерді алу осы санат жастары үшін әлі өзекті күйінде. Ал жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар мен мектеп оқушылары жастар саясатын іске асыру шеңберінде қандай болса да қолдау күтіп отырған жоқ.

Жастар бағдарламалары мен жобаларға тартылу

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру - кешенді процесс, түрлі арнайы бағдарламалар мен жобалар осы үрдістің компоненттерінің бірі болып табылады. Арнайы бағдарламалар мен жобалар туралы жастар қаншалықты хабардар?

Жастарға арналған бағдарламалар мен жобаларға жастардың орташа алғанда 8% -ды құрап отыр, 5,2% бен 12,7% аралығында («білемін, қатыстым, іріктеу конкурсынан өттім», («білемін, қатыстым, іріктеу конкурсынан өте алмады» жауаптарының жиынтығы). Бұл жастардың бағдарламалар, жобалар туралы хабардар болса да, оған тиісті қызығушылық білдірмегенін немесе оларға қатысу мүмкіндіктерін таба алмағанын білдіреді. Бұл түрлі себептерге байланысты болуы мүмкін, оның ішінде ақпараттың шектеулі болуы, пайдалылығын түсінбеу немесе жастарда ынталылықтың болмауы себептер бар.

Респонденттердің үштен бірі (30%-дан жоғары) бұл бағдарлама, жобалардың барлығын білмейтіндіктерін айтты. Бұл шараларға жастардың барынша кеңінен қатысуы мен қатысу мүмкіндіктері туралы ақпараттанудың жоғары болуына қол жеткізу мақсатында ақпараттандыру мен насихаттау механизмдерін жетілдіру қажеттігін білдіреді.

Жалпы алғанда, жастардың арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысу деңгейін арттыру үшін жастарды хабардар ету, ақпараттың барынша ашық, қолжетімді болуын қамтамасыз ету, қатысуға ынталандыру жағдайларын жасау жұмыстарын жалғастыру қажет. Сол сияқты бұл жоба, бағдарламаларға жастардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін тиісті стратегия мен шаралар кешенін дайындау үшін қатысудың төмен деңгейі себептеріне талдау жасалып, баға берілуі керек.

Танымалдылық рейтингінде соңғы орындарда орналасқандар: «Zhas Project» жастар корпусын дамыту жобасы (36,9% -ы ештеңе білмейді), Президенттік жастар кадр резерві (36,3% -ы ештеңе білмейді) және «Серпін-2050» (35,1% -ы ештеңе білмейді). Хабардар болудың жоғары деңгейі¹⁷ «Жастар тәжірибесі» (67,9%), «Дипломмен - ауылға» (68,3%) және арендалық баспана (69,2%) бағдарламалары бойынша белгіленді.

Тұтастай алғанда жастарды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттанудың ортадан жоғары деңгейінде жастардың өзінің бұл

¹⁷ «Бірдеңе естідім», «жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын», «білемін, қатыстым, өттім», «білемін, қатыстым, өткен жоқпын» жауаптарының жиынтығы.

шараларға қатысу деңгейінің төмен күйде қалуы алаңдаушылық тудырады. Осылайша, бұл бағдарламаларда ұсынылатын шарт-жағдайлар жастар арасында тартымсыз болып тұр (№54 диаграмма).

№54 диаграмма. «Жастарды қолдауға қатысты қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды Сіз естідіңіз, білесіз немесе қатысушысы болдыңыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (әр жолға бір жауап), пайызбен (%)



Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жас ерекшеліктеріне қарай жастардың түрлі бағдарламаларға қатысуы мен хабардар болу көрсеткіштеріне байланысты келесі қорытындылар жасауға болады:

1. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша танымалдылықтың ең төмен деңгейі – 14-18 жас тобында- 52,7%, ең жоғары деңгей – 29-34 жас тобы жастарында- 77,9%. Бағдарламаға қатысу 29-34 жас тобына көірек тән.

2. «Жастар практикасы» бағдарламасы: танымалдылықтың ең төменгі жиынтық көрсеткіші 14-18 жас тобында, ол - 51,6%. Ал ең төменгі көрсеткіші 29-34 жас тобында, ол - 75,1%. Бағдарламаға 24-28 жас тобы өкілдері жиі қатысады.

3. «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы: танымалдылық деңгейі 19-23 жас тобы бойынша жоғары - 72,2%, 29-34 жас тобында да жоғары көрсеткіш 77,1%. 14-18 жастағы жасөспірімдерде бұл бағдарлама туралы хабардар болу деңгейі төмен (танымалдылық көрсеткіші - 53,6%). Бағдарламаға жиі қатысушы жастар -19-23 жас тобы.

4. «Серпін» «Zhas Project» және Жастар кадр резерві бағдарламаларында да жалпы ортақ танымалдылық үрдіс бар, барынша жоғары хабардар жастар 29-34 жас тобында. Екінші жағынан, бұл бағдарламалар туралы аз хабардар жастар 14-18 жас тобында. Дегенмен бұл бағдарламалардың 14-18 жастағылар арасында әзірге төмен танымалдылығына қарамастан, болашақта бұлар осы жас тобы үшін әлеуетті бенефициар ретінде пайдалы бола алады. Сондықтан да бұл бағдарламалар ұсынатын тиісті ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жеткіз алуы үшін осы бағдарламалар туралы ақпараттың жастар арасында, соның ішінде 14-18 жастағы жасөспірімдер арасында таралуы бойынша қосымша шаралар алған маңызды.

Жалпы алғанда жаспен бірге бағдарлама туралы ақпараттану деңгейі де, оларға қатысу мүмкіндігі де өсіп отырады. 29-34 жас тобы жастары әдетте хабардар болудың жоғары деңгейін көрсетеді және осы бағдарламаларға жиі қатысады. Дегенмен түрлі бағдарламаларда белсенділік пен қызығушылық танытатын белгілі бір жас топтары бар.

Аймақтық тұрғыдан алғанда «Жастар практикасы» бағдарламасының танымалдылығы Батыс Қазақстан (жиынтығында 85,1%), Павлодар (84,3%), Солтүстік Қазақстан (83,4%) облыстарында жоғары. Тиісінше, Шығыс Қазақстан (50,9%) мен Ақмола (50,6%) облыстарында көрсеткіш төмен.

«Нұрлы жер» бағдарламасының Батыс Қазақстан (86,6%), Павлодар (85,7%) облыстарында танымалдылық көрсеткіштері жоғары, ал мейлінше төмен көрсеткіштер Шығыс Қазақстан (57,1%) мен Ақмола (53,4%) облыстарында.

«Дипломмен - ауылға» бағдарламасы Батыс Қазақстан (86,6%), Павлодар (85,7%), облыстарында жоғары көрсеткішке ие, мейлінше төмен көрсеткіштер Маңғыстау (55,1%) мен Ақмола (53,3%) облыстарында байқалды.

«Жастар кадр резерві» бағдарламасының танымалдылығы. Солтүстік Қазақстан (87,5%), Павлодар (87,1%) облыстарында жоғары. Мейлінше төмен көрсеткіштер Ұлытау (50%) , Ақтөбе (50,9%) мен Ақмола (46,8%) облыстарында байқалды.

«Zhas Project» бағдарламасының танымалдылығы. Солтүстік Қазақстан (85,4%), Павлодар (85,7%), облыстарында жоғары. Мейлінше төмен көрсеткіштер Шығыс Қазақстан (50,8%), Ақтөбе (47,9%) , Маңғыстау (51,4%) облыстарында байқалды.

Осылайша, түрлі бағдарламалардың Қазақстанның түрлі аймақтарындағы танымалдылық деңгейінде айтарлықтай өзгешеліктер болуы мүмкін. Бұл ақпараттың таралуы, аймақтық ұйымдар белсенділігі, басқа да әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер сияқты факторлармен негізделеді.

№28 кесте. «Жастарды қолдауға қатысты қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды Сіз естідіңіз, білесіз немесе қатысушысы болдыңыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (әр жолға бір жауап), пайызбен (%)


		Бірдеңе естідім	Жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын	Білемін, қатыстым, іріктеу конкурсынан өттім	Білемін, қатыстым, бірақ іріктеу конкурсынан өткен жоқпын	Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын
«Жастар практикасы»	Қала	27,1	35,3	4,1	2,8	30,6
	Ауыл	28,7	27,8	4,5	4,3	34,7
«Нұрлы жер»	Қала	21,1	40,8	4,3	3,2	30,6
	Ауыл	26,8	33,9	2,4	5,4	31,4
«Дипломмен - ауылға»	Қала	18,9	43,3	4,9	3,2	29,7
	Ауыл	19,2	38,4	5,4	1,7	35,3
«Жасыл ел»	Қала	19,8	37	7,7	4,4	31
	Ауыл	20,3	30,5	9,3	4,2	35,7
«Бизнестің жол картасы-2025»	Қала	22,2	40,6	4,2	2,9	30,2
	Ауыл	22,8	32,2	3,2	5,5	36,3
«Болашақ»	Қала	21	40,2	5,2	2,3	31,2
	Ауыл	20,9	34,2	3,8	3	38
«Жас кәсіпкер»	Қала	20,2	40	5,3	3	31,5
	Ауыл	20	35,3	3,7	3,6	37,5
Серпін-2050	Қала	21,1	41,7	1,2	3,2	32,7
	Ауыл	19,6	35,1	2,4	3,9	38,9
Тегін кәсіби тех.білім	Қала	17,9	41,9	5,2	2,9	32
	Ауыл	17,5	37,1	7,4	2,2	35,8
«Zhas project»	Қала	17,3	37,3	6,5	4,1	34,8
	Ауыл	16,6	32,2	5,7	5,1	40,4
Жастар кадр резерві	Қала	20,4	41,2	3	2,3	33,1
	Ауыл	18,6	34,5	3,3	2,2	41,4

Ауыл жастары арасында жүзеге асырылып жатқан жастар бағдарламалары мен жобалары туралы хабардар болудың төмен деңгейі байқалады. Орташа алғанда ауыл жастарының 37% -ы (31,4% бен 41,4% арасында) бағдарламалар жөнінде «ештеңе білмейді, естіген жоқ», ал қала жастары арасындағы осындай көрсеткіш 31,6% болды (.29,7% бен 34,8% арасында). Ауыл жастары арасындағы мейлінше төмен көрсеткіш «Zhas Project» бағдарламасы бойынша байқалды, 40,4% -ы «ештеңе білмейді, естіген жоқ», ал хабары бар респонденттер жиынтығында - 59,6%. Сол сияқты «Жастар кадр резерві» бағдарламасы бойынша да 41,4% -ы «ештеңе білмейді, естіген жоқ», ал хабары бар респонденттер жиынтығында – 58,6% (№28 кесте). Ауылдық жерлерде жұмысқа орналасу мәселесінің өткір күйде екенін ескерсек, бұл аймақтарда жастарға арналған бағдарламалар мен жобалардың қолжетімділігі мен ақпараттандыру деңгейін арттыру маңызды міндет болып табылады. Бұған коммуникациялық арналар жұмысын жақсарту, белсенді ақпараттық оқыту, ауыл жастарын тарту мен қолдауға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды ұйымдастыру т.б. шаралардыкіргізуге болады.

Жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар – адами капиталды дамытудың өте қажетті механизмі. Мемлекет ұсынылған бағдарламалар мен жобалар жастарды қаншалықты қанағаттандырады? (№55 диаграмма).

Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысуына жастардың қанағаттану деңгейі 40,5% бен 77,7% аралығында байқалды. Қанағаттанудың максималды жоғары деңгейі «Жастар практикасы» (жиынтығында 68,5%) мен «Серпін-2050» жобалары (жиынтығында 77,7%) бойынша көрсетілді, Қатысушылар арасында қанағаттанудың минималды бағалары «Болашақ» (жиынтығында 40,5%), «Нұрлы жер» (жиынтығында 43,9) және «Жастар кадр резерві» (жиынтығында 43,8%) жобалары бойынша тіркелді.

№55 диаграмма. «Егер Сіз жастарды қолдауға қатысты қандай болса да мемлекеттік бағдарламаларға қатысқан болсаңыз, көрсетілген қызметке/берілген мүмкіндіктерге қаншалықты қанағаттандыңыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап), пайызбен (%)



Жіктеуге жасалған талдау жастардың бағдарламалар мен жобаларға қанағаттану деңгейіне ықпалын тигізетін бірнеше факторларды көрсетті:

Күту, үміттену мен басымдық берудегі гендерлік айырмашылық, сол сияқты ресурстар мен мүмкіндіктер алудағы ықтимал айырмашылықтар да қанағаттану деңгейіне әсер етеді. Қатысушы жастар арасында әйел адамдарға қарағанда ерлерде бағдарламаларды оң бағалау үрдісі басым.

Ақпарат алудың төмендігіне қарамастан қалалықтарға қарағанда ауыл жастарында көп жағдайда бағдарламаларға қанағаттанадықтарын білдірді. Оның мүмкін себептерінің бірі ауыл жастарында даму мен жұмысқа орналасу салаларына қатысты үлкен қажеттілік пен сұраныстар бар, ал бағдарламалар ол сұраныстар мен қажеттіліктердің орындалуы үшін мүмкіндіктер мен ресурстар береді. Ал қала жастары түрлі жастар ұйымдарының болуымен, өзіндік даму мүмкіндіктері бар және уақыт өткізу мен демалыстың кең түрлері бар жобалар мен бағдарламаларға үміт артуы мүмкін. Бұл өз кезегінде ақырында үміт ақталмаса, сыни көзқарасқа, қанағаттанбаушылыққа әкелуі ықтимал.

Жалпылай алғанда осы факторларды түсіну жастардың түрлі топтары арасындағы әлеуметтік-демографиялық және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, жастар үміттері мен сұраныстарына сәйкес келу мақсатында жастар бағдарламалары мен жобаларын дәл құруға, бейімдеуге әкеледі.

Қазақстандық жастар трендтері

Жастар - қоғамда өз трендерін қалыптастырып, қоғамдық көңіл-күйге ықпал ететін тұрғындардың мейлінше белсенді бөлігі.

Жалпы алғанда зерттеу нәтижелері қазақстандық жастар атаған трендтер қоғамдағы өзекті әлеуметтік-мәдени өзгерістерді бейнелейтінін көрсетеді. Ол өзгерістер пандемия мен оның салдары, экономикалық және әлеуметтік теңсіздіктің болуы, бағалық өзгерістер, беделділер мен билікке көзқарастардың ауысуы сияқты түрлі факторлармен негізделеді (№29 кесте).

№29 кесте. «Қазіргі кезде қазақстандық жастарға тән барынша кең таралған трендтерді белгілеп беріңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі, (үш жауаптан көп емес), пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	2023 жыл
Қаржылық тәуелсіздік	48,2
Бөлінген және қашықтан жұмыспен қамтылу	26
Діншілдіктің өсуі	14,4
Пікір көшбасшылары мен авторитеттердің жоқтығы	11,4
Өз ойын білдіру мен митингілерге қатысу еркіндігі	10,2
Фитнес пен диеталық тамақтану	5,9
Экологиялық активизм	5,2
Субмәдениетпен емес, құндылықтар бойынша бірігу	5,1
Толеранттылық пен инклюзивтілік	2,6
Еркін қатынас, сексуалдық еркіндік	3,5
Менталдық денсаулыққа қамқорлық	1
Милитаризация	0,8
Диджитализация (цифрландыру)	0,8
Ресурстарды үнемді пайдалану	0,5
Жауап беруге қиналамын	1,7

* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес респонденттердің 48,2% -ы көрсеткен қаржылық тәуелсіздікке бағыт алу - жастар арасында ең көп таралған тренд. Әрбір төртінші респондент (26%) тренд ретінде бөлінген, қашықтан жұмыс істеуді

көрсетті. Қаржылық тәуелсіздікке бағыт экономикалық фактормен ғана емес, сонымен бірге жастардың құндылықтар мен басымдықтарындағы өзгерістермен негізделуі ықтимал. Жастардың көбі өздерінің кәсіби және қаржылық мақсаттарына жетуге, тәуелсіз болуға, өздерінің тұрақты болашағын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Жартылай, бөлінген немесе қашықтан жұмыс істеуге ұмтылыс та жастардың өмірдегі, жұмыстағы басымдықтарындағы өзгерістерді көрсетеді. Жастар икемді жұмыс кестесін таңдап, үйден немесе қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерін қарастырады. Бұл оларға өз уақытын тиімді басқаруға, жұмысты жеке уақыт, көңіл көтеру, білім алу сияқты өмірдің басқа аспектілерімен қоса жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл трендтер сонымен бірге еңбек саласында елеулі өзгерістер әкеліп, жұмыспен қамту ісінде жаңа көзқарастар қажеттілігін тудырған COVID-19 пандемиясы салдарымен байланысты болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, қаржылық тәуелсіздікке бағыт пен бөлінген немесе қашықтан жұмыс істеуге қызығушылық қазіргі қоғамдағы жастардың өзекті қажеттіліктері мен ұмтылыстарын бейнелейді. Бұл трендтер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен еңбек нарығына ұзақ мерзімді ықпал етуі ықтимал.

Сонымен бірге сауалға қатысушы 14,4%-ы діншілдіктің өсуі трендін бөліп көрсетті. Бұл кейбір жастар үшін дін өз өмірі мен құндылығында маңызды аспектіге айналғанын білдіреді. Жастар арасындағы діншілдікке жоғары мүдделілік түрлі факторлармен негізделуі мүмкін. Кей жағдайда ол пандемия тәрізді белгісіздік пен дағдарыс жағдайында өмір мәні мен моральдық құндылықтарды, рухани қолдауды іздеуден туындап жатады.

Сол сияқты жастар арасында діншілдіктің өсуі қоғамдағы мәдени-әлеуметтік өзгерістермен де байланысты болуы мүмкін. Жастар дінді қазіргі әлемде бірегейлік пен құндылықты, дәстүрді сақтау амалы деп те қабылдайды.

Дегенмен діншілдікке қызығушылық жастар арасында өзгеріп отыруы және түрлі контекстуалдық және жеке факторларға тәуелді болуы ықтимал. Кейбір жастар діни практикалар мен қауымдық діни шараларға қатысуға мүдделі болса, басқаларында ол қызығушылық ақырын болуы, ал біреулерінде мүлдем болмауы да мүмкін. Кей жағдайда жастар арасында діншілдіктің өсуі радикалды көңіл-күйдің өсуімен қатар жүруі ықтимал. Дегенмен, сенуші жастардың барлығы бірдей радикалды дінге сенушілер қатарында болады деп ойлау қате екенін ескерген жөн. Радикализация - түрлі факторлардан туындайтын күрделі де көп сатылы процесс. Ол факторлар: әлеуметтік және саяси орта, экономикалық ахуал, идеологиялық ықпал мен жеке жағдайлар. Жастар арасында радикалды бағыттағы діншілдер көбеюінің алдын алу үшін тиімді шаралар мен стратегия жүзеге асыру маңызды. Бұл білім беруді, толеранттылық пен түрлі дін ұстанушыларға құрметті насихаттауды, пікір алмасу мен диалог платформаларын құруды, сонымен бірге жастардың өзіндік дамуы мен қоғамға бейімделуіне оң ықпал ететін бағдарламалар мен жобаларды қолдауды білдіреді.

Сонымен бірге радикализм мен экстремизмнің тек діни құбылыс емес екендігіне назар аудару қажет. Радикализация үрдісінде саяси және экономикалық факторлар да шешуші рөл атқаруы мүмкін екендігін ескерген дұрыс. Сондықтан да мәселеге кешенді түрде карап, жастар арасында радикализм пайда болуына ықпалын тигізетін барлық аспектілерді қарастыру қажет.

Сол сияқты әрбір оныншы респондент (11,4%) пікір көшбасшылары мен авторитеттердің жоқтығын және өз ойын білдіру мен митингілерге қатысу еркіндігін (10,2%) белгіледі. Өз кезегінде бұл жастардың өз үндері естілетін ашық, плюралистік қоғамға ұмтылысын көрсетеді.

Жастар қоғамдық көңіл-күйдің қалыптасуында белсенді рөлге ие, әлеуметтік құндылықтар мен нормалардың қозғаушы күші болып табылады. Олар өз ойын білдірудегі үлкен еркіндікке, қоғамдық өмірге қатысуға, шешімдер қабылдауға ықпал етуге ұмтылады. Митингілер мен наразылық білдіруге оң көзқарас белгілі бір идеялар мен құндылықтарды қолдауға немесе қарсылық білдіруге ынталылығын білдіреді.

Авторитеттер мен қоғамдық пікір көшбасшыларының жоқтығы билік пен қоғамдағы беделді тұлғаларды қабылдауда болған өзгерістермен байланысты болар. Жастар әркімнің пікірі ескеріліп, шешімдер ұжымды қабылданатн биліктің көлбеу құрылымдарына бейім.

Жиынтығында бұл трендтер жастардың қоғамдық және саяси өмірге белсене қатысуға, сол сияқты инклюзивті демократиялық қоғамға ұмтылысын білдіреді. Бұл өзгерістерді ескеру мен қолдау жастарға өзіндік ойын білдіруге, шешімдер қабылдауға қатысуы мен қоғамдық даму процестеріне ықпал етуге мүмкіндіктер беру маңызды.

Респонденттер пікірінше, милитаризация, диджитализация (цифрландыру) мен ресурстарды үнемді пайдалану қазақстандық жастарға мейлінше тән емес трендтер. Мемлекеттік басқаруда, өндірісте, басқа да салаларда жүріп жатқан жаппай цифрландыруды ескерсек, цифрлық қауіпсіздіктің негізгі ережелерін сақтай отырып, жастарды цифрландыру үрдісіне белсене тарту қажет. Менталдық денсаулыққа қамқорлық пен ресурстарды үнемді пайдаланудың сұранысы төмен трендтер қатарында болуы жанама түрде әлі де жастардың өмір сапасының төмендігінен хабар береді. Өйткені, бірінші кезекте базалық қажеттіліктерді қанағаттандыру тұрады.

Елді мекен типіне қарай жіктеу бойынша қала және ауыл жастарының негізгі трендтері сәйкесетіні қызық жайт. Бұл, жалпылай алғанда, өмірдің түрлі аспектілеріне қатысты олардың көзқарастары мен басымдықтары жақын екенін білдіреді. Дегенмен, қаржылық тәуелсіздік пен жұмыстың икемді формасына қатысты қала мен ауыл жастары берген бағада айырмашылық бар (№30 кесте). Алынған деректерге сәйкес, қаржылық тәуелсіздік ауыл жастарына қарағанда қала жастары үшін маңыздылығы басым фактор болып табылады. Бағалардағы айырмашылық - 8,5%. Осылайша қала жастары өздерінің қаржылық тәуелсіздігіне үлкен мән береді, ол қаладағы өмірдің жоғары құны мен қаржыны пайдалану мен көңіл көтерудің үлкен мүмкіндіктері болуы себептеріне байланысты болар.

№30 кесте. «Қазіргі кезде қазақстандық жастарға тән барынша кең таралған трендтерді белгілеп беріңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бес жауаптан көп емес), елді мекен типі тұрғысынан, пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Қаржылық тәуелсіздік	51,4	42,9
Бөлінген және қашықтан жұмыспен қамтылу	26,8	24,7
Діншілдіктің өсуі	14,4	14,3
Пікір көшбасшылары мен авторитеттердің жоқтығы	10,6	12,5
Өз ойын білдіру мен митингілерге қатысу еркіндігі	10,2	10,1
Фитнес пен диеталық тамақтану	6,5	5
Экологиялық активизм	5,2	5,3

Субмәдениетпен емес, құндылықтар бойынша бірігу	5,4	4,5
Толеранттылық пен инклюзивтілік	2,5	2,8
Еркін қатынас, сексаулық еркіндік	3,5	3,6
Менталдық денсаулыққа қамқорлық	0,6	1,7
Милитаризация	0,9	0,5
Диджитализация (цифрландыру)	1	0,3
Ресурстарды үнемді пайдалану	0,6	0,3
Жауап беруге қиналамын	1,7	1,7

Қазақстандық жастар белгілеген трендтар, жалпы алғанда факторлардың күрделі комбинациясының, олардың өзара байланысы мен қоғамдық көңіл-күйге ықпалының нәтижесі болып табылады. Жастар қажеттілігін қанағаттандыру мен ел дамуы үшін бұл трендтерді түсіну мен оған сәйкесінше жауап берудің маңызды мәні бар.

Болашақты күту жастар ортасында теріс сценарилердің үстемдігімен сипатталады (№31 кесте). Респонденттердің 42,6% -ының пікірінше, өмір сүру жағдайының нашарлауы жуық бес жылда Қазақстанда негізгі трендке айналмақ. Осындай күтулер жастар өміріне ықпалын тигізетін түрлі факторларға негізделуі мүмкін, олардың ішінде экономикалық ахуал, әлеуметтік тұрақсыздық, саяси өзгерістер және басқа да ішкі, сыртқы факторлар бар.

Респонденттердің тағы 15,9% -ы жуық бес жылда қазақстандық қоғамда исламдандудың одан әрі өсе түсетінін көрсетуі – назар аударатын жай. Исламдануға қоғамдық өмірдің түрлі саласында, оның ішінде әлеуметтік норма мен саяси салада ислам дінінің рөлі мен ықпалының күшеюін жатқызуға болады. Бұл трендке негіз болатын факторлар ретінде демографиялық өзгерістерді, мұсылман тұрғындар санының өсуін, қоғамда ислам дініне қызығушылықтың артуы мен мемлекеттік саясаттың өзгеруін атауға болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша әрбір оныншы респондент наразылық акцияларының (10,8%) өсу мүмкіндігін көрсетіп отыр. Бұл жастардың кейбір бөлігінің әлеуметтік белсенділіктің артуын және жуықтағы бес жылда наразылық акцияларына қатысуды ойлап отырғанын көрсетуі ықтимал.

Сонымен бірге 9,8% респонденттер кез келген ақпарат көздеріне сенімсіздік білдірді. Өз кезегінде бұл деректер қазіргі ақпараттық кеңістіктегі жалған, анықталмаған ақпарат, фейктік жаңалықтар мәселелеріне қатысты жалпы алаңдаушылықты білдіреді деп түйін жасауға болатын шығар. Мүмкін жастар алынатын ақпаратқа сыни көзқарасты күшейтіп, сенімді ақпарат көздерін іздеуді сезініп отырған болар.

Сол сияқты 9,6% респонденттер жасанды интеллект ықпалының арту мүмкіндігі туралы пікір білдірді. Бұл өмірдің түрлі саласындағы, жұмыста, білім беруде, жалпы қоғамда жасанды интеллект орнын түсінуді және оған қызығушылықтың артуын көрсетеді.

Жастар пікірінше әскери қақтығыстар (0,8%) мен табиғи апаттардың (0,5%) кеңею мүмкіндігі мейлінше төмен. Бұл деректер бейбітшілік пен тұрақтылыққа деген ортақ үмітті, сол сияқты әскери қақтығыстардың алдын алу мен табиғи апат салдарын жеңілдету үшін мемлекеттік және халықаралық деңгейде қолға алынған шараларға деген сенімді білдіреді.

№31 кесте. «Сіздің ойыңызша, жуық бес жылда қандай трендтер өзекті болады?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (үш жауаптан көп емес), пайызбен (%)

Жауап нұсқалары	2023 жыл
Өмір сүру жағдайының нашарлауы	42,6
Исламдандудың өсуі	15,9
Наразылық акцияларының өсуі	10,8
Кез келген ақпарат көздеріне сенімсіздік	9,8
Жасанды интеллект ықпалының күшеюі	9,6
Салауатты өмір салты және дұрыс тамақтану	7,5
Экологиялық қозғалыстарға қатысу	7,5
Әлеуметтік өмірдің виртуалдануы	4,7
Дәстүрлі отбасылық құндылықтардың күшеюі	4,5
Психологиялық аурулардың өсуі	4,5
Түрлі белгілер бойынша кемсітушілік (дискриминация)	3,7
Ресурстар жетіспеушілігі (су, азық-түлік, дәрі-дәрмек және т.б.)	2,3
Әскери қақтығыстардың кеңеюі	0,8
Табиғи апаттар	0,5
Жауаптан бас тарту	8,1

* Жалпы жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттерде бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бойынша деректер жіктелімі жастар пікіріне байланысты кейбір үрдістерді көрсетті.

Деректер бойынша 14-18 жас тобы мен жас ер респонденттер радикалдану мен өмір сүру жағдайының нашарлау мүмкіндігі туралы жиі көрсетті, бұл осы топта өз болашағы мен қоғамдық ахуалға қатысты анық байқалатын алаңдаушылық пен қауіптену бар екенінен хабар береді.

Екінші жағынан, 29-34 жас тобындағылар мен жас әйел респонденттер арасында наразылық акцияларының өсуін болашақпен байланыстыру жиі байқалады. Бұл осы топтың әлеуметтік бағыт-бағдары мен белсенді қатысуға өзіндігін, сонымен бірге олардың өзгерістер мен өз азаматтық құқын білдіруге ұмтылыстарын көрсетеді.

Сонымен бірге жүргізілген зерттеуге сәйкес, ауыл жастарына қарағанда қала жастарында негативті, теріс сценарилерге бейімділік басым. Бұл қала мен ауыл арасындағы өмір жағдайлары мен мүмкіндіктердегі, ресурстарға қол жеткізудегі айырмашылықтарға байланысты болуы мүмкін.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға қанағаттану

Сонымен бірге мемлекеттік жастар саясатының тиімділігінің тағы бір негізгі индикаторы - оның іске асырылуына жастардың қанағаттану деңгейі.

Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда жастар саясатының іске асырылуына жастардың қанағаттану деңгейінің өсу әлеуеті бар. Зерттеу деректері бойынша респонденттердің 44,6% - ы жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанатынын немесе негізінен қанағаттанатынын білдірді (№56 диаграмма). Яғни, жастардың едәуір бөлігі мемлекеттік жастар саясаты арқылы жүзеге асырылған оң өзгерістер мен жақсы жаңалықтарды сезінеді және оған өз қолдауларын білдіріп отыр.

Дегенмен, респонденттердің 4,9% -ы мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанбайтындықтарын жеткізді. Жастардың осы бөлігінің алаңдаушылығы мен пікірлеріне көңіл аудару және олардың қажеттіліктері мен сұраныстарына сай іс-шараларды бейімдеу, жақсарту амалдарын іздеу қажет. Респонденттердің айтарлықтай жоғары пайызы (20,8%) мемлекеттік жастар саясаты туралы ештеңе білмейтіндіктерін, сол шамадағы жастар жауап беруге қиналды. Бұл елдегі іске асырылып жатқан мемлекеттік жастар саясаты туралы жастардың хабардар болу деңгейінің төмендігін білдіруі ықтимал.

№56 диаграмма. «Айтыңызшы, Қазақстандағы мемлекеттік жастар аясатының іске асырылу барысы Сізді қанағаттандыра ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап), пайызбен (%)



Ақпараттың болмауы, сонымен бірге мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанбау жастардың белгілі бір бөлігінде қоғамдағы жастардың жағдайын қолдау мен жақсартуға бағытталған саясаттың міндет-мақсаттарын түсінбеушілік бар екендігін көрсетеді деп болжам жасауға болады. Бұл жастар саясаты мен оның нәтижелері туралы ақпаратты таратуда мемлекет пен жастар арасындағы байланыстың тиімсіздігін көрсетеді.

Жағдайды жақсарту және жастардың мемлекеттік жастар саясаты туралы хабардар болуын арттыру үшін коммуникация мен ақпараттық қолжетімділікті жақсарту бағытында тиісті шаралар жүргізу қажет. Ол шараларға ақпараттық науқандар өткізу, жастарды оқыту, жастар саясатының қағидаттары мен оның жастар өміріне ықпалын түсіндіру, сол сияқты жастар өз басымдықтары мен қажеттіліктерін жеткізуі үшін оларды шешім қабылдау үрдісіне белсене қатыстыру кіреді.

Сонымен бірге мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпаратты тиімді жеткізуді қамтамасыз ету және жастарды тарту мен қызықтыру үшін коммуникациялық стратегия мен іс-шараларды дайындау мен жүзеге асыру барысында жастардың мақсатты аудиториясының ерекшелігі мен алуан түрлі екендігін ескеру маңызды.

Қазақстанда жастар саясатының іске асырылуына жастардың қанағаттану деңгейі бойынша аймақтарда едәуір айырмашылықтар бар. Аймақтар бойынша қанағаттану деңгейінің ең жоғары көрсеткіштері Қарағанды (52,7%), Қостанай (60,8%) және Солтүстік Қазақстан (68,8%) облыстарында байқалды. Ал Маңғыстау (35,1%), Абай (36,4%) облыстары респонденттерінде қанағаттану деңгейі бойынша мейлінше төмен көрсеткіштер тіркелді.

Аймақтар арасында жастардың қанағаттану деңгейі бойынша айырмашылықтар әлеуметтік-экономикалық дамудағы, қызмет пен ресурстардың қолжетімділігіндегі айырмашылықтармен, сонымен бірге әр аймақтағы жастар ортасы ерекшеліктерімен байланысты болар.

Маңғыстау, Абай облыстарында жастардың мемлекеттік жастар саясатына қанағаттану деңгейін жақсарту үшін тереңірек талдау жүргізу, төмен қанағаттану себептерін түсіну, сонымен қатар анықталған мәселелерді шешу және аймақтағы саясатты жақсарту үшін тиісті шараларды қабылдау қажет болар.

Талдау үшін мемлекеттік саясат туралы ақпараттану мен қанағаттану деңгейіне қатысты жауаптарды респонденттердің жас ерекшеліктеріне сәйкес дифференциациялау (жіктеу, топтау) маңызды аспект болып есептеледі.

Алынған деректер бойынша мемлекеттік саясат туралы ақпараттанудың мейлінше төмен деңгейі кіші жас тобында (14-18 жас) тіркелді, үлес – 29,3%. Осы жас тобының 24,5% -ы жауап бере алмады, жиынтығында МЖС туралы жеткілікті ақпарат алмағандар 53,8% -ды құрады. Бұл жиынтығында хабардар болудың жеткіліксіз деңгейін немесе осы жас тобында мемлекеттік жастар саясатына қызығушылықтың жоқтығын көрсетеді.

Жас өсуімен ақпараттану мен қанағаттану деңгейі де өсіп отыратынын атап өткен жөн. Деректер бойынша 14-18 жас тобында мемлекеттік жастар саясатына қанағаттану деңгейі 34,4% болса, 29-34 жас тобында бұл көрсеткіш 57,2% -ға өскен. Жас өсуімен бірге жастарда мемлекеттік саясат туралы ақпараттану да артады, саясаттың өз өміріндегі мәні мен маңызын жете түсіне бастайды.

Кіші жас тобындағы жастар болашақта мемлекеттік жастар саясатының негізгі бенефициарына (талдаушы-бағалаушыларына) айналатынын ескере отырып, осы жас тобын ақпараттандыру және саясатты дайындау мен іске асыруға тарту қажеттілігіне көңіл бөлген жөн. Бұл ақпараттық науқандарды өткізу, оқыту бағдарламаларын, кеңес беру және басқа шараларды қамтуы керек. Шаралар жастарға мемлекеттік жастар саясатын түсінуге, маңызы мен артықшылығын бағалауға көмектеседі.

Сол сияқты қала жастарында мемлекеттік жастар саясатына қанағаттану деңгейі салыстырмалы түрде жоғары, жиынтығында - 47,9%, ал ауылжастарында осы көрсеткіш 8,8% -ға төмен, жиынтығында – 39,1%. Ауыл жастарының әр төртіншісі мемлекеттік жастар саясаты туралы ештеңе білмейтіндігі назар аудартады. Бұл осы топ жастары арасында ақпараттық жұмыстың жеткіліксіз болғандығын көрсетіп тұр. Тиісінше, ауыл жастары ішінде жастар бағдарламаларына қатысушылар да аз болады.

Бұл жағдайды жақсарту үшін ақпараттық жұмысты күшейту және ауыл жастары үшін мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету ұсынылады. Бұған ақпараттық науқандар өткізу, арнайы мамандандырылған ақпарат ресурстарын құру, жастар форумы мен кеңес беруді ұйымдастыру, сонымен бірге ауылдық аймақтарда жастар саясаты туралы

ақпаратты таратуға жергілікті билік органдары мен жастар ұйымдарын белсенді тарту, қатыстыру шараларын қосуға болады.

Жастар саясаты туралы ақпараттың қолжетімділігін мен жастар бағдарламаларына қатысуға тең мүмкіндіктер берумен қамтамасыз ету ауыл жастары дамуын қолдау және даму мен өз-өзін дамытуға тең жағдай асау үшін маңызды.

III. САРАПШЫЛЫҚ САУАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Мемлекеттік жастар саясаты шараларының тиімділігін бағалау

Жастармен жүргізілетін жұмыс мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қалады. Солай болса да, мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуында кейбір мәселелер мен кедергілер бар. Сарапшылық пікір бойынша ол мәселелерді есептеу осы бағыттағы жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік берер еді.

Бүгінгі күні мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігіне сарапшылар беріп отырған баға біржақты емес. Жастар саясаты туралы оң пікір білдіре отырып, сарапшылар жеке жобалар бойынша да, жалпы жастар саясатының оның құрамды бөліктері бойынша да іске асырылу сапасына қатысты қанағаттанбаушылық білдірді.

«Заң бар, тұжырымдама мен кешенді жоспар бар. Мемлекеттік жастар саясатын дамыту институттары құрылған. Жастар мен отбасы істері бойынша Комитет, яғни жауапты өкілетті орган, жастардың өзекті мәселелерін зерттеумен айналысатын «Жастар» ғылыми институты бар. Жастар ресурстық орталықтары қызмет атқаруда, кейбір аймақтарда жастар ісі бойынша басқармалар бар. Бірақ, институционалдық, заңнамалық базаның құрылғанына, мол қаржының бөлінуіне, жастар жобаларын қаржыландыру мен қолдаудың болуына қарамастан, мен жастар саясатына «өте жақсы» бағасын қоя алмас едім, «жақсы» деп, 10-нан 6 деп бағалар едім.». (Д.Садвакасова, «Жас ұлан» республикалық балалар-жасөспірімдер ұйымының төрағасы, «Аманат» қоғамдық-саяси партиясы институты директорының орынбасары).

Басты негізде жастар саясаты жобаларын аймақтық деңгейде жүзеге асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі сұрақ тудыруда Сарапшылар пікірі бойынша, мол мүмкіндіктер болуына қарамастан, аймақтық деңгейдегі жастар саясаты өзінің тиімділігі мен нәтижелілігіне қатысты күмән тудырады. Сарапшылар аймақтардағы жастармен жүргізілген жұмыстың тиімділігі аз деген пікір айтты. Көп жағдайда жастар бастамалары мен бағдарламалары тек орталық аймақтарда шоғырланған жастардың аз ғана бөлігіне бағытталады, ал алыс аймақтарда тұрып жатқан жастар ұсынылған бастамаларды толық пайдалану мүмкіндіктерін ала алмай отыр.

Басты мәселенің бірі - жастардың ағымдағы шаралар мен мүмкіндіктер туралы ақпараттану деңгейінің төмендігі. Аймақтық биліктің өтілетін шаралар, қолжетімді бағдарламалық бастамалар немесе ресурстар туралы белсенді ақпараттандыруы жеткіліксіз болуы мүмкін Нәтижесі жастарды осы шараларға тарту, қатыстырудың төмен көрсеткіштеріне әкеледі.

Аймақтарда мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға қаржыландыру мен ресурстар шектеулігі теріс ықпалын тигізуі мүмкін Қаржы жеткіліксіздігі жастар саясатымен айналысатын ұйымдардың тиімді бағдарламалар мен бастамаларды дайындау мен іске асыру мүмкіндіктерін шектейді.

Аймақтық деңгейдегі мемлекеттік жастар саясаты тиімділігін арттыру үшін қолжетімді ресурстар мен мүмкіндіктер туралы жастарды ақпараттандыруға үлкен көңіл бөлінуі қажет. Бұған заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілерді

пайдаланудан тұратын тиімді коммуникациялық стратегия дайындау арқылы қол жеткізуге болады.

Сонымен бірге жастар бастамалары мен бағдарламаларына еліміздің барлық аймақтарының тең қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет. Жобаларды дайындау мен іске асыру барысында түрлі аймақтарда тұрып жатқан жастардың әр түрлі мүдделері мен қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

Ең бастысы, аймақтық деңгейдегі жастар жобаларын қаржылық қолдауды арттыру қажет. Бұл аймақтық жобалар мен бастамаларға жастарды көбірек тартуға қолайлы жағдай жасайды.

«Шынында, елімізде жастарға арналған жақсы жобалар көп, дегенмен жастардың бұл жобалар туралы ақпараттану деңгейі төмен. Олардың көпшілігі «Дипломмен ауылға!», Алғашқы жұмыс орны» т.б. жобалар туралы хабарсыз. Жастардың бұл жобаларды қабылдауы да дұрыс емес деп есептеймін. Ауылдарға барып, тәжірибе жинақтауды олар мәртебесіз іс деп санайды, ал бұл – тиісті көңіл бөлінбей отырған идеологиялық-ағартушылық жұмыс қой. Жастардың өзінің дұрыс қабылдамауы туралы айтпай тұра алмаймын». (О.Бекин, «Думан» Ақмола облыстық педагогикалық жасағы) қоғамдық бірлестігі филиалының жетекшісі)

Жастармен жұмыс барысында әр аймақтағы жастардың құндылық ұстанымдарындағы айырмашылық пен әлеуметтік-мәдени аспектілерді ескеру маңызды. Сарапшылар орталық және перифериялық аймақтардағы жастардың өмірлік стратегиясы мен құндылықтарында айырмашылық болу мүмкіндігін айтуда. Бұл әлеуметтік орта ерекшеліктерімен, тарихи факторлармен, дәстүрмен, басқа да мәдени ықпалдармен байланысты.

Осы тұрғыдан, жастар саясаты шеңберінде жастарда ұқсас өмірлік стратегияларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін құндылық ұстанымдарын тұжырымдау, түсіндіру және тарату керек. Бұл әр аймақ жастары құндылықтары мен қажеттіліктері арасындағы айырмашылық деңгейін төмендетуге және өзара әрекет пен қатынас үшін бірыңғай тұғырнама құруға ықпал етеді.

Сонымен бірге бір бірыңғай мәдени кодтың болуы қазақстандық жастар арасында ортақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға жол ашар еді. Ортақ құндылықтар мен мәдени нормалар төңірегінде топтасу түрлі аймақтардың жастарында бір елге жататындықтарын сезінуге көмектесіп, бірлік пен өзара түсіністікке бастайды.

Сондықтан жастар саясатын дайындау мен жүзеге асыру барысында аймақтардың құндылық ұстанымдарындағы айырмашылық пен әлеуметтік-мәдени контекстерін ескеру маңызды. Бұны нақты аймақтық ерекшелікке қолдау шараларын бейімдеу, сұраныс пен қажеттіліктерін жақсы түсіну мақсатында зерттеулер жүргізу, жастармен диалог пен кеңес беру жұмыстарын жүргізу арқылы орындауға болады. Осындай көзқарас Қазақстанда барынша тиімді де қажетті жастар саясатын құруға мүмкіндік береді.

«Өкінішке орай, аймақтарға барғанда біз жастардың мәдени демалысқа қызығушылығының айтарлықтай төмендігін байқаймыз... Бұл сонымен бірге аймақ жастарының барлығының бірдей өз-өзін дамытуға көңіл бөлмейтіндігімен бірдей. Яғни, біз орталықтан көшірмеу үшін аймақтарда, тіпті шағын ауылдарда да жастарда месседждерді қабылдаудың бір деңгейі болғаны маңызды. Өйткені жергілікті жерлерде олар түрліше қабылданады. Осындай айырмашылықтар болмауы үшін 100 адам немесе 1000 адам тұратынына қарамастан орталықта сапалы жүргізілген жұмыс жергілікті жерде де дәл сондай сапалық деңгейде жүргізілуі қажет.. Сондықтан да жастарды қолдау бойынша заң немесе бағдарламаларды қанша қарастырсақ та, бұл құжаттарда мәдениет ешқашан толық берілген емес. Бұл нені білдіреді? Біріншіден, мәдениет бұл – ұлттық бірегейлік, бірыңғай ұлттық код. Дәл осы фактор әлеуметтік мәртебесі, қаржылық жағдайы мен білім деңгейі әр түрлі жастар үшін оларды бір-бірімен байланыстыратын негізгі, іргелі фактор бола алар еді. Менің ойымша, жаңа ұлттық бірегейлік пен бірыңғай ұлттық код бағытында белсенді жұмыс жүргізу қажет». **(К.Бекмұрзаева, «ЮСАР» Қоғамдық қорының директоры)**

Сарапшылар пікірі бойынша, жастар саясаты, бірінші кезекте, «төменнен жоғарыға» қағидатымен шағын елді мекендер мен қалалардан бастап жүзеге асырылуы керек. Бұл жергілікті қауымдастық пен жастар өкілдерін жастар бағдарламасы мен бастамаларын іске асыру мен шешім қабылдау процесіне белсене қатыстыруды көздейді.

Шағын елді мекендер мен қалалардың өзіндік ерекше мәселелері бар және осы ерекше мәселелермен жергілікті жастар тікелей кездесіп отырады. Осындай жерлерде көбіне өзіндік даму мен білім алуға, жұмысқа орналасуға, мәдени дамуға мүмкіндік бола бемейді. Сондықтан да жастар саясатының басым бағыты осы аймақ жастарына өзіндік даму мен әлеуеттерін ашу, қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдай жасау болуы керек.

«Төменнен жоғарыға» қағидаты бойынша жергілікті сұраныстар мен қажеттіліктерді есепке алу, сол сияқты жастар пікіріне көңіл бөлу және оларды шешім қабылдауға белсене қатыстыру көзделеді. Бұл жобаны жастар кеңесін құру, форумдар мен кеңес беру жұмыстарын және жастар өкілдерімен диалог формасының басқа да формалары арқылы іске асыруға болады. Бұл жол жастар сұраныстарын жергілікті деңгейде барынша дәл анықтауға және тиімділігі жоғары шешімдер әзірлеуге көмектеседі.

Сонымен бірге шағын елді мекендер мен қалаларда жастар саясатының күшеюі жастардың ірі қалаларға жаппай кету үрдісін тоқтатып, аймақ дамуына да ықпал етер еді. Жұмыс орындарының құрылуы, білім беру мен мәдени бағдарламалар, белсенді демалыс пен көңіл көтеру үшін инфроқұрымның болуы осы мекендердің жастар үшін тартымды болуына жол ашып, жастарға өз әлеуеттерін жүзеге асыру үшін ең жақсы мүмкіндіктер берер еді.

«Жаңағы жастар саясатын іске асыру тиімділігін қалай бағалау үшін, ең бірінші, астынан үстіне көтерілсек, бізде керісінше үстінден астыға түсіп команда дұрыс жетпейді, сондықтан ең алдымен өзімізден бастау қажет. Мысалға, ауылдан бастау алу қажет, сол мектеп, сол әкімшілік жұмыстарын жақсарту қажет. Яғни, төменнен жоғары қарай жұмыс жасау қажет» **(А.Кульбаев, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының проректоры)**

Мемлекеттік жастар саясатын дайындау мен іске асыру барысында аймақтық ерекшеліктермен бірге «жастар» санатына жататын азаматтардың өзге де параметрлерін ескеру қажет. Білім деңгейіне, әлеуметтік-кәсіби мәртебесіне, жасына және басқа да сипаттамаларына қарай жас адамдардың өмірлік ұстаным-басымдықтары мен мемлекеттік жастар саясатынан күтістерінде айырмашылықтар болу мүмкіндігін сарапшылар атап кеткен болатын.

Жастар – тұрғындардың ерекше санаты, олар жыныс, ұлт, діни және басқа да сипаттарына қарай сан түрлі топтардан тұрады және қоғамда халық санының көпшілігін құрайды. Бұл топтардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен қажеттіліктері болады және жастар бағдарламасы мен іс-шараларын жоспарлағандаол қажеттіліктер ескерілуі керек. Мысалы, мүгедектігі бар жастар білім алу мен жұмысқа орналасуда қосымша кедергілерге тап болуы мүмкін, оларға арнайы қолдау шаралары қажет болады.

Тұрғындардың жалпы санында көптеген елдерде жастар үлесі басым болып келеді, бұл мемлекеттік жастар саясаты шаралары адамдардың едәуір бөлігін қамтиды деген сөз.. Бұл жастардың түрлі топтарының дамуы мен қоғамдық өмірге қатысуы үшін әділ де инклюзивті жағдайлар жасау мақсатында ол топтарды есепке алу мен қажеттіліктерін қанағаттандыру маңызды екенін білдіреді.

«Жастар – қоғамның айтарлықтай кең де мол бөлігі, олардың әрқайсысының өз басымдығы, қажеттіліктері бар. Шартты түрде, 21 жастағы 4 курс студенті армияда қызмет ету тәжірибесі бар 21 жастағы студенттен ерекшеленетіні анық. Олардың әрқайсысында түрлі дүниетаным, мінез-құлық пен түрлі басымдықтар болады. Сол сияқты, 14 жасар мектеп оқушысы осы тоқсанда бес алғысы келсе, ал 25 жастағы жас адам ипотека рәсімдеп, өзіне пәтер сатып алғысы келеді. Дегенмен, сонымен бірге, мемлекет қолға алып отырған шаралар жеткілікті емес деп айту да қиын». (Р.Рашид, «Жаңа адамдар» жастар қозғалысының мүшесі студент).

Сарапшылар пікірі бойынша, елімізде жастар саясаты ұзақ уақыт жүргізіліп келеді, осы фактор саясаттың іске асырылуын нақты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл бағалаудың маңызды аспектісі - «есейген» жастар санатын қосып, ретроспективті талдауды қолдану. Бұл жастар бағдарламасы мен іс-шараларының жас адамдардың одан әрі дамуы мен жайлылығына тигізетін ықпалын бағалауға жол ашады.

Сарапшылар сонымен бірген жастар саясатының іске асырылуын бағалау үшін әлеуметтік-экономикалық индикаторлар дайындап, енгізуді бөліп көрсетеді. Осындай көрсеткіштер жастар саласындағы саясаттың жетістіктері мен нәтижелерін дәл өлшеуге көмектеседі. Ол көрсеткіштерге жастардың жұмысқа орналасу деңгейін, өмір деңгейі мен сапасын, білім алу мен кәсіби дайындықтың қолжетімділігі, жастардың қоғамдық-саяси өмірге қатысу деңгейін және тағы да басқа параметрлерді жатқызуға болады.

Жастар саясатының іске асырылуын әлеуметтік-экономикалық индикаторлар арқылы бағалау жастар бағдарламалары алдына қойылған міндеттер мен мақсаттар қаншалықты табысты орындалып отырғанын көруге мүмкіндік береді. Ол салалар бойынша туындаған мәселелерді анықтауға, оларды шешу стратегиясын нақтылауға көмектеседі. Сонымен бірге осындай жол жалпы елдің қоғамдық және экономикалық дамуына жастар саясатының ықпал-әсеріне баға беруді мүмкін етеді.

Тұтастай алғанда, жастар саясатының іске асырылуын әлеуметтік-экономикалық индикаторлар арқылы бағалауды әзірлеу мен енгізу оның тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру үшін жасалған маңызды қадам болады және жастар бағдарламасы мен бастамаларының жетістіктерін, жастарға, жалпы қоғамға әсер-ықпалын барынша объективті бағалауға мүмкіндік береді.

«Меніңше, мынандай көрсеткіштермен бағалауға болады, жастар қалай белсенділік көрсетіп жатыр, қаншалықты еліміздің әлеуметтік өміріне қандай үлес қосып жатыр, және де бөлек бір жастар ісінің индексті көруге болады, оған қоса мысалға волонтерлік индексті көре аламыз, сондай көрсеткіштермен бағалауға болады». (Ю.А. Лагуткина, ҚР Ассамблеясы аясында Астана қаласындағы этно-мәдени украиндар бірлестігінің жастар қанатының төрайымы)

Ақпарат алмасу мен жаңалықтар алу, уақыт өткізу мен өзара байланыс үшін жастар әлеуметтік желілерді белсене пайдаланады. Әлеуметтік желілер идея алмасу мен өзара әрекетке ыңғайлы платформа. Сондықтан да мемлекеттік органдар, жастар ассоциациясы, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да мүдделі жақтар жастарға арналған қолжетімді бағдарлама, жоба, гранттар, стипендиялар, тренингтер мен басқа мүмкіндіктер туралы ақпарат тарату үшін осы платформаларды пайдалана алады.

Ақпараттық арна ретінде әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану үшін жастармен өзара нәтижелі әрекет қағидаттары мен мақсатты аудитория ерекшеліктерін ескеретін стратегия дайындау қажет. Тартымды да ақпаратты контент құру маңызды, ол жастардың сұраныс-мүдделеріне сәйкесетіне болады.

Сонымен бірге әлеуметтік желілерде жастармен белсенді жұмыс істеу керек, олардың сұрақтарына жауап беріп, қосымша ақпарат пен қолдау беру қажет. Ол сенімді қатынас орнатуға, жастармен тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Ақпарат тартымды болуы және жастардың назарын аударуы үшін контенттің текст, видео, фотосурет, интерактивті сауал және басқа да форматтарын пайдалануға болады.

Сол сияқты ақпаратты үнемі жаңартып отыру, жастармен тұрақты түрде қатынаста болу да маңызды аспект. Әлеуметтік желілер арқылы жаңа бағдарламалар, іс-шаралар, басқа да мүмкіндіктер туралы жедел хабарламалар беріп отыруға болады..

«Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру барысында жастармен жұмыстың заманауи жаңа тетіктерін пайдалану қажет деп ойлаймын: жастар алаңындағы іс-шараларды жастар тілімен жеткізу (Youtube-канал, TikTok және т.б.), жобаларды іске асыруға жастармен жұмыс бойынша сарапшыларды тарту. Жастар өз ой-пікір, ұсыныстарымен бөлісетін, өз ойларын ашық та, еркін жеткізе алатын онлайн, офлайн форматтағы түрлі ашық диалогтік алаңдарды жүйелі түрде құру қажет». (А.Кажденбек, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасры міндетін уақытша атқарушы)

Көш-қон (миграциялық) көңіл-күйі болуына байланысты сарапшылар жастар арасындағы көш-қондық көңіл-күйді бағалау мен жеке мониторинг енгізуді ұсынады. Сарапшылар пікірінше, елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жалпы жағдайы

мен жастар саясаты тиімділігін бағалау мақсатында жастардың көш-қондық әлеуетіне бағалау жүргізу маңызды.

Жастардың көш-қондық көңіл-күйі олардың елдегі ағымдағы ахуал мен өз әлеуетін іске асыруына қанағаттануының жанама белгісі бола алады. Егер жастар білім алу мен еңбекке орналасуда перспектива аздығын, жеке және кәсіби даму үшін мүмкіндіктер шектеулігін сезінсе, бұл факторлар оларды көш-қондық ұмтылысқа ынталандыруы мүмкін.

Сондықтан да сарапшылар өмір сапасын арттыру мен сапалы білімнің қолжетімді болуының және жастарды жұмысқа орналастыруға мүмкіндіктер жасаудың қажеттілігіне ерекше көңіл аударады. Оған жастарға қолайлы орта құруға бағытталған саясат, бағдарламалар мен жобалар әзірлеу мен іске асыру, жастардың әлеуеті мен дағдыларын дамыту, сонымен бірге кәсіби өсу мен өз-өзін дамытуға, көрсетуге мүмкіндіктер беру кіреді.

Жастар арасындағы көш-қондық көңіл-күйді бағалауға білім, жұмыссыздық деңгейі, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, әлеуметтік қызмет көрсету мен қолдау қолжетімді болуы, сонымен бірге халықаралық әзірлік пен жастардың өзге елдерге кетуге дайын болуы сияқты факторларды кіргізуге болады. Осындай бағалау мен мониторинг проблемалық салалары анықтауға және ахуалды жақсартуға бағытталған шараларды жоспарлауға көмектеседі.

«Қазақстан Республикасындағы жастар саясатының тиімділігін жастарға қарапайым түрде бір сұрақ қою арқылы анықтауға болады деп ойлаймын: «Сіз Қазақстанда қалғыңыз келе ме? Өз болашағыңызды осы елмен байланысты қарастырасыз ба, әлде елден кеткііз келе ме?». Егер жастардың көпшілігі « жоқ, біз елде қалғымыз келеді және өз тағдырымызды өз Отанымызбен байланысты қарастырамыз» деп жауап берсе, жастар саясаты дұрыс іске асырылуда». (К.Бекмұрзаева, «ЮСАР» қоғамдық қоры директоры)

Сол сияқты сарапшылар пікірі бойынша, Жастар саясаты концепциясы жас азаматтар қатыса алатын салаларды толық ескеріп отырған жоқ. Мысалы, ауыл шаруашылығы мен спорт салаларында жастар әлеуетін іске асыру, пайдалану төмен деңгейде қалып отыр. Сарапшылар пікірінше, кедергілердің бірі - жергілікті жерлерде бюджеттің жастар бағдарламалары мен жобалары пайдасына бөлінбеуі. Сонымен бірге саясатты іске асыру барысында орталық орган мен жергілікті атқарушы орган деңгейінде түрліше түсіну, түсіндіру мәселесі туындап жатады.

«Менің ойымша, әлі де жеткіліксіз. Себебі тек бір бағытта ғана жұмыс жасалып жатыр, басқа салалар қалып қойып жатыр. Мысалға, жастарға ауыл шаруашылығында спортқа байланысты ешнәрсе жоқ. Ол қазір бар нәрсе, ол болу керек нәрсе, ал ары қарай дамытатын ешнәрсе жоқ. Қаншама жастар қазір ауылда қалып қойып жатыр, көптеген жастар көзге ілінбейді» (А.Кульбаев, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының проректоры)

Міндет көптігін ескерген сарапшылар басқарушы жетекші орган ретінде ҚР Қоғамдық даму және ақпарат министрлігінің Отбасы және жастар ісі жөніндегі Комитеті болуы жеткіліксіз деа санайды. Осыған орай, сарапшылар пікірі бойынша, жастар саясаты мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналуы керек және жастар саясатын іске асыруға биліктің басқа органдары да белсене қатысуы

тиіс. Сонымен бірге сарапшылар азаматтық қоғам, соның ішінде ҰЕҰ әлеуетін пайдалануды ұсынады. ҰЕҰ билік пен жастар арасындағы «буферлік аудан» ретінде өз пайдасын тигізеді.

«Білім саласына үкіметтік емес ұйымдарды (ҰЕҰ) тарту дұрыс шешім болады. Үкіметтік емес ұйымдар – қоғам үшін жеткізушілер және тұрғындарда белсенді азаматтық позиция қалыптастырушылар. Егер ҰЕҰ өкілдеріне көбірек мүмкіндік берілсе, нәтиже тез және нақты болады. Сол ҰЕҰ-дар идеологиялық-ағартушылық жұмысты да жүргізе алады. Ал жастар ісі жөніндегі комитеттер есебі айқын көрсеткіштерге ие болады. Жастар ісі жөніндегі комитеттердің жастар авангардына айналғаны қажет» (О.Бекин, «Думан» Ақмола облыстық педагогикалық жасағы» қоғамдық бірлестігі филиалының жетекшісі)

2. Қазіргі жастардың құндылық бағыттары мен басымдықтары

Сарапшылар пікірінше, материалдық жайлылыққа ұмтылыс жастар өмірінің басшы қағидаты болып отыр. Тым жоғары күтіс, тез бай болуға ұмтылу негізгі ынталандырушы факторға айналды. Осындай өмірлік қағидаттың теріс нәтижелерінің бірі – қазақстандық жастар арасында керенаулық, біреуге арқа сүйеушілік көіл-күйдің таралуы.

Қазір қай өңірдің жастары бұл тұрғыда бірдей деп ойлаймын. Бәрінің мақсаты – жеңіл жолмен байып кету. Себебі, бұл жағынан пропаганда бізде өте көп. Қазіргі нарықтық экономика заманында ол да дұрыс шығар, бірақ ол адамды шын бақытқа жетелемейді ғой. Осы тұрғыда біздің ұлттық құндылықтарымыз аяқ асты болып қалып жататын кездер кездеседі. Тек материалистік тұрғыда ойлайтын жастар көп. (А.Сүгірбай, Маңғыстау облысы маслихатының депутаты, жеке кәсіпкер)

Сарапшылар еңбексүйгіштік пен таза бәсекелестік идея сияқты құндылықтарды дамыту қажеттігі туралы пікір айтты. Сонымен бірге, сарапшылар рухани құндылықтар мен мәдениетті дамытудың маңыздылығын атады. Оған өзара сыйластықтың әмбебап қағидаттары, білім мен өз-өзін дамыту жатады. Одан басқа жастармен жүргізілетін идеологиялық жұмыс қажеттілігі көрсетілді. Оның мақсаты - позитивті құндылық бағыттарды жастар санасына әкелу, сіңіру. Бұл жұмыстың тиімді тәсілдерінің бірі жастармен жұмысқа сарапшыларды, мәдениет ІТ және басқа салалар дағы қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту болып табылады.

«Қазіргі жастар оңай ақшаға қызығады, оны қоғамның өзі солай жасап беріп жатқан шығар. Біздің қазіргі жастарға идеал, кешегі атақты жазушыларымыз, ІТ саласында жүрген мықты мамандар, болмаса басқа салада жүрген мамандар идеал емес, өйткені оларды ешкім танымайды. Жастар үшін қазір идеал блогер болу, әнші болу, оңай ақшаны көздейді, ал оңай ақша еш уақытта ұзаққа бармайды. Сол үшін жастар осы әншілерге, блогерге, кім ақшаны оңай табады, соларға ұмтылады» (А.Кульбаев, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының проректоры)

Сарапшылар қазақтілді жастар арасында мәдениет пен білімге қатысты сапалы да қолжетімді өнімдерге қажеттілік жоғары екенін атады. Дегенмен, көркем және кәсіби әдебиет, оқу құралдары, театр қойылымдары, фильмдер және т.б. қазақ тіліндегі материалдар жетіспеушілігі байқалады. Бұл қазақ тіліндегі мәдени және білім беру бастамаларына ерекше көңіл аудару қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен бірге сарапшылар мәдениет пен білім саласында енгізіліп жатқан жаңалықтардың формальды сипатта екенін көрсетуде. Бұл енгізілген жаңалықтар жастар сұраныстарына әр уақытта сәйкес келе бермейтінін білдіреді. Жастар саясатын тиімді іске асыру үшін ағымдағы бағдарламалар мен бастамаларға мұқият талдау жасалуы қажет, сол сияқты оларды дайындау, пысықтау барысында жастар пікірі мен ұсыныстарын ескеру керек.

Ең басты міндеттердің бірі - мәдениет пен білім саласында қазақ тіліндегі сапалы өнімдер мен басылымдар дайындау, оларға қолдау көрсету. Ол қазақ тілінде қойылымдар мен фильмдер, музыкалық шығармалар жасауды сонымен бірге қазақ тілінде әдебиет пен оқу құралдары н дайындауды қолдау бола алады. Жастар қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыру үшін ол материалдарды таралымы мен қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Сонымен бірге сарапшылар пікірінше, мәдениет пен білім саласында жаңа бағдарламалар мен бастамаларды дайындау, іске асыру барысында жастар пікірі мен ұсыныстарын ескеру маңызды. Жастармен жүргізілетін тұрақты диалог пен кеңестер бастамаларды олардың қажеттіліктері мен күтістеріне қарай бейімдеуге және барынша тиімді іске асыруға ықпал етеді.

Осылайша қазақ тіліндегі өнімдер мен басылымдардың сапалылығы мен қолжетімді болуына ерекше көңіл бөлу қажет.

«Жастар бойына дұрыс құндылықтарды сіңіру үшін, бірінші кезекте, білім сапасын жақсарту қажет. Жаңалықтар бойынша нақтылық керек. Әдебиеттер сапасын, оның ішінде мектептерде, колледждердегі оқулықтар сапасын жақсарту керек. Қазақ тіліндегі оқулықтардағы, әсіресе техникалық мамандықтар бойынша әдебиеттердегі олқылықтар мен кемшіліктер алынуы тиіс. Екіншіден, бұл орта. Жастар ресурстар орталықтары жұмысын жақсарту қажет. Атын атаудың қажеті болмас, бірақ әлі күнге дейін жастар мәселесімен айналыспай отырған аймақ бар». (Т.Кузьмин, «Таза алем» қоғамдық ұйым төрағасының орынбасары)

Сарапшылар пікірінше, жастардың, әсіресе, қала мен ауыл жастарының құндылық бағыт-бағдарларында айырмашылықтар бар. Бұл айырмашылықтар қызметтер мен ресурстарға қол жеткізудің бастапқы мүмкіндіктерінің әр қилы болуына, өмір дағдысы мен әлеуметтік-мәдени ортаның әр түрлі болуына байланысты.

Қала жастарында білім алу, мәдени шаралар, ақпарат пен технологияға, басқа да даму шараларына қатысты әдетте зор мүмкіндіктер бар. Олар өмірлік стратегиялар таңдауда, өз амбициялары мен мүдделерін іске асыруда жақсы мүмкіндіктерге ие. Қала жастары көбіне мансапқа, материалдық игілікке, кәсіби даму мен өз-өзін іске асыруға, көрсетуге бағытталған. Ал ауыл жастары білім алу, жұмысқа орналасу, мәдени, көңіл көтеру шараларына қатысты шектеулермен кездесіп жатады. Бұл өз кезегінде, даму мен өз қабілеттерін ашуда кейбір шектеулерге әкелуі мүмкін.

Тиімді жастар саясаты үшін бұл айырмашылықтарды ескерген дұрыс және жастардың тұру мекені типіне қарамастан оларға түрлі ресурстар мен мүмкіндіктерді ұсыну қажет. Қала мен ауыл жастары арасындағы осындай айырмашылық деңгейін төмендетуге ұмтылу қажет. Ауыл жастарына білім алуда, мәдени, әлеуметтік шаралар бойынша тең мүмкіндіктер беру, сонымен бірге ауылдық жерлерде даму мен экономикалық белсенділік үшін алғышарттар жасау керек.

«Қазір жастар екі типке бөлінеді: қала жастары және ауылда тұратын жастар. Қала жастары білім алуға, соның ішінде шет елдерде де білім алуға ұмтылады. Ауыл жастары Ауыл жастары қалаға келуге, жұмысқа тұрып, қаржы табуға ұмтылады. Ал қала жастарының басымдықтары басқа» (Т.Кузьмин, «Таза алем» қоғамдық ұйым төрағасының орынбасары)

Қазіргі жастарға сонымен бірге азат ой-пікір құндылығы да тән. Оған креативтілік, қаржылық еркіндікке ұмтылу және өз-өзін басқару мен таңдау еркіндігін жатқызуға болады. Қаржылық еркіндік көбіне кәсіпкерлікті жүргізумен байланыстырылады.

Сарапшылар қоғамдық институттар жас адам үшін таза құндылықтарды таныстыру мақсатында барлық қажетті жағдайды жасау керек деп есептейді. Бұл арада жүйелілік пен кешенділіктің маңызы зор, балабақшадан бастап ересек жасқа дейін. Сарапшылар, әсіресе, мектеп жасындағы, оның ішінде төменгі сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен жұмысты ерекше атап отыр.

«Дұрыс құндылық бағыттарын дамыту үшін бірінші кезекте балалармен, жасөспірімдермен жұмыс істеу керек. Екіншіден, ата-аналармен жұмыс істеу керек. Әрине, бұл қиындау, өйткені ата-аналар ұйымдаспаған болып келеді, түрлі еңбек ұжымдарында жұмыс істейді. Ата-аналар қауымдастықтары бар, бірақ олар барлық ата-аналарды жаппай қамти алмайды. Солай болса да, құндылық ұстанымдар отбасында қалыптасады, осы арада отбасылық тәрбиенің өзектілігі бірінші орынға шығады. Бірақ, қазақстандық отбасыларға қалай ықпал ету, жету тетіктері әлі дайындалған жоқ». (Д.Садвакасова, «Жас ұлан» республикалық балалар-жасөспірімдер ұйымының төрағасы, «Аманат» қоғамдық-саяси партиясы институты директорының орынбасары).

Сарапшылар пікірінше, жастар дамуы мен олардың дағды, біліктіліктерінің қалыптасуында білім беру мекемелерінің орны ерекше. Қазіргі жастар саясаты мен жастарды қолдау аясында сыни ойлау, дербес шешім қабылдау және софт-скиллс сияқты дағдыларды дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Сыни ойлау жастарға ақпаратты талдауға, өзіндік ой-пікір тудыруға, сұрақтар қоюға және шешім қабылдауда логиканы іске қосуға мүмкіндік береді. Бұл дағды жастарға сыни хабардар болуға, өз пікірін қорғауға, саяси-қоғамдық өмірге қатысуға көмектеседі.

Коммуникация дағдылары, басшылық жасау, ынтымақтасу, шығармашылық уақытты басқару дағдыларынан тұратын софт-скиллс те жастар үшін маңызды. Бұл дағдылар жастарға өзгерулі жағдайларға бейімделуге, командада тиімді жұмыс

істеуге, мәселелерді шешуге, бастама көтеруге және өз әлеуетін іске асыруға көмектеседі.

Сарапшылар пікірі бойынша, білім беру мекемелері жастар арасында сыни ойлау, софт-скиллс дағдыларын дамытуға ықпал ететін білім бағдарламалары мен тәжірибені енгізуге және белсенді дамытуға ұмтылуы керек. Бұған осы дағдыларды дамыту үшін практикалық жағдайлар жасау мақсатында бизнес секторымен, түрлі жастар ұйымдарымен ынтымақтаса жұмыс істеу, жобалық тапсырмалар, оқытудың интерактивті әдістері, пікір-талас форматтары кіреді.

Сонымен бірге жастарда сыни ойлау, софт-скиллс дағдыларын барынша практикалық, интерактивті тұрғыда қалыптастыруға көмектесетін семинар, курс, тренинг сияқты формальды оқу алаңдарын да пайдаланған дұрыс.

3. Азаматтық және саяси белсенділік

Жастардың азаматтық, саяси белсенділігі түрлі себептермен шешуші маңызға ие. Жастар көпшілігінде әлеуметтік реформалар мен өзгерістердің негізгі қатысушылары болып табылады. Сонымен бірге білім, денсаулық, жұмысқа орналасу және басқа салалардағы мәселелер жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсер етеді. Дегенмен, сарапшылар атап өткендей, қазақстандық жастар арасында азаматтық белсенділіктің төмен деңгейі әлі сақталып отыр. Байқалған үрдістерге қарамастан, қазіргі кезде жастар арасындағы азаматтық белсенділер саны әлі көп емес. Сол сияқты жастарға негізінен ситуативті белсенділік тән, ол сәттік және ұзақ мерзімді нәтиже тұрғысынан саяси жүйеге ықпал ету негізінсіз.

